ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

**ӘОЖ:958.4** **Қолжазба құқығында**

**Идрисова Гүлжан Бердимбаевна**

# ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ТАРИХЫ

**6D016 - «Тарих педагогтарын даярлау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация**

**Ғылыми кеңесшілері:**
**Тұрсұн Х.М., т.ғ.д., профессор,**
**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,**
**Атемова К.Т., п.ғ.д., профессор,**
**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.**
**Шет елдік кеңесші:**
**Раджабов К.К., т.ғ.д., профессор.**
**Өзбекстан Республикасы ҒА Тарих институты**

**Қазақстан Республикасы**
**Түркістан, 2023**

МАЗМҰНЫ


БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

АНЫҚТАМАЛАР

КІРІСПЕ 1

I ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ТАРИХНАМАСЫ, ДЕРЕККӨЗДЕРІ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯСЫ
1.1 Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялаудың тарихнамасы 15
1.2 Дәстүрлі қоғам тарихының дереккөздері 26
1.3 Дәстүрлі қоғамды модернизациялау тарихын зерттеудің методологиялық және методикалық ұстанымдары 34

II ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОДЕФОРМАЦИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР
2.1 Отарлық биліктің дәстүрлі қоғамды әлеуметтік–экономикалық модернизациялауының саяси, құқықтық негіздері 47
2.2 Дәстүрлі саяси, әлеуметтік және мәдени институттар қызметінің модернизациялануы 58
2.3 Кеңестік биліктің модернизациялау үдерісіндегі трансформациялық және этнодеформациялық факторлар 68

III ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ТАРИХЫН МОДЕРНИЗАЦИЯ ТҰЖЫРЫМЫМЕН ОҚЫТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ
3.1 Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихын оқытудың қажеттілігі және қазіргі жағдайы 85
3.2 «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» таңдау пәнінің мазмұны 91
3.3 Қазақстан тарихы курстарын дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялауды оқытудың әдіс-тәсілдерін эксперименттік-тәжірибелік жолмен тексеру 103

ҚОРЫТЫНДЫ 117

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 119

ҚОСЫМШАЛАР 129

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | | |
|---|---|---|
| б.з.б. | - | біздің заманымыздан бұрынғы |
| БББ | - | Білім беру бағдарламасы |
| БОАК | - | Бүкілодақтық Атқару Комитеті |
| БК(б)П ОК | - | Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті |
| ғғ. | - | ғасырлар |
| Г.И. | - | Гүлжан Идрисова |
| ДАТ | - | далалық ауызша тарихнама |
| ж.ж.с.д | | жаңа жыл санауға дейін |
| ЖОО | - | Жоғары оқу орны |
| ҚазКСР | - | Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы |
| ҚРБҒМ | - | Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім министрлігі |
| ҚХКК | | Қазақ КССР Халық Комиссарлар Кеңесі |
| ҚХКК | - | Қарақалпақ Кеңестік Автономиялық облысы |
| КСРО | - | Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы |
| КСРО ХКК | - | Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық Комиссарлар Кеңесі |
| НКВД | - | Народный комисариат внутренных дел (Ішкі Істер Халық Комиссариаты) |
| ОАТ | - | оқытудың ақпараттық технологиялары |
| ОГПУ | - | Объединенное государственное политическое управление при Совете Народных Комисаров СССР (КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің жанындағы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма) |
| ОН | - | Оқыту нәтижесі |
| ОӘК | - | Оқу-әдістемелік кешен |
| ОБСӨЖ | - | Оқытушының басшылығымен орындайтын студенттің өзіндік жұмысы |
| СӨЖ | - | Студенттің өзіндік жұмысы |

| | | |
|---|---|---|
| қ. | - | қор |
| т. | - | тізім |
| ТОЖ | - | Типтік оқу жоспары |
| Т. | - | Том |
| ТОЗ | - | Товарищество по обработке земли (жерді бірлесіп өңдеу серіктестігі) |
| б. | - | бет |
| бб. | - | беттер |
| п. | - | парақ |
| пп. | - | парақтар |
| с. | - | страница |
| сс. | - | страницы |
| с.п. | - | сыртқы парақ |
| л. | - | лист |
| лл. | - | листы |
| т.б. | - | тағы басқа |
| Ф. | - | фонд |
| ХҚТУ | - | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті |

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста мына аталған нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). -Астана. 30 тамыз, 1995

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (01.09.2022 ж. өзгертулер мен толықтыруларымен)

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, 2011

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. (ҚР Президентінің 2012.11.02 No 423 Жарлығының редакциясында; 12.08.2014 ж. No 893).

Қазақстан Республикасының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» №1080 бұйрығы. 23 тамыз, 2012

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы 15.02.2018 No 636 (02.02.2022 ж. өзгертулер мен толықтыруларымен)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 карашадағы Жарлығымен бекітілген «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. № 456

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – еліміздің өркендеуінің берік іргетасы».

2017 жылғы 12 сәуірдегі «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы

«Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламасы 21 қараша 2018 ж.

ГОСТ 7.0.5. -2008.- Библиографическая ссылка.

ГОСТ 7.0.11. – 2011. Диссертация и автореферат диссертации. Структура и оформления.

# АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төменде көрсетілген тақырыптың мазмұнына тікелей қатысты (специфический) терминдер мен ұғымдарға, сөздерге сәйкес мынадай анықтамалар қолданылды:

**Ақын-жыраулар институты** – дәстүрлі қазақ қоғамында халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастырып, ұлт пен ұлысты ұйыстыруға ұйытқы болатын мәдени-саяси билік формасы.

**Батырлар институты –** көшпелі қоғамда халық арасынан шыққан әскери саяси институт.

**Билер институты** – дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі.

**Даланың ауызша тарихнамасы (ДАТ)** –Дәстүрлі тарихи таным мен сананың түрі. Дәстүрлі қоғам тарихының басты деректерінің бірі ретінде қарастырылып, шежірелер, насабнамалар, тарихи жыр аңыздарды құрайды.

**Дәстүрлі қоғам** – «аграрлық қоғам», «индустриалды қоғамға дейінгі қоғам» ұғымдарына балама ретінде қолданылып, біздің зерттеуімізде Қазақ хандығының құрылуынан XX ғ. 20-30 жылдарының аралығындағы саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік құбылыстардың жиынтығын кезеңдеу үшін қолданылады.

**Көшпелі шаруашылық-мәдени тип**– қазақ дәстүрлі қоғамын шаруашылық-мәдени сипаттарының жинақтаушылық мәнін таныту үшін қолданылады.

**Қожалар институты** – дәстүрлі қазақ қоғамында исламды таратушы және діни ғұрыптық дәстүрлерді орындаушылар.

**Лингвоцид –** отарлық, тоталитарлық биліктің жергілікті халықтың тілін жоюға бағытталған гуманитардлық шараларының жиынтық атауы мағынасында қолданылды

**Модельдеу** – зерттелетін құбылыстардағы заңдылықты анықтау үшін немесе теориялық жолмен табылған тұжырымдаманың дұрыстығын және оның қолданылу аясын тексеру үшін жүргізіледі. Зерттеліп жатқан объектінің субъектісіне баса көңіл қойып отырған қасиеттерін жоғары дәлдікпен бейнелеу, оның өзіндік сапасын модельдеу, қайта құру.

**Трансформация** (transformation–кейпі өзгеруі)– негізгі ереже әрекеті нәтижесінде үстірт құрылымның ішкі құрылымын таңдау үдерісі.

**Трансформациялану**– қоғамға тән құбылыстардың заман ағымына сай басқа бір сапаға өтуі.

**Төлеңгітшілік институты** – хан мен сұлтандар төңірегінде топтасқан ерекше әлеуметтік топтық құрылым, дәстүрлі қазақ қоғамындағы хандар мен сұлтандар қызмет етуші адамдардың әлеуметтік қауымы.

**Төрелер институты** – төрелер әкімшілік және сот билігін жүзеге асырды. Сонымен қатар олардың соғыс кезінде жасақ құрып, оған қолбасшылық ету құқығы болды.

**Шаруашылық-мәдени типтер** – отарлық биліктің модернизациялау процесінде өзгерістердің бағыттарын, сипатын анықтау, «отаршылық», «көшпелі» және «исламдық», «христиандық» сипаттарды ажырату мақсатында қолданылады.

**Ұлттық құндылықтар** – дәстүрлі қоғамда қалыптасқан және тарихи тәжірибелерде шыңдалған жалпы адамзаттық құндылықтардың этникалық сипаттағы көрінісі. Диссертацияда дәстүрлі қоғамдағы саяси, әлеуметтік, мәдени және рухани қарым-қатынастардың байланыстырушы, бекітуші факторлары ретінде қарастырылады.

**Ұлттық сана** – дәстүрлі қоғамдағы этностық сананың дамуындағы жоғары, ұйымдасқандық және құрақты сипат алған рухани, саяси құндылық.

**Ұлттық болмыс** – белгілі бір ұлттық қоғамның (этностың) тұрақты ерекшеліктерін, санасын, қызығушылықтарын, рухани құндылықтарын, ынтасын, әлеуметтік-психологиялық қорғаныс тетіктерін сипаттайтын күрделі түсінік.

**Этнодеформация** – дәстүрлі қоғамның билік құрылымдары мен саяси-әлеуметтік институттарын модернизациялаудың күштеу тәсілдермен іске асуы барысында апатты салдарларға ұрындырушы факторды айқындайтын және бағалайтын жиынтық ұғым ретінде қолданылады.

# КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы:** диссертациялық зерттеу жұмысында отаршылдық кезеңінде дәстүрлі қоғамның билік құрылымы мен саяси-әлеуметтік және экономикалық институттарын модернизациялау процесінің іске асырылу тарихы қарастырылады. Модернизациялық процестің трансформациялық және этнодеформациялық себеп-салдарлы байланыстары жіктеледі. Дәстүрлі қоғамды модернизациялау тарихы бойынша жасалған тұжырымдар мен нәтижелерді білім бағдарламаларына енгізудің оқу-әдістемелік кешенінің мазмұны мен әдіс-тәсілдері айқындалады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі:** дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы отарлық және кеңестік кезеңдерінде еуропацентристік көзқарас тұрғысында қарастырылды. Соған сәйкес мәселенің зерттелуі біржақты жүргізілді. Тәуелсіз қоғамымыздағы зерттеулерде мәселеге жаңа теориялық әдіснамалық тәсілдер қолданылғанымен, дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымы және ондағы трансформациялық процестер толығымен ғылыми қалпына келтіріле қойған жоқ. Қазақ-Ресей қарым-қатынастарының тарихы қазіргі кезде жаңа методологиялық тәсілдермен талдауларға зәрулігімен айқындалады. Қазақ хандығы құрылуынан революцияға дейінгі кезеңдегі тарихи оқиғалар мен құбылыстарға қатысты осы кезге дейін жасалған тұжырымдар қазіргі методологиялық парадигмаға сай қайта карауды қажет етеді. Зерттеудің өзектілігі Қазақ-Ресей қарым-қатынастарының тарихы қазіргі кезде жаңа методологиялық талдауларға зәрулігімен айқындалады деп есептейміз.

Тәуелсіздік кезеңі отандық тарих ғылымының дамуына кең мүмкіндік берді. Тәуелсіздікті баянды ету халықтың тарихи-әлеуметтік жадын жаңғыртуды және ұлттық сананы көтеруді қажет етеді. Еліміздің тарихын жаңа көзқараспен қайта қарастырып, ұлттың рухани әлемін жаңғырту қазіргі кезде қоғамдық ғылымдарда тарихи сана қалыптастыруға бағытталған өзекті мәселеге айналды. Тарихты жаңа көзқараспен зерделеу – жаһандану жағдайында елдің мемлекеттік дербестігі мен ұлттық бірегейлікті сақтаудың бірден-бір тиімді жолына айналды. Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаевтың «Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек» [1] деп атап көрсеткеніндей қоғамның рухани жаңғыруы – болашақ дамуымыздың бағдарына айналғандықтан да біз өткен тарихымызға қайта оралып, оның мәдени-рухани құндылықтарының өнегесін ұлттық тұтастану факторы ретінде зерттеп, зерделеу қажеттілігі айқые сезілуде. Бұл күнде мемлекеттік бағдарламаға айналған осы мақсаттың аясында ұлттық мемлекеттілігіміздің қалыптасуында шешуші мәнге ие болған дәстүрлі қоғамның тарихын ғылыми қалпына келтіру және оны индустриалды қоғамға

трансформациялануында модернизациялық және этнодеформациялық факторларды елеп-екшеу тарихи танымда өзекті мәселелердің бірі деп бағалаймыз.

XVII ғасырдың II жартысы XX ғасырдың бас кезіндегі дәстүрлі қазақ қоғамын өркениеттілік тәсілмен қарастыру, осы кезең тарихын жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік берді. Осы кезеңде қазақ даласындағы өзгерістер қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтыды.

**Зерттеу жұмысының нысаны** –XVII–XX ғғ. бас кезіндегі қазақ дәстүрлі қоғамының тарихы болып белгіленді. Дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымдарының тарихи тамыры мен қоғамдық және әлеуметтік даму процесі зерттеудің негізгі мәселесі болып саналады.

**Зерттеу жұмысының пәні –** Отан тарихының мазмұны негізінен қоғамдағы саяси-әлеуметтік қатынастарды билік құрылымдары ретінде жекелей талдап, оның дәстүрлі қоғамдағы атқарған қызметтерін жүйелеу және жіктеу, қазақ қоғамына тән дара құбылыс ретіндегі этникалық ерекшеліктерін ажырату.

**Зерттеудің негізгі мақсаты** – дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымының ерекшеліктері мен сипатын анықтай алатын оқу дағдыларын меңгерту, тарихи таным тәсілдеріне сай дәстүрлі қоғамдағы саяси-әлеуметтік құрылымдардың саяси-рухани процестердегі ықпал-әсеріне ұлттық мүдде тұрғысында баға бере алатын жаңа көзқарас қалыптастыру.

**Зерттеу жұмысының міндеттері:**

- Дәстүрлі қазақ қоғамды модернизациялау тарихының тарихнамасы мен дереккөздеріне талдау жасап, методологиялық мәселелерін айқындау;
- дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік және мәдени институттардың қызметін жіктеу;
- дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациялануын модернизациялау және этнодеформациялау факторларымен бағалау;
- «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнінің оқу-әдістемелік кешенін дайындап, сыннан өткізу;
- «Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешенін дайындау және оны оқытуды жетілдіруге ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері** Дәстүрлі қоғамның тарихын кезеңдеу, ең алдымен, тарихи процестің логикасын айқындайтын формула. Дәстүрлі қоғамның хронологиясы ауқымды екендігі белгілі. Біз тақырыпқа нақтылық беру мақсатында Қазақ хандығының Ресей империясымен тығыз қарым-қатынасы орныққан XVII–XX ғ. аралығындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстарды ғана қарастырамыз. Сонымен зерттеудің хронологиясы XVIII ғ. бас кезі мен XX ғ. 30-жылдарына дейінгі аралықты қамтиды. Зерттеуіміздің бастапқы кезеңі ретінде отарлана бастаған XVIII ғ. алғашқы ширегі болып белгіленсе, XX ғ. 20-30 жылдардағы кеңестік ауылшаруашылық реформалары дәстүрлі қоғамның түпкілікті ыдыраған

кезеңі ретінде белгіленді. Тақырыпқа нақтылық беру мақсатында дәстүрлі қоғам тарихының осы кезеңі таңдап алынды. Өйткені, қазақ жерінің отарлануы дәстүрлі қоғамның модернизациялауының бастауы ретінде, ал кеңестік биліктің ауылшаруашылық реформалары дәстүрлі қоғамның күйреуіне ықпал етуші фактор ретінде қарастырылады.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейін екі бағытқа бөліп қарастырамыз. Бірінші бағыт – қазақ дәстүрлі қоғамын модернизациялау тарихын жекелеген қырлары бойынша қарастырған қоғамдық ғалымдардағы іргелі зерттеулерді атаймыз. Олардың қатарында дәстүрлі қоғамды философияның жалпы мәселелері тұрғысында қарастырған М.С. Бурабаев [2], Қазақ халқының менталитетіне қатыстыТ.К. Бурбаев. [3], этнологиялық тұрғыда қарастырған А.Сейдімбектің [4, 5], әдіснамалық тұрғыда қарастырған М.Қозыбаев [6,7]; қоғамдық институттардың қызметін жіктеуге арналған З.Ж. Кенжалиев [8], М.Н. Сдыков [9], А. Оразбаева [10], Ә.Қ. Мұқтар [11] зерттеу жұмысында қазақ қоғамындағы тархандар институтының қалыптасу, даму тарихы, Әбілқайыр хан, Абылай хан тұсындағыдәстүрлі билік құрылымдары қарастырылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейінің келесі бағытын диссертациялық зерттеулер құрайды.

Осы бағытта тәуелсіздік жылдары тақырыпқа қатысты жүргізілген бірқатар диссертациялық зерттеулерге тоқталайық. Голощекиннің «қазақ ауылындағы Кіші Қазан» тұжырымын әшкерелеуге арналған С. Алибековтың [12], Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы жүргізілген аграрлық реформалардың дәстүрлі шаруашылықты модернизациялаудағы ықпалы жайлы Г.Р. Дадабаеваның [13], дәстүрлі жеке қожалықтардың иелерін тап ретінде жоюдың тарихы мен салдарларын қарастырған Ф. Қозыбақованың [14], Байлармен жартылай феодалдарды кәмпескелеу туралы С. Жакишеваның [15], дәстүрлі шаруашылықты күйреткен кеңестік аграрлық саясатқа қарсы шаруалар көтерілістер жайлы Б. Жұмағұловтың [16], көшпелі шаруашылықтарды күштеп отырықшыландырудың салдарларын қарастырған Ж. Таңатарованың [17], Шығыс Қазақстандағы күштеп жүргізілген модернизация тарихын зерттеген М. Ескендировтың [18], саяси-шаруашылық науқандарындағы саяси-идеялық насихаттың әдіс-тәсілдерін қарастырған Г. Нурбетованың [19], дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі мен оның салдарларын қарастырған К. Сантаеваның [20] және т.б. диссертациялық зерттеулеріне талдау жасалды. Ауыл шаруашылық серіктестері мен бірлестіктері туралы С. Айкөзовтың [21] Ө.И. Исеновтің [22] және т.б. диссертациялық зерттеулеріне біздің тақырыбымызға жанама болса да қатысы болғандықтан тарихнамалық таңдау жасадық.

Біздің тақырыпқа біршама жақын зерттеулер қатарында Ж.О. Артықбаевтың [23] зерттеуінде мәселе дәстүрлі қоғамның этноәлеуметтік құрылымын жүйелеуге баса мән беріледі. Дәстүрлі қоғамдағы батырлар институтына қатысты, батырлардың дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны туралы Г.М. Дауытбекованың [24], Г. Қайрғалиеваның [25] зерттеулері,

билер институтына қатысты А. Оразбаеваның [10], дәстүрлі қазақ қоғамының рухани құндылықтары жайлы З. Майданәлидің [26], дәстүрлі қазақ қоғамының қоғамдық құрылымы К.Биекеновтің [27] еңбектерінде көрініс тапты.

Осы аталған зерттеулерде дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялаудың жекелеген қырлары мен желілері тереңдей талданып, ғылыми тұжырымдар жасалған. Бұл зерттеулердің тұжырымдарын қуаттай отырып, біздің зерттеуімізде ондағы қарастырылған және көтерілген мәселелер қайталанбайтындығын атап айтамыз.

Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы туралы оқу-әдістемелік құралдардың да жарық көргендігін атап айтуға болады. Айталық, елді басқару ісі, құқықтық мәдениет туралы И.Кенжалиевтің [8] және басқа да ғалымдардың ізденістерінен көрінеді.

Зерттелу деңгейі көрсетіп отырғандай, дәстүрлі қоғамды модернизация теориясының тәсілдерімен отандық тарих ғылымында зерттелмегендігіне көз жеткіздік. Шетелдік ғалымдар соңғы жылдары қоғамдық құрылысты модернизация теориясымен қарастырудың тұжырымын қолдана бастады. Солардың арасынан еліміздегі дәстүрлі қоғамның түпкілікті ыдырау кезеңі – XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік ауылшаруашылық реформаларының ауыр салдары – ашаршылыққа арналған Сара Камеронның [28] зерттеулерін арнайы талдау нысаны етіп алдық. Қарастырылған мәселелер бойынша біраз зерттеулер бар болғанымен тарих ғылымында бұл мәселеге көп көңіл бөлінбей келгеніне көзіміз жетті, сондықтан терең ғылыми зерттеулер қажет, бір жағынан алып қарағанда, тарихи әдебиеттерде бұл мәселенің әдіснамалық, теориялық алғышарттары қарастырылып келді. Осы тақырыпты игеру барысында мынадай қарама-қайшылықтар айқындалып отыр: дәстүрлі қоғам тарихына арналған зерттеулер болғанымен тақырыпты игеруде модернизация теориясының қолданылмауы түрінде; Қазақстанның жаңа және қазіргі заманғы тарихын оқытудың оқу-әдістемелік кешенінің болуымен дәстүрлі қоғамның модернизациялануы тарихының оқу–әдістемелік кешенінің болмауы түрінде. Ғылым мен білім саласындағы теориясына қатысты қалыптасқан осы қарама-қайшылықтардың шешімін табу үшін және зерттелу деңгейіне жасалған талдауларға сүйеніп диссертациялық зерттеуіміздің тақырыбын «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» деп таңдадық.

**Зерттеу тақырыбының деректік негізі** Зерттеу жұмысымыздың деректік базасы негізінен өзіміз зерттеу-іздестіру жұмыстарын жүргізген Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (ҚРОМА), Түркістан облысының Мемлекеттік архиві (ТОМА), Жамбыл облыстық Мемлекеттік архивінің (ЖОМА) қорлары құрайды. Сонымен бірге XVIII ғасырдың ортасынан XX ғ. 30 жылдардағы тарихи оғиғалардың құжаттық деректерін топтастырған архивтік, эпистолярлық құжаттар мен материалдардың жинақтары да пайдаланылды.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері.** Диссертацияда белгіленген мақсат пен міндеттерге сай зерттеудің барысы мынадай үш негізгі кезеңнен тұрады:

**Бірінші кезеңде (2018-2019 жж.)** – зерттеуіміздің теориялық және әдіснамалық негіздерін анықтау, дәстүрлі қазақ қоғамы тарихының дереккөздері, тарихнамасы бойынша талдау-сараптау жұмыстары орындалып, дәстүрлі қоғамды модернизациялау тарихын зерттеудің методологиялық және методикалық ұстанымдары анықталды.

**Екінші кезеңде (2019-2020 жж.)** дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік–экономикалық модернизациялаудың саяси, құқықтық негіздері, саяси, әлеуметтік және мәдени институттар қызметінің модернизациялануы, модернизациялау үдерісіндегі трансформациялық және деформациялық факторлар жіктеліп, тұжырымдалды. Педагогикалық және оқу-әдістемелік эксперимент жүргізіліп, зерттеліп отырған мәселелер нақтыланды, «Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені жасалды.

**Үшінші кезеңде (2020-2021 жж.)** – зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер қорытылып, дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихын оқытудың қажеттілігі және міндеттері нақтыланды, Қазақстан тарихы курстарын дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тәсілі негізінде оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіруге байланысты ұсыныстар дайындалды. Осы қорытынды кезеңде оқу-әдістемелік кешенді БББ енгізуге байланысты Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ «Тарих» кафедрасында, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Тарих және география» кафедрасында сыннан өтіп, диссертацияның рәсімделуі аяқталды. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары жарық көрді.

**Зерттеу базасы.** Зерттеудің базасы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Тарих» кафедрасы және М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Тарих және география» кафедрасы болып белгіленді.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.**

- қоғамдағы саяси-әлеуметтік қатынастарды билік құрылымдары ретінде жекелей талдап, оның дәстүрлі қоғамдағы атқарған қызметтері жүйеленді және жіктелді;
- қазақ қоғамына тән дара құбылыс ретіндегі этникалық ерекшеліктері ажыратылып, талданды;
- дәстүрлі қоғамдағы заңдылықтары негізінде тарихи процестің саяси-әлеуметтік себеп-салдарларының алдын алу, болжам жасау әдістері жүйеленді;
- отарлық және кеңестік биліктердің модернизациялық процестерінің күш қолдану арқылы жүргізілуінің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және демографиялық апатты салдарлары жіктелді;
- «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәні оқу үдерісіне енгізілді;

- дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымы тәжірибесіне талдау жасау арқылы ұлттық мәдени-рухани құндылықтарды қорғаудағы әрекетіне баға берілді.

**Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы:**

Зерттеу жұмысында қол жеткен нәтижелер мен жасалған тұжырымдардың теориялық қолданбалық маңызы Отан тарихын зерттеуге модернизация теориясын қолданумен анықталады. Бұл теорияның әдіснамалық әлеуеті дәстүрлі қоғамға қатысты жаңа тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Модернизация теориясын қолдану тәжірибесі Отан тарихын өзге тақырыптар мен желілерінтереңдей зерттеуде қолдануға болады. Сол сияқты дәстүрлі қоғамды модернизациялау тарихын білім беру бағдарламаларына енгізіп, оқу үдерісінде қолдану рухани жаңғыру аясында студенттерге берілетін білім мазмұнын жаңалайды.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті тарих мамандығы студенттеріне арналып «Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» атты арнайы методологиялық семинар ұйымдастырылды;

1) «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы» курстарының мазмұнына енгізуге қатысты дәстүрлі қазақ қоғамының модернизациялануы тарихына арналған қосымша тақырыптар ұсынылды;

2) «Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» атты таңдау курсының электронды оқулығы дайындалды.

Зерттеу нәтижелерін тарих мамандығынан басқа студенттерге оқытылатын «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнына қолдануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары**.

Тарихнамалық және деректік талдауларымыз көрсетіп отырғандай дәстүрлі қазақ қоғамының модернизациялану тарихы тарихи танымның бағыты ретінде ғылыми ойда орнығуы керек.

Ресейдің отарлық билігі және Кеңес Одағының тоталитарлық билігі кезінде қазақ қоғамындағы саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық реформалардың мақсаты модернизация болғанымен оның іске асырылуында күштеу тетіктерінің қолданылуы және ұлттық менталды, экономикалық ерекшеліктердің ескерілмеуі түрінде деформациялық сипат алғандығына ресми баға берілуі керек.

Жас ұрпақтың бойында тарихи сана мен тарихи таным қалыптастыру тұрғысында модернизация теориясымен қол жеткен дәстүрлі қоғамның қызметі мен ыдырауына қатысты ғылыми білімдер кешені оқу-әдістемелік жүйе ретінде оқу-тәрбие үдерісіне енгізіліп, тарихи тәжірибеде қоданыс табуы тиіс.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен сынақтан өткізу, ендіру** диссертациялық зерттеу жұмысы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тарих» кафедрасында орындалды. Зерттеу жұмысының қол жеткен негізгі нәтижелері мен жасалған қорытындылары Қазақстан Республикасы БҒМ БСБК ұсынған журналдарда – 3,

Республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда – 3, Халықаралық конференцияларда – 4, оның ішінде Түркияда – 1,SCOPUS базасына енетінбасылымында –1 мақала жарияланды. Барлығы – 11 мақала. Жоғары оқу орындарының 5В020300–«Тарих», 5В020800 – «Археология және этнология», 030640 – «Тарих және география», 6В01601 – «Тарих мұғалімдерін даярлау» мамандықтарының білім беру бағдарламаларына арналған «Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешені сыннан өтті, осы тақырыпта электронды оқу құралы дайындалды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы:** Диссертациялық жұмыстың құрылымы анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жалпы көлемі 144 бет.

# I ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ТАРИХНАМАСЫ, ДЕРЕККӨЗДЕРІ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

## 1.1 Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялаудың тарихнамасы

Дәстүрлі қазақ қоғамы деп айшықтаған XVIII ғ. бас кезі мен XX ғ. 20-30 жылдарына дейінгі кезеңнің тарихнамасы аса қомақты болғандықтан, мәселеге нақтылық беру үшін ол тарихнамалық еңбектерді мәселені дәстүрлі қоғамды модернизациялауға қатыстыларына ғана талдау жасайтын боламыз.

Тақырыптың тарихнамасын дәстүрлі тарихнамалық кезеңдеуге сай революцияға дейінгі, революциядан кейінгі немесе кеңестік кезеңдегі тарихнама және посткеңестік кеңістіктегі деп кезеңдейміз. Соңғы кезеңді отандық және шетелдік деп жіктеу де жұмысқа жинақтылық береді деп ойлаймыз.

**Революцияға дейінгі тарихнама**. Дәстүрлі қазақ қоғамының революцияға дейінгі тарихнамасы қазақ жерінің Ресей отарына айнала бастаған кезінен басталады. Ресейдің көрші елдерге қатысты ұстанған геосаяси саясаты орыс әскери тарихшылары, отарлық билік шенеуніктерінің еңбектерінде алғашқы зерттеулер болып қалыптаса бастады.

И. Краф осыдан бір жарым ғасыр бұрын отарлық саясат «Қырғыздарды бағындыру, қорқыту, үркіту, ірі-ірі қантөгістер, саяси және экономикалық қысым арқылы жүзеге асырылды» [29, С.4] - деп ашық жазған болатын.

Қазақ дәстүрлі қоғамындағы әдет-ғұрып заңдары және оны қолданудың тетіктері император II Александрдың тікелей өкімімен және құпия кеңесші Гирстің тікелей басшылық жасауымен отарланған жерлерге арнайы жіберілген комиссиялар жинады [30, С.16].

Сонымен қатар Г.Загряжский [31], Д. Самоквасов [32], И. Козлов, П.П. Румянцевтің [33] дәстүрлі қоғамды сипаттаған еңбектерін айтқан жөн. А.В. Ремневтің [34, С.79] дерегінде саяси заңдар негізінде Орта жүзде хандық билік жойылды деп саналады. А.И. Левшиннің [35], П.П. Румянцевтің [33] еңбектерінен патша өкіметінің қазақтың дәстүрлі қоғамына қатысты астам пиғылдағы ұстанымы анық аңғарылады.

Ресей патшалық әкімшілігінің Далада жүргізген реформалары дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік болмысын өзгертті [36, С.64] деп жазды Г.И. Спасский де отарлық саясатты өркениет әкелуші ретінде бүркемелейді.

Г.И. Спасскийдің «1816 жылы қырғыз даласында болған экспедиция жазбаларынан мазмұндамалар» деген мақаласында алғаш рет қазақ даласының географиялық жағдайларына, табиғат байлықтарына, кен орындарына, саяси жағдайларына жан-жақты көңіл бөліне бастады. Патшалық самодержавие көп жағдайдың байыбына барып, отарлау саясатының өздері үшін тиімді тәсілдерін ойластырып, жүзеге асыра бастады [37] деп сипаттайды.

Тарих жазу процесі таптық-партиялық методологияға көшпей тұрған кездің өзінде XX ғасырдың алғашқы жылдарында П.П. Румянцевтің «Қазақтардың әлеуметтік құрылымында бір-біріне қайшы екі бастау бар –

бірі патриархалдық рулық, екіншісі феодалдық» [33, Б.32] деуі осы көзқарастардың айқын көрінісі. Біздің ойымызша рулық-тайпалық құрылым тақырыбындағы әңгіменің қашанда қазақ қоғамын кейінге тартатын дәстүрлі қоғам құрылымының, оның ішінде генеологиялық фактор ретінде бағаланады және бұл мәселе әлеуметтік құрылымының ара-қатынастарын ашып көрсете алмаудан келіп туындаса керек.

Сондай-ақ қазақ жерін отарлау саясаты Г.И.Спасскийдің [36], А.И.Левшин [35, Б.152.], Л.Ф.Баллюзектың [38] зерттеулерінде негізінен көшпелі қазақ халқының хал-ауқаты, мал шаруашылығының ерекшеліктері, ру-тайпалардың көшіп-қонуы мен жайылымдары туралы мәліметтер талданды.

Бұл тарихнамалық кезеңдегі зерттеушілердің теориялық-методологиялық ұстанымдарыорыс әскери тарихшылары М.И. Венюков [39] пен Л.Ф. Костенконың [40] еңбектерінде классикалық үлгіде көрініс тапты.

Орыс тарихнамасындағы қазақтар әлеуметтік-экономикалық дамудың барынша төменгі сатысында тұрды деген тұжырым қазақ жерінің «жеңіл әскери олжа» болғанын дәлелдеу үшін қажет болғанымен отаршыларға қазақ жерін жаулап алу қиынға түсті. Отаршылардың жаулап алуы «жабайыларды» тікелей қыру мен жаулаушылық саясаты қазақ халқының мықты қарсылығына тап болды.

Қазақ дәстүрлі қоғамының ерекшеліктері мен оның саяси-әлеуметтік институттарының жаңа қоғамдық құрылымына модернизациялану туралы ойлар мен тұжырымдарды XIX ғ ортасында өмір сүрген алғашқы қазақ ағартушысы Ш.Ш. Уәлихановтың соңына қалдырған шығармаларын және экстолярлық шығармашылығынан көптеп кездестіреміз. Орыс мектебінде оқып, арнаулы орыс оқу орнында білім алғанымен және отарлық биліктің әкімшілік қызметін атқарғанымен Ш. Уәлиханов туған елі мен жерінің дәстүрінен қол үзген жоқ. Отарлық билікпен тығыз араласуы және қазақ даласында жүргізіліп жатқан реформалардың мақсаты мен іске асырылу тактикасынан хабардар болды. Ол отарлық билік дайындап жатқан реформасында дәстүрлі қоғамының ішкі ерекшеліктері ескермейтіндігін жақсы білді. Оның соңына қалдырған мол этнографиялық мұрасы дәстүрлі қоғамның модернизациялау тарихына қатысты аса құнды деректерді құрайды.

Дәстүрлі қоғамдағы білім беру саласында жүргізілген реформалық процестерге тікелей араласқан ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығы да тақырыпты ашуға қатысты құнды мысалдар береді. Оның ағартушылықтағы еңбегі – қазақ қоғамына ене бастаған Ресейлік, яғни отарлық білім беру жүйесі мен дәстүрлі (мұсылмандық) білім беру жүйесін бір-бірімен ұштастыру болды. Ы.Алтынсариннің қазақ балаларына арналған хрестоматия Ы.Алтынсариннің [42], Торғай облысында орыс-қазақ (*орыс-бұратана мектептермен бөлек - Г.И.*) мектептерін, қазақ қыздарына арналған мектептер ашуы осы сөзіміздің айғағы.

Қоғамдағы модернизациялық процестердің бағытын Абай Құнанбаев та тап басып тани алды. Орыс тілін, өнерін үйренуге үгіттеді, соны дәлелдеді. Солай дегенмен де Абай модернизациялық процестердің қоғамдық дамудағы зардаптары туралы да алғашқылардың бірі болып айта алды. Өзі болыс басқарушысы болып қызмет істеген Абай шен-шекпеннің сатылуы («Болыс болдым мінеки») адам пиғылын өзгертіп жіберетіндігін жырға қосты.

Тарихнаманың осы кезеңіндегі тарихи үрдісте орыс геосаяси доктринасы қалыптасқан болатын. Осы методологиялық доктрина кеңестіктарихшылар жасаған мұндай тұжырым кезінде «марксшілдік» атанған жалпы ортақ таптық формациялық тұжырымның ықпалымен одан әрі жалғасты. Ендігі кезекте кеңестік дәуірдегі зерттеу еңбектері көбінесе осы тұжырымға сай фактілерге негізделді, сол дәуірде жарық көрген еңбектер жинағы да осы талап тұрғыдан қарастырамыз.

**Революциядан кейінгі немесе кеңестік кезеңдегі** тарихнаманың түбірлі ерекшеліктері оның таптық-формациялық қағидаларды басшылыққа алған методологиялық ұстанымдарынан туындады. Қазақтың дәстүрлі қоғамының әлеуметтік құрылымын меншікке қатынасы тұрғысынан, әлеуметтік жіктер мен топтардың қоғамдық байланысы тұрғысына қатысты зерттеуге деректік материалдар жеткілікті.

Қазан төңкерісі билікке келген большевиктердің қазақ жерінде жүргізген реформаларын «көшпелі қоғамды модернизациялау» деп дәріптеу орын алды. Модернизация ұғымының ауқымы барынша кең, нақтылап айтқанда модернизация дегеніміз – «ескіден» «жаңаға» қарай қозғалыс мағынасын береді. Ескі әлемді қиратып, оның қирандысының үстіне жаңа әлем орнату деген революциялық ұран кеңес одағында осы модернизациялық қозғалысты бастап берді. Кеңестік тарихнаманың бастапқы кезінде большевиктік биліктің осы ұстанымын әшкерелеген еңбектердің бірі Георгий Сафаровқа тиесілі [43]. Революцияның «отаршылдық сипаты» жөнінде жазған Г.Сафаровтың тұжырымдары мен В.Лениннің тұжырымдары дарынды тактик ретінде үйлесуі мүмкін еді. Дегенмен Сталин Октябрь революциясы «модернизацияны тізе бүктіру» арқылы шұғыл бастау екендігі туралы түсінігін жасырмады» [44, Б.39] яғни қоғамдағы революциялық қайта құруларға қарсы келген нәрсенің барлығын сындыру деген ұғымды білдіретін еді.

Кеңестік Түркістанда жүргізілген алғашқы аграрлық реформа 1921-1922 жылдары Қазақстанның оңтүстігінде жүргізілген жер-су қатынастарына байланысты орын алды. Осы жер-су реформасының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси нәтижелерін айқындауға назар аударған Т.Рысқұлов 1923 жылы «Жетісу реформасының саяси нәтижелері зор болды. Бірақ екінші жағынан жер-су реформасының экономикалық қатынастардағы нәтижесі мүлдем аз» [45, Б.11] деп жазды. Оның деректерінде қазақтар мен кулак шаруаларынан, сонымен бірге қазақ байларынан тартып алынған жерлердің мардымсыз болғандығы, содан да жер-су реформасында шаруашылық және саяси мәселелер басым болғандығын айтады.

1930 жылдардағы кеңестік тарихнама И.Сталиннің «ВКП (б) тарихының қысқаша курсы» еңбегінің методологиялық және саяси ұстанымдарының ықпалында жазылды. Сол еңбектердің қатарында С.Брайнин мен Ш.Шафироның еңбегін айтамыз. Бұл еңбектерде «осылайша бұл кезеңдегі тарихнама тарихи жадты ұзақ уақытқа деформациялаған аңыздарды орнықтырды» [39, С.44]. Бұл аңыздардың біріншісі өлкеде революцияның қозғаушы күші Кеңестер емес, большевиктік ұйымдар болды. Екінші аңыз қазақ ауылында таптық күрес Октябрь революциясына дейін де және одан кейін де болды. Өйткені қазақ аулына таптық күресті таңу мақсат еді. Осыған байланысты ауыл дегеніміз – әлдеқандай дерексіз деревня емес, өзін-өзі ұйымдастырудың ерекше қағидаларымен құрылған қауымдастық екендігі естен шығарылды.

Кеңестік биліктің «әскери коммунизм» саясаты дәстүрлі қоғамның негізі болған экономикалық заңдылықтарды белден басты, тауар-ақша қатынастарының экономиканы ынталандырушы ықпалы аяқасты етілді. Міне, осы жағдайлар ұлттық экономиканы өте ауқымды көлемде күйзеліске ұшыратты.

Көшпелі қоғамның үстемдік етуші бөлігінің өкілдері болған әр түрлі сословиелік топтармен және қауымның еркін мүшелерімен қатар, Қазақстанда тәуелді халық санаттары – құлдардың қызметін атқарған төлеңгіттер мен кірмелер институты болды. Сұлтандар сословиесінде қызметте жүрген адамдар төлеңгіттер деп аталды. Бұл әлеуметтік топтың пайда болуы өзара қырқыстарға және жоңғарларға қарсы көп жылдық күреске байланысты, сол кезде жоғарғы биліктегілер мен оның өкілдері сұлтандарға «қызметші» адамдар өте қажет болған еді [46, Б.19-29.]

Осындай тосқауылдан өтіп шыққан қазақ елінің XVIII ғ. тарихын, одан бұрын жүріп өткен ізін зерделейміз деген ғалымдар, қасаң еуроцентристік методологияның тұсауына шырмалды. Кеңестік тарихнаманың қалыптасу кезеңінде дәстүрлі қоғам тарихын зерттеуге қызмет еткен зерттеушілер қатарында болған А.Чулошников еңбегінде [47] дәстүрлі қоғамды кезеңдеуге баса назар аударды.

Қазақ жерін де алапат әлеуметтік-экономикалық және этнодемографиялық апаттарға ұрындырған ауыл шаруашылық реформалары қарсаңында мәскеулік билік дәстүрлі қазақ қоғамының сырын ұғынуға бағытталған зерттеулерді кеңінен жүргізе бастаған еді. Осы зерттеулердің нәтижелері Ленинград қаласында жинақ болып жарыққа шықты [48, С.4]. Осы зерттеулердің басы-қасында жүрген С.П. Швецовтың [49, С.20.], М.Г. Сириустың [50], А.Н. Челинцевтің [51], А.Н. Доничтың [52] зерттеу еңбектері өз кезеңінде саяси-идеологиялық шараларды жүргізудің ғылыми дәлелі бола алғанымен, ондағы тұжырымдар қазіргі тарихи танымға тек дереккөз ретінде ғана қызмет жасайды деп бағалаймыз. Өйткені ол зерттеулерде қолданылған маркстік методологиялық ұстанымдар теориялық тұрғыда бүгінгі күнгі тәуелсіз тарихи танымға қызмет ете алмайды.

С.Асфендиаров Ресейдің қазақ даласына билік етуінің басты әдістері жергілікті тұрғындарға зорлық-зомбылық көрсетуіне негізделгеніне назар аударып, «Патша өкіметі қазақ халқының қалың бұқарасын тонаушылыққа ұшыратты, бұл тұрғыдан оның Азия мен Африканы тонаған Европа елдерінен еш айырмашылығы жоқ» [53, Б. 256.] деп жазды. С. Асфендиаров патша өкіметінің қоныстандыру саясатының қазақ халқы үшін ауыр салдарлары болғанын да атап көрсетті. Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты,- деп жазды ол, қазақ мемлекеттігіне аса үлкен апат әкелді. Бұл саясаттың кері салдарлары байлар билігінің нығаюымен үндесіп, қазақ еңбекші бұқарасына және кедейлеріне өзінің бар салмағын салды. Қазақтардан жерді алып қоюға негіз болған Далалық және Түркістан облыстарын басқару туралы Ережелері еді. Дала ережесінің 119 және 120-баптары қазақтардың барлық жерлерін мемлекет меншігі деп жариялады [54, С.89-190] деп жаза алуы сол кезең үшін ерлікпен пара-пар еді.

Кеңес дәуіріндегі тарихшылардың ішінде көшпелілердің қоғамдық жүйесі мен таптық белгілері, әлеуметтік бөлінуі Б.Я.Владимирцевтің [55], Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы В.В.Бартольдтың [56] зерттеулерінде қарастырылды. Бартольд «Бартольдтың өз зерттеулерінде түркі халықтарының ішінде казақтарға санының молдығы және жерінің кеңдігі бойынша ерекше назар аударғандығы» [57, Б.277] жөнінде мақаламызда баға беріп кеткенбіз.

В.В.Бартольд еңбектері арқылы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көне дәуірден бастап-ақ өзінің тарихы, мәдениеті болғанын ғылыми түрде негізделді. «Қырғыздардың тарихи очеркі» еңбегінде В.В.Бартольд қазақтарды күштеп отырықшылыққа отырғызу дұрыс еместігі жөнінде тұжырым жасады.

Қазақстанның Ресейге қосылуы мен ұлт-азаттық көтерілістер тарихын терең зерттеген тарихшы Е.Бекмаханов [58] дәстүрлі қоғамдағы күштеп модернизациялаудың салдары Кенесарының отарлық билікке қарсы көтеріліске шығуының дәлелі болғандығын тұжырымдады.

Тоталитарлық билік Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының капитализмге соқпай бірден социализмге өтуі туралы идеологиялық сипаттағы тарих методологиясын қалыптастыруға арнап өткізген бүкілодақтық жиынның қабылдаған шешімдері [59] дәстүрлі қоғам тарихын таптық-формациялық ұстанымдармен зерттеуге деген ортақ тұжырым ұсынды. Осы ұстаным кейінгі зерттеулерге негіз болды.

Осы ұстаныммен жазылған алғашқы еңбектердің қатарында кеңестік Қазақстан тарихнамасына арналған Г.Ф. Дахшлейгердің [60], Ресейдің ішкі аймақтарынан қазақ жеріне қоныс аударудың барысы жайлы И. Галузоның [61] зерттеулері болды. Ал одан кейінгі кезеңде методологиялық ұстанымдардың жаңаруына сай Б.А. Тулебаевтың [62], Г.Ф. Дахшлейгер, К.Н. Нурпеисовтердің [63], М.Х. Асылбеков, С.Б. Нурмухамедовтың [64] зерттеулері жарық көрді. Бұл аталған зерттеулердің деректік базасының

жаңартылуы дәстүрлі қоғамның модернизациялануы туралы тың тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Дәстүрлі қоғам тарихына жанамалап пікір білдірген ресейлік тарихшылар А.М. Хазанов [65, С.129] рулық-тайпалық құрылым жайлы тұжырымдар ұсынды.

Осы аталған кезеңдегі тарихнамалық шолу көрсетіп отырғандай, дәстүрлі қоғам және оның модернизациялану тарихы туралы зерттеулерге тән ортақ кемшілік – таптық-формациялық ұстанымдарға негізделген маркстік методологиялық қағидалардың ықпалынан шыға алмауы болды деп білеміз.

**Шетелдік тарихнама:** шетелдік ғалымдар Р. Аронның, Б. Кроченің, Р.Дж. Коллингвудтың және т.б іргелі еңбектерінде қалыптасқан теориялық және методологиялық тұжырымдар дәстүрлі қоғам туралы таным, түсініктерге, оны зерттеудің әдіс-тәсілдеріне тың серпіліс берді. Осылайша шетелдік зерттеулер тәуелсіздік жағдайында қазақстандық тарихнаманың дамуына жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

Америкалық зерттеуші Демко Джордж қазақ жеріне қоныстандырудың басты себептері еуропалықРесейдегі жердің жетіспеушілігі мен шаруалардың артта қалушылығы болды. Революцияға дейінгі аграрлық дағдарыстың себептерін зерттеуде «шаруалар тулақтай жерінен, ашаршылық пен әлеуметтік шиеленістен қашты» [66, С.46 ] – депалғашқылардың бірі болып жазды. Бұл тұжырым кеңестік тарихнамадағы «орыс шаруаларының Орталық Азиядағы егіншілік мәдениетін орнықтырушы» деген дәстүрлі ой-пікірлерді жоққа шығаруға қызмет етті.

Қазақ тарихын қатып-семген таптық-әлеуметтік формациялардың өлшемдеріне тықпалаған, еуропацентристік ұстанымдармен шектеген кеңестік тарихнаманың күні өткені шетелдік зерттеулерде айқын танылa бастады. Сондай зерттеулердің қатарында модернизациялық процесс барысында қазақтарды басқару туралы А.В. Ремневтің [33, С.79.], Ресейдің патшалық билігі мен кеңес үкіметінің қазақ үшін жасаған ең ауыр зәбірі - олардың өзінің жаңа тәуелсіз мемлекетінде аз ұлт болып қалғаны жайлы ой қозғаған М.Олкоттың [67, С.88-90] зерттеулерінің Отан тарихы үшін жаңалығы мол болды.

Түркиялық ғалым Ш.Акинер [68] қазақ мемлекетінің пайда болуы мен дамуына өзіндік тұжырым ұсынады. Ол қазіргі заманғы Қазақстандағы және қазақтар арасындағы ұлттық (мемлекеттік) бірегейлік мәселелеріне тоқталады. Акинердің пікірінше, XIX-XX ғасыр аралығында қазақ қоғамы өте ауқымды трансформациялық үрдістерді бастан өткізген. Ол – тайпа-халықтан ұлт-мемлекетке дейінгі эволюциялық жол. Қазақтардың ортағасырлық тарихы осы ұмтылысқа деген бастама болғандығын айта келіп, қазақ тарихының бастауын, оның заманауи мемлекет ретінде қалыптасуының түп негізін осыдан екі мың жыл бұрынғы кезеңнен іздеу керек деп тұжырым жасайды.

Қазақстан үшін кеңестік дәуірдегі аса маңызды сәт ретінде Ш.Акинер мынадай ерекшеліктерді атап өтеді: осы кезеңде кеңестік және ұлттық (қазақтың) бірегейліктің консолидациясы жүзеге асты. Оған соғыс, ұжымдастыру мен индустриализация өз ықпалын тигізді. Нәтижесінде қазақтар көшпелі өмір салтынан алыстай берді [68, Б.34-50.]

Осылайша, ашаршылықтан, отаршылдық езгіден зардап шеккен миллиондаған жұмысшы адамдар социалистік мағынадағы «инновацияларды» қабылдауға мүлдем дайын болмады. Дәстүрлі өмір салтын күрт бұзу, шешуге мәжбүрлеу, мәжбүрлеп ұжымдастыру, иеліктен шығару және тәркілеу, ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік сатып алу саясаты оларды аштықтан өлім алдында тұрған адамдарды Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдастырылған әрекеттерге итермеледі. Кеңестік көшпелілер қозғалысы республиканың көптеген аймақтарындағы халықтың қарулы қарсыласуымен қатар жүрді [69]. Шетелдік тарихнамада қалыптасқан осындай ұстанымдар дәстүрлі қоғамның ыдырауының модернизациялы сипатымен бірге күштеу тәсілдері арқылы іске асқандығы жөніндегі тұжырымдардың отандық зерттеулерде орнығуына жол ашты дегенімізбен «Шетелдік зерттеушілердің Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы Ашаршылық туралы зерттеулерінің дерек қорлары жетісе бермейтіндеріне қарамастан жалпы алғанда объективтілігін және тарихи шындықты дұрыс бейнелейтінін атап көрсеткен жөн» [70, Б.7.] деген Т.Омарбековтың пікірін қуаттаймыз .

**Отандық тарихнама:** Отандық тарихнамада тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қазақтың дәстүрлі қоғамының мәселелеріне баса назар аударылып, жаңа зерттеу әдіс-тәсілдері қолданыла бастады. Кеңес Одағының ыдырауы, еліміздің тәуелсіздігін жариялауы отандық тарих ғылымының дамуына кең мүмкіндіктер ашты. 1991 жылдан бері дәстүрлі қоғам тарихының тарихнамасы теориялық-методологиялық жағынан да тақырыптық-желілік жағынан да алдындағы тарихнамалық кезеңдерден түбірлі ерекшеліктері болғандықтан бұл кезеңді арнайы желі ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты зерттеу қорытындысы бойынша жазылған мақаламызда тарих ғылымымыздағы өзгерістерді «тарихнамалық төңкеріс» деп бағалағанбыз [57, Б. 277.].

Тарихнама ұғымы барынша ауқымды болып келеді. Көбіне тарихнаманы тарих ғылымымен шатастырып, оны «ұлттық тарих ғылымы» деп атайды. Анығында ол «ұлттық тарихнама» болып жазылу керек. Бұл мәселеге И.Д. Ковальченко «бұл жердегі айырмашылық тарихнама дегенді белгілі бір проблеманы зерттеуге арналған тарихи білім саласымен шатастыруда» [71]. Демек тарихнама дегенді белгілі бір тақырыпты зерттеуге арналған білімнің жиынтығы ретінде қараймыз.

Біздің зерттеу тақырыбымызға барынша жуықтайтын зерттеулердің қатарында аграрлық тарихты атаймыз. Өйткені бұл тақырыптағы зерттеулер қай қоғамда болсын барынша пәрменді жүргізілді. Қазақ дәстүрлі қоғамы

аграрлық қоғам тарихы болғандықтан да біз осылай топтастырғанды дұрыс көрдік. Қазақстандық тарихнамада осы бағытта іргелі тарихнамалық зерттеулер жүргізген Г.Дахшлейгердің еңбектерін айтамыз [60; 63; 72].

Оның жарияланымдарында тарихнаманың дамуын 3 кезеңге бөледі. Соның бірінші кезеңі 1917 жылдың ортасынан 1930 жылының аралығы, екінші кезеңі 1930 жылдардың жартысынан 1950-жылдардың ортасына дейін, үшінші кезеңі КОКП ХХ съезінен кейінгі кезеңді қамтиды. «Г. Дахшлейгер қазақстандық тарихнаманы әлеуметтік-экономикалық көп укладтылық, қазақ ауылын қайта құрудың сипаты (революциялық-демократиялық немесе социалистік), ауыл мен деревняны тауар-ақша қатынастарына тарту, «патриахалдық-феодалдық қатынастар» ұғымдарының мәні мен мазмұны сияқты мәселелерге бағыттады» [63, С.9] деген тұжырымды қолдауға болады.

Н.Алимбаев 1920 жылдардағы аграрлық реформалар негізінен ауылдағы дәстүрлі әлеуметтік қатынастарының материалдық негізін күйретуді мақсат етті [74] деп жазды. Бұл тұжырымнан аңғаратынымыз Н.Алимбаев аталған реформаларды қауымдық (дәстүрлі) қоғамдық құрылым жүйесін күйретудің құралы деп бағалайды. Саяси идеологиялық ұстанымдарға сай 1921-1923 жылдардағы ашаршылық және 1930 жылдардағы кәмпеске, отырықшыландыру, ауа көшу, кулактарды тап ретінде жою сияқты реформалардың жағымсыз әлеуметтік-экономикалық салдарлары «ақтаңдақ тақырыптарға» айналдырылды. Аграрлық қоғамның жойылуына балама ретінде социалистік индустрияландыру модернизациялық процестердің әлемдік тәжірибедегі жарқын үлгілі ретінде дәріптелді. Осы мәселеге байланысты тәуелсіздік қарсаңында көптеген зерттеулердің арасында И.М.Қозыбаевтың еңбектерін атауымызға болады [75, 75]. Кеңестік тарихнамада соғысқа дейінгі социалистік қайта құрулардың әлеуметтік-мәдени қырлары барынша белсенді түрде зерттелді. Соған сәйкес жарық көрген әдебиеттер де барынша қомақты болды. Өкінішке орай, ол зерттеулердің тарихнамалық, деректанулық тұрғыда маңызы болғанымен методологиялық тұрғыда және ұстанған ғылыми қағидаттары тұрғысында сын көтермейтін еді.

XVIII ғ. бас кезі мен XX ғ. 20-30 жылдардағы тарихты ғылыми қалпына келтіру бағытында жүргізілген зерттеулер тәуелсіз тарихи сана қалыптастырудың мемлекеттік тұжырымдамасы методологиялық басшылыққа алынды.

Бүгінде қолға алынып жатқан тарихи зердемізді қалпына келтіру ісі Ш. Уәлихановтан соң алғашқы тарихшы-марксистерге дейін қазақ тарихнамасының зерттеу дәстүрі болған жоқ деген кеңес дәуіріндегі аңызды жоққа шығарады. Қазақ халқының этникалық тарихын одан әрі зерттеу қазіргі тарих ғылымының негізгі бағыттары болып отыр. Белгілі фактілерді сипаттаудан бас тартып, көне және ортағасырлық тарихта қазақ мемлекеттілігінің пайда болуының теориялық мәселелерін, Еуразияның ұлан-ғайыр кеңістігінде болып өткен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарымен

тығыз байланыстыра зерттеу мәселесі қойылуда [6, Б.129] деп тұжырымдады М.Қозыбаев.

Тарихи зерттеулерді жаңа методологиялық ұстанымдар мен зерттеген Ж.Б. Абылхожинның [77], рулық-патриархалдық жүйеге жаңа көзқарас ұсынған Н.Э.Масановтың [78], дәстүрлі қоғамды модернизациялаудағы шаруалардың бас көтеруіне ұласқан қайшылықтар туралы Т. Омарбековтың [79;80] іргелі еңбектері кейінгі зерттеулерге негіз қалады. Тақырыпты тәуелсіздің қарсаңында қолға алған Т.Омарбековтың тұжырымдары өзінен кейінгі зерттеулерге бағдар болғандығын атап айтамыз. Оның «1929 жылдың өзінде Қазақстанда 30-дан астам үлкенді-кішілі халық наразылығы, бас көтерулері және толқулары орын алды» [81, Б.5.] деген пікірлері бұл күнде іргелі тұжырымға айналды.

Ғалымның «Билік «ұжымдастыруды қалай жүргізу керек екенін білмей жатып, оны «күлкілі» (орыс тіліндегі мәтінде «анекдотичных» деп берілген) жағдайда жүзеге асырады. Бұл Голощекиннің «күлкілі шаралары» қазақ халқы үшін, оның тарихында бұрынды-соңды болмаған «Ақтабан шұбырындыдан да» асып түсерлік қайғы-қасіретке алып келді. Голощекиннің «күлкілі шаралары» қазақ деген халықты жер бетінен құртып жіберуге шақ қалды» [81, Б.8.] деген тұжырымын айғақтайтын архивтік құжаттар жинақтары көптеп жарық көре бастады.

Осы тұжырымды тарқата келіп «үш жылға тарта уақытта Қазақстанда 372-ге тарта бұқаралық бас көтерулер болған. Осы санның өзі-ақ, күштеу мен зорлауға негізделген сталиндік режимнің халық тарапынан жаппай қарсылыққа кездескенін дәлелдесе керек. Бұл наразылықтар мен бас көтерулер әсіресе, 1930 жылы, яғни қазақ даласын ашаршылық апаты енді-енді жайлай бастаған кезде аса қаулай өсті» [81, Б.428.] деп жасаған тұжырымының да дәстүрлі қоғамның ыдырау, күйреу себептерін айқындаудағы маңызы үлкен.

Қазақ тарихының XVIII ғасырдағы кезеңін зерттеулердің Ресей мен Қазақстан арасындағы саяси қарым-қатынасының аясында қарастырылуы, негізінен зейін қойылған тақырып Қазақстанның Ресей империясына бодан болу тарихы болатын. Еуразия көшпелілерінің кешенді жолдарынан үзіп-жұлып, көшпелі ортадағы қауым, ру және меншік мәселесіне айтылған пікір талдауы ешқандай позитивті нәтижеге жете алмауында да осындай іргелі себептер жатыр.

Отандық тарихнамада соңғы кездерде қазақтың дәстүрлі қоғамының мәселелеріне назар аударылып, жаңа зерттеу әдіс-тәсілдері қолданыла бастады. Орталық Азия мен Қазақстанға қатысты Ресейдің әрекетінің мазмұнына баға берілгенде ұстанған методологиялық бағыттардың әр алуандығы осы әрекеттердің терминологиясының әр алуандығынан да көрініс береді. Ресей тарихнамасында отырықшылық өркениеті, яғни балама ретінде қарастырылды даоны дамудың төменгі сатысына жатқызды. Көшпенділерді жабайылар қатарына жатқызып келді. Шындығына келсек көшпенділерсіз отырықщылар өркениеті жоқ. Жалпы, әлемдік өркениетте

қазақ дәстүрлі қоғамы түрінде өмір сүру формасына айналған көшпенділер өркениеті өзінің төлтума, қайталанбас өнері, шаруашылық-мәдени тұрпаты, саяси және әскери жүйесімен ерекшеленетіндігі бүгінгі күні Отандық тарихта жеткілікті тұжырымдалды. Осы көшпенділер өркениетінің саяси жүйесін құраған хандық билік XV ғ. ортасы мен XVIII ғ. бас кезіне дейін өз өз дамуының бірнеше кезеңін бастан өткерді. Осыдан келіп қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихын, дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси институттардың қызметі мен рөлін тарихи танымға ұластырудың қажеттілігі айқын сезіледі.

Ресей империясының қол астында өрбіген ұлт-азаттық қозғалысының сыр-сипаты жөнінде 1921-1922 жж., 1931-1933 жж. аштықтар, күштеп өткізілген ұжымдастырудың концепциясы, «қазақ елінің Ресейге бодан болуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы» [82, Б.116] барлығы кешегі идеологияландырылған әкімшілдік-отарлау саясаты негізінде қалыптасқан болатын деген тұжырым ұсынады.

Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты коммунистік идеологиялық ықпалдан арылған Отандық тарих ғылымы гуманитарлық, демократиялық және жалпыазаматтық құндылықтар бағытында дамып, мәселені жаңа көзқараспен бағалауға кең мүмкіндік алды. Осындай талаптарды басшылыққа алып, тәуелсіздік жылдары М. Қозыбаев [6] пен А. Оразбаева [10], А. Артықбаевтың [23] еңбектері жарық көріп, дәстүрлі қазақ қоғамы тақырыбын жаңа мазмұнда игеруге үлгі болды. Қандай өркениет болса да өзінің шеңберінде томаға тұйықтықта дами алмайды. Өткен ғасырдың басында И. Гаспринский, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов кіші түріктер түрік әлемі еуропалық бағытта модернизациялау жолына түсуді уағыздалды. Бұл күні осы процесс әлемдік сипат алды [6, Б.91] дейді М.Қозыбаев.

Біз қарастырып отырған тақырыпты зерттеу нысаны етіп тұтас кезеңді дәстүрлі қоғам тарихы ретінде қарастыруға методологиялық негіз қалап берген ғалымдар қатарында М.Қозыбаев [6], Ж.Артықбаев [23], А.Оразбаева [10], А. Сейдімбек [4] т.б. еңбектерін айтқан жөн. Олардың еңбектері таптық-формациялық теорияның қағидаларынан бас тартып, тарихты өркениет теориясымен қарастыруы бойынша ерекшеленеді.

Өкінішке орай, кеңестік тарихнамада халқымыздың этникалық тарихы, оны түркілік негіздері мен рухани-мәдени, саяси-әлеуметтік және қандастық туыстық жөнінде жеткілікті зерттеулер бола қоймады. Ал кейінгі зерттеулерде этноцентристік көзқарастармен қарастырылғандықтан да жариялап жатқан мақалаларда бір-бірінен мүлде алшақ, кереғар, тіпті ақылға сыймастай қияли ауытқулар белең алып, жаңа қалыптаса бастаған тарихи санаға кері әсерін тигізіп жатқаны белгілі [53, Б.271]. Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы отарлық Кеңестік билік кезеңдерінде еуроцентристік көзқарас тұрғысында қарастырылғаны белгілі. Кеңес одағы тұсындағы тарих ғылымында біз қарастырып отырған мәселеге қатысты қандайда бір жүйелі зерттеулер мүлдем болған емес. Соған сәйкес мәселенің зерттелуі біржақты жүргізілді.

Көшпелі шаруашылық құрылымы – белгілі бір қызметті атқаруға бейімделген белгілі бір символдардың, түсініктердің тілі. Жалпы «көшпелі қоғам жеке адам ынтасына шексіз мүкіндік бермесе де шаруашылық, әлеуметтік, этникалық және саяси өмірдің ерекше құрылымы арқылы, әр адамның өз қасиетін танытуға толық жағдай жасайды» [83].

Белгілі деректанушы Қ.Атабаев Қазақстан тарихында XVIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап Ресей империясының, 1917 жылдың соңына қарай кеңес өкіметінің әртүрлі орталық және жергілікті әкімшілік-басқару, бақылау, тергеу және жазалау органдарында дүниеге келген, осы топқа жататын құжаттар қазақ халқының алдымен Ресей империясының, кейіннен Кеңес Одағының отаршылдығына қарсы өз тәуелсіздігі жолындағы күресінің баға жетпес дерегі міндетін атқарады. Халқымыздың бодандыққа қарсы, ұлт тәуелсіздігі үшін күресі барысында пайда болған бұл деректердің көлемі аса үлкен, формасы мен мазмұны әр алуан [84, Б.264] екендігін назар аударады. Бұл мәселелер әсіресе, дәстүрлі қоғамды ауылшаруашылық реформалары арқылы модернизациялаудың көрінісі ретінде орын алған кеңестік биліктің 20-30 жылдардағы реформаларының тарихын айғақтайтын архивтік құжаттарға тікелей байланысты.

Өзінің қазақ ауылы туралы білім түсінігі шолақ Голощекин 1930 жылы 21 сәуірде Орталық Комитет мүшелеріне жазған хатында: «ақырында мұны да мойындаумыз қажет, бастапқы кезде бандитизммен күресу тәсіліміз дұрыс болмады. Саяси тұрғыдан әсер етуге мән берілмеді. Ал бандылар туралы хабар құлағына тиісімен-ақ бұл хабарды ешқандай тексерместен ОГПУ отрядтар ұйымдастырып, окружкомдардың келісімдерімен және санкциялары бойынша мән-жайды айырмаған күйде және саяси жұмысты кейінге ысырып қойып, күресті әскери тәсілмен бастап та жіберіп отырды [76, Б.97-98]- деді.

1929 жылы БК(П) Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес Қазақстанға ішкі Ресейден 25 мың жұмысшы табының өкілдерін жіберу жоспарластырылды. Олардың арасынан 1204 коммунар ұжымдастыру деген желеумен ауылдарға жіберілді. Олар өмір бойына қазақ дегеннің қай ел екенін білмеген жат дінді шолақ белсенділер болатын. Сөйтіп, 1929 жылға қарай Қазақстанда 41 совхоз, 1881 колхоз, 1215 артель, 590 ТОЗ құрылды деп Мәскеуге ақпарат берілді [79]. Орталықтың шешімі бойынша қазақ жеріне келген «жиырмабесмыңдықшылар» таптық ұрандармен дәстүрлі қазақ қоғамына «реформа» жасаушылар еді. Шын мәнінде олардың өзгерістері дәстүрлі шаруашылықтардың тетіктерін күйретіп, оның соңы тұтастай елді ашаршылыққа ұшыратты.

Азиялық Ресейдегі барлық жер, кейбір ерекшеліктерді есептемегенде, қоғамдық меншікте болғандығын айту керек. Жерге жеке меншіктің соңғы түрі Қазақ даласында көбірек танымалдау болды. Әсіресе, Ресейдің азиялық бөлігінде жерді пайдалануды ұйымдастыру мен жерге құқық мәселелері 1906 ж. Столыпин реформаларынан кейін әбден шатастырылды. Шаруалардың жерге жекеменшік құқы жөніндегі үкімет жарлықтары шығыс аймақтардың жағдайына сай келмеді. [66, С.130]

Бұндай жағдайдың нақты мысалдарын архивтік құжаттардан да көптеп кездестіруге болады. Содан да қоғамдық меншіктегі жерді мемлекеттік меншікке айналдырудың нақты нормалары жерді пайдаланушы көпшіліктің наразылығына тап болды. Алайда басқа көзқарастың жеңіп шығып, Қазақстанның көп жылдар бойы Ресей империясының еуропалық бөлігінен келген қоныс аударушы шаруаларды егіншілік-отырықшыландыру арқылы отарлау обьектісі болғаны мәлім. Ондағы ойлары Ішкі Ресей губернелеріндегі жері аз, жерсіз крестьяндарды қазақ даласына, Сібірге, Орта Азияға көшіру еді. Алысты мегзейтін жоспарды жүзеге асыруға кірісу ісі 1895 жылы қолға алынды. Белгілі экономист Ф.А.Щербина егіншілік шаруашылығы министрлігіне шақырылып, қазақ даласына ұзақ мерзімге шығатын үлкен экспедицияны басқару тапсырылды. Басты мақсат: қазақтардың қыста қыстап, жазда жайлап жүретін жерлерінің «артығын» анықтау болатын. Экспедиция құрамы әртүрлі мамандар: ботаниктер, агрономдар, гидрогеологтар, географтар, топографтар, статистерден жасақталып, қосалқы қызметші, жұмысшылар жиналып алғаннан кейін 1896 жылы жолға шыққан да бірден жұмысқа кірісіп кеткен. Экспедиция басшысының атымен «Щербина экспедициясы» деп аталған. Оның құрамында қазақ зиялыларының бірі Әлихан Бөкейханов та болған еді.

Щербина экспедициясы қазақ даласында 1902 жылға дейін жеті жыл жұмыс істеп, Торғай, Ақмола және Семей облыстарына қарасты он екі үйездің жер-суын зерттеп, «артығын» анықтаған. Қай үйез, қай болыс, қай ауылдың жалпы жер көлемі қанша? Оның ішінде егінге жарамды неше десятина жер бар? Шабындық жерінің өнімділігі қандай? Жайылымдық жерлерінде қандай шөп өседі? Малды жылына қанша уақыт жаюға жарайды? Қыста қар, жазда жаңбыр болып жерге қанша ылғал түседі. Өзендері мен көлдерінің су қоры түпкілікті қоныс салуға жете ме? Жердің үстіңгі қабаты деп аталатын отыз метр жерге дейінгі тереңдікте қанша су бар? Одан төменгі тереңдіктен шыққан судың арыны қандай? Экспедиция мамандары осылардың бәрін зерттеп, бүге-шүгесіне дейін қарап, көздері жеткеннен кейін қағаз бетіне түсірген [83, Б.260-261]. Дәстүрлі шаруашылық жүйесін модернизациялаудың басты дерегі ретінде қолданылған осындай мәліметтер тек Щербинаның экспедициясында ғана емес, сонымен бірге көптеген экспедициялар тарапынан да жинақталды. Отандық ғалымдар өз зерттеулерінде осындай деректер кешенін молынан қолдана бастады. Тақырыптың деректік кешенін кейінгі бөлімде арнайы қарастыратын боламыз.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялаудың тарихнамасы барынша ауқымды екендігіне көз жеткіздік. Тақырыпқа қатысты тарихнамалық кезеңдердің саяси-идеологиялық мүддеге және методологиялық ұстанымдарға сай әртүрлі көзқарастармен талданып, баға берілгендігіне көз жеткіздік. Ең бастысы, дәстүрлі қоғамның табиғаты осы кезге дейінгі зерттеулерде жеткілікті ашылмады және оның шынайы болмысы ғылыми қалпына келтіріле қойған жоқ. Бұл жердегі ең басты

кілтипан – методологиялық ұстанымда және зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдерге қатысты болып отырғандығы белгілі болды. Демек, тақырыпты модернизация теориясының зерттеу мүмкіндіктерін қолдана отырып талдап, сараптауымыз бізге мәселенің ғылыми мәселелерінің шешімін табуға ықпал жасайды деп білеміз.

## 1.2 Дәстүрлі қазақ қоғамы тарихының дереккөздері

Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы тарихтың өзге тақырыптары сияқты деректерден құралатындығы даусыз. Әр тарихи оқиға мен құбылыстың да дереккөздерінің мазмұндық, сипаттық ерекшеліктері болатындығы рас. Сол үшін де тақырыптың идеясын ашатын, жасалатын тұжырымдарымыздың дәлелдеуші деректері ретінде зерттеуіміздің келесі бөліміні деректануға арнаймыз.

XVIII ғ. басында қазақтың саяси құрылымы үлкен соққыларды бастан өткерді. М.Қозыбаев дәстүрлі деректерге қатысты ой қорыта келіп,өз тарихын жазба ескерткіштері арқылы қалыптастыра ламаған халықтың тарихи жады ұжымдық зерде түрінде аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, тарихи жырлар, шежірелік аңыздар түрінде қалыптасатындығын айтады. Осындай ескілікті ескерткіштер қатарына тек этникалық процестерді бейнелеп қоймай, қазақ қоғамындағы әлеуметтік дәстүр мәдениетін (құқық, салт-сана, парыз, тәртіп нормаларын, отбасының қарым-қатынастарын) реттеу жүгін де көтерген халық шежірелері де жатады» [6, Б.167-168] деп тұжырым жасайды.

Ресей империясының отарлық саясаты алғашқы кезекте билік институттарына қатысты болды. Қазақ қоғамындағы ең жоғары билеуші ханның қолында атқарушы және заң шығарушы накты билік болмады. Қазақ хандарының өмірі мен қызметіне қатысты И.В. Ерофееваның іргелі еңбектерінде келтірілген деректер мен тұжырымдар [87] осы тарихи фактіні айғақтайды.

Қазақ қоғамында сол кезеңдегі өзгерістер жайлы дәстүрлі тарих мектебінің өкілі Құрбанғали Халид былай деп жазады: Бөкей мен Уәли хандар өлген соң, хандық біршама тоқталды. Хандық тоқтағанымен, төрелерді айлалап ұстау үшін, «аға сұлтан» мансабы жарияланып, ол үш жылға сайланатын болды. Әр дуанда бір кісі аға сұлтан болып, оған төрелер де үйренді. Бөкейден кейін Уәлидің Шыңғыс деген баласы әке орнына төрт-бес жылдай орнына хан болғанымен, ешқандай орыс әкімдерін көрген жоқ. Аға сұлтандарды сайлау төрелер мен ел жақсылары арасында үш жылда бір өтіп, ел сайлап губернатор бекітіп тағайындалатын. Тек бұл мансапқа төре де, қара да сайлана беретін, халық тілесе болды. Оған мысал Қарқаралыда Құнанбай мырза Өскенбайұлы, Ақмолада Ибраһим қыпшақ, Баянауылда Қаржас Мұса Шормановтар бірнеше рет сайланғандар. Тіпті Мұса мен Ибрахим 20 жылға дейін аға сұлтан болды [88, Б.163].

Бүгінгі күнге дейін ғасырлардан бері үзілмей жалғасқан дәстүрлі тарихи жад Еуразияның Ұлы даласындағы көшпелілердің ру-тайпалық тұтастануын нақты дәлелдеп отыр. Сондықтан да А.Сейдімбек қазақтың шежіре тарату дәстүрін тарихи танымның елеулі бір саласы ретінде қарастырады.

Көшпелі өмір-салттағы қазақ қоғамының құрылымдық бірлігі ру-тайпаға негізделген. Мұндай қоғамда әрбір адамның мал-мүліктік және әлеуметтік әлеуеті ру-тайпа аясындағы алар орнына ғана байланысты емес, сонымен бірге ру-тайпаның қарым-қуатына да тікелей байланысты болған. «Жігітке бақыт та оңай, дәулет те оңай, егерде қабырғалы болса халқы» деген сөзді Кердері Әбубәкір осындайда айтса керек. Мұндай жағдайда әрбір адамның барша тіршілік-тынысы ру-тайпа өмірімен біте қайнасып жатуы заңды. Нәтижесінде, көшпелілер қоғамындағы ру-тайпалық жүйе әрбір жеке адамға қамқоршы, қорғаушы, болып отырған. Яғни, ру-тайпа атаулы өз аясындағы адамдарға пана, жоқтаушы болған және мұндай үрдіс бүкіл қазақ қоғамының әлеуметтік- этникалық дәстүрі мен әдетіне (заңына) айналған» [5, С.48] деген ойларды алға тартады.

Қазақ дәстүрлі қоғамына қатысты нақты жазба деректер қазақ жерінде отарлық билік жүргізген зерттеу-іздестіру шараларының барысында қалыптасты. XIX ғ. соңы – XX ғ. басында қазақ жеріне Ресейдің ішкі аудандарынан қоныстанушыларды орналастыру мақсатында қазақтардың артық жерлерін анықтау мақсатында ұйымдастырылған экпедициялар барысында орасан зор деректер жинақталды. Бүгінгі күні ол деректердің зерттеушілер үшін деректік маңызы зор. Дәстүрлі қоғамның көшпелі-отырықшы шаруашылық-мәдени тұрпатты-өзінің төлтумалығымен (уникальность) ерекшеленді. Бұл тұжырымды құрған баяндаумен айтып отырғанымыз жоқ. Революцияға дейін қалыптасқан дәстүрлі қоғамды айшықтайтын ресми деректер біздің сөзімізге дәлел бола алады. Айталық, XX ғ. бас кезінде отарлық билік қазақ аулына модернизация жасау мақсатында әрбір ауылды әлеуметтік-экономикалық ахуалы, этникалық ерекшелігіне және т.б. жүзден астам өлшемдер бойынша зерттеу жүргізген «Қырғыздардың жер пайдалану бойынша материалдар» деген атпен әр уез бойынша барлығы 27 томдық еңбек жарық көрген. Осы жинақтың дәстүрлі қоғам жайлы деректері бүгінгі күні аса үлкен маңызға ие болып отыр. Бұндай ақпараты мол дереккөз өзге халықтарға қатысты жасалмағандығы оның деректік құндылығын арттыра түседі. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы модернизациялық процестерді ғылыми қалпына келтіруде» [85, Б.41.] осындай құнды еңбектерге деген зерттеушілер тарапынан қызығушылық артып келеді»

Ресей империясының модернизациялық процестегі отарлық саясаты алғашқы кезекте билік институттарына қатысты болды. Отарлаудың бастапқы кезеңінде қазақ қоғамындағы ең жоғары билеуші ханның қолында атқарушы және заң шығарушы нақты билік болмады. Қазақ хандарының өмірі мен қызметіне қатысты И.В.Ерофееваның іргелі еңбектерінде

келтірілген деректер мен тұжырымдар [87] осы тарихы фактіні айғақтайды. Бейбіт кезде «...хан всегда был только своего рода модератором политического процесса, координатором дискуссиий, нейтральным арбитром в спорах, полводником идей консенсуса, а в период военных действий казахов – еще и военным вождем» [90, С.117]. Қазақ хандығының өзімен көрші Ресей, Қоқан, Хиуа хандығы, Цин империясымен саяси-экономикалық байланыстары, өктем саясаты және отарлау әрекеттері барысындағы сыртқы факторға ішкі тоқыраушылық, саяси ыдыраушылық факторлары қосылды. Нәтижесінде үш жүздің басын қосатын аға хан институты жойылды.

Саяси бытыраңқылық жағдайы Ресейдің тарапынан Кіші жүз бен Орта жүз аумағын өз ықпал аймағына қосып алуды тездетті және жеңілдетті. Ресейдің модернизациялық процестерінде өз ықпалына тартылған территория басты мәнге, ал оны мекендеген халықтар қосалқы мәнге ие болды. «Ең бастысы жерін қосып алдық, елі қайда кетеді» деген отарлық астамшыл пиғыл модерницазиялық әрекеттен анық аңғарылып тұрды. Қазақ жерін әскери шептермен қоршап алуға баса мән берген. Отарлық әскери әкімшілік «қоршау» ішіндегі елдің мүддесін ескермеді.

Осыған байланысты А.Оразбаеваның «Былые годы» журналына жариялаған мақаласында «...халықтар (мысалы, Ибн Халдунның пікірінше берберлер, түріктер және оларға туыстас түрікмендер және славяндар), шөл далада жабайы өмір сүрушілер – олардың қатал өмірі, өмірдің қатал жағдайлары мен өмір сүруі қиын жерлерде болды, оларды осындай қажеттілікке жеткізді. Бұл сезімнің күшін жоғалтқан халық сәтсіздікке ұшырап және алдында тұрған мақсаттарын іске асыра алмайды» [91] деген тұжырымын айта кетуіміз керек.

Осындай тосқауылдан өтіп шыққан қазақ елінің XVIII ғ. тарихын, одан бұрын жүріп өткен ізін зерделейміз деген ғалымдар, қасаң еуропоцентристік методологияның тұсауына шырмалды.

Көшпелі шаруашылық типі белгілі бір территориямен оқшаулауға көнбейді, ондай оқшаулау әсіресе құрғақшылық, жұт жағдайында малдың жағдайын жасау жүйесіне кедергі келтіретін еді. Отарлық билік қазақтардың көші-қоны мен мал жайылымына қатаң шектеу енгізуінің алғашқы әрекеті Кіші жүз қазақтарының Жайық өзенінің оң жағалауына көшіп-қонуына тиым салуы түрінде көрініс тапты. Осы күштеу әрекеті 17 жылға созылған Сырым Датов бастаған көтерілістің ең басты дәлеліне айналды. Көтеріліс нәтижесінде отарлық билік ішінара консенсусқа барғанымен, 1802 жылы Ішкі Орда (*Внутренная Орда, Букеевская Орда - Г.И.*) деп аталатын ерекше территория құруымен аяқталды. Шын мәнінде, Бөкей Ордасы қазақ жерінде жүргізілетін империяның модернизациялық әрекеттерін сыннан өткізетін плацдармға айналды.

Бір сөзбен айтқанда, дәстүрлі қоғамда қоғамдық қатынастарды регламентация жасауды Ресей империясы күштеп таңды. Екі ғасыр бойына империя көшпелілерді өз әкімшілік бақылауына алуға бағытталған саясат жүргізді. Отарлық билік органдары көшпелілердің көшіп-қону аймағын

шектеді, қазақтардың көшпелі топтарын округке, дистанцияларға, болыстар мен уездерге бекітіп қойды. Осы әкімшілік бірліктер аумағында салық төлеуге мәжбүрледі.

Сырым Датов бастаған көтерілістен соң орын алған басқа да көтерілістердің барлығының отарлық билікке қарсы қарулы күрестерінің ең басты дәлелі осы әкімшілік-территориялық жүйенің, салық саясатының, басқа да мемлекеттік институттардың күштеп модернизациялануы болатын.

XX ғ. 20-30-жылдарының тоғысында біздің елдің экономикасы мен қоғамдық-саяси өмірінде ұзақ және азапты онжылдықтар бойы «күштік» саясаттың жалпы рухы билік етті. Ауыл шаруашылығындағы бұл бұл реформалардыңапатты да қайғылы салдары болды. Ауыл шаруашылығы саясатының алдыңғы қатарына қойылған экономикалық емес императивтер шаруаларды кооперациялау туралы лениндік идеяны бұзып, оны социализмге жат әдістерге және ең қатыгез командалық-әкімшілік терророға ауыстырды. «Ұлы бұрылыс нүктесі» қоғамның болашақ проблемаларын біртіндеп дайындап, ауыл құрылымдарын аяусыз бұза бастады. Осы жағдайларда тікелей өндірушілер арасындағы ынтымақтастық процесінің негізгі қозғаушысы бұқараның шынайы шығармашылығы мен «төменнен» жүзеге асырылған экономикалық мақсаттылық емес, оның заңсыз қауіпсіздік жүйесімен «жоғарыдан» санкцияланған қатал күш пен мәжбүрлеу болды. Бұған алғашқы дәлелдердің бірі ауылшаруашылығын ұжымдастырудың аймақтық мерзімдері мен ставкаларын директивті түрде белгілеу фактісі болды, бұл кезде бүкіл ел әскери операциялар театры сияқты плацдармдары мен эшелондық науқанның алға басу аймақтарына бөлінді [77].

Ал кеңестік биліктің алғашқы жылдарында большевиктердің іске асыруды қолға алған идеологиялық және экономикалық міндеттері қазақтардың ашу-ызасын одан сайын күшейтті. Олар Қазақстанға өзге аймақтардан «кулақтарды» жер аударып жіберді. 20-30 жылдары болған ұжымдастыру жұмыстары, соңынан көшпелі мал шаруашылығының жойылуы қазақ даласындағы ашаршылыққа және одан аман қалған жүздеген мың халықтың елден безіп, шетелдерде бас сауғалауына алып келді. Соның салдарынан солтүстік өңірде қалған қазақтар да басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүр болды. Осы саясаттың барлығы қазақтың жанына салмақ салды. Халық ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі кәсібімен, көшпелі өмір салтымен қоштасуға мәжбүр болды. Қазақтардың өз жеріне деген көзқарасы да өзгерді. Тек ерекше жағдайда ғана олар дәстүрлі тамақтары мен көшпелі өмірдің салт-дәстүрі туралы естелік айтқанмен, сол замандағы өмірді аңсамайды [92, Б.323].

Б.Я. Владимирцевтің «Көшпелі феодализм» теориясы сияқты тұжырымдарды көшпелі қоғамды зерттеу моделі деп қабылдау ең басты методологиялық қателік болмақ. Бұл жөнінде М. Қозыбаевтың «Тәуелсіз елдің мүддесін әлемдік қорғау үшін өткенді біліп, бүгінгіні талдап, болашақты болжау керек. Тарихи сананы қалыптастыру өмір мүддесінен,

тәуелсіз мемлекет мүддесінен туындайды» [6, Б.100] деген тұжырымы қуаттауға лайық.

Көшпелі өмір салтындағы қазақ қоғамын Кеңестік биліктің алғашқы жылдары модернизацияны жаңа модулі – Кеңестік үлгісі күтіп тұрды. Маркстік таптық-формациялық концепция бойынша дәстүрлі қоғамдағы қазақтар капиталистік қоғамнан аттап өтіп социализмге» топ ете қалуы керек еді. Бір қоғамнан екінші қоғамға трасформациялану үлкен сілкіністерсіз, әлеуметтік апаттарсыз болмайды деген коммунистік насихатты саяси қуаты орасан зор ед. Билікке жетіп, орнынан Кеңес өкіметі қазақтың отарлық кезеңде басталған трансформациялардың шұғыл іске асыруға кірісті. Дәстүрлі қоғамның шаруашылығы, әлеуметтік құрылымы және саяси жүйесі бірінші кезекте модернизациялауы тиіс болды.

Соның айқын бір мысалы ретінде Қазақстандағы индустрияландыруды айтсақ болады. 1920-1930 жж. жүргізілген қарқынды индустриялық даму жоспары астық мәселесін өнеркәсіптегі миллиондаған жұмысшылар мен қызметшілерді азық-түлікпен қамтамасыз ету міндетін шешуі тиіс болды. Оның үстіне индустрияландыруға қажетті валюталық қаражат көлеміне тек астық сатуды ұлғайту арқылы қол жеткізуге болатын еді [94, Б.257 ].

1927 жылы VI Жалпықазақтық Өлкелік партия конференциясында сөйлеген сөзінде Ф. Голощекин Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы жер қатынасының отарлық сипатын мойындап, Қазан төңкерісінен соң осы мәселедегі большевиктер саясатын үш кезеңге бөледі. Оның ойынша, алғашқы кезең 1917 жылғы Қазан төңкерісінен 1925 жылға дейін созылады. Екінші кезең 1925-1927 жж. қамтыды, 1927 жылы үшінші кезең басталды. Алғашқы кезеңнің басты шарасы Оңтүстік Қазақстанда 1921-1922 жж. жер-су реформасы дей келе, Ф.Голощекин былай деген еді: «Қазан революциясынан соң доңғалақты кейін және тіптен шұғыл, революциядағыдай бұру керек болды. Мұның өзі мынандай қажеттілікті туғызды: қазақ халқының отырықшылануына және орналасуына еш мүмкіндік бермей отырған және орасан көп жерді иемденіп отырған халықтың еуропалық бөлігінен артықшылықтарды алып тастау керек болды. Оңтүстік Қазақстандағы жер реформасын осымен ақтауға болады [94, Б.28-29].

Батыстық методологияның өкілі А.М. Хазанов Еуразия көшпелілеріне тән рулық-тайпалық құрылым қоғамның ұйымдық негізі болып табылған дей келе, территориялық байланыстардың айтарлықтай маңызы болмағанын былай деп ескертеді: «Барлық Еуразиялық көшпенділердегі әлеуметтік ұйымның нысандары олардың барлығында айтарлықтай ұқсастықты көрсетеді. Аумақтық байланыстар жаулап алған жағдайда және седентаризация процестері дамыған кезде ғана дамиды» [65, С. 129].

Хазановтың бұл тұжырымы ары қарай талдауды қажет етеді. Жоғарыда қазақтың рулық-тайпалық құрылымы және соған негізделген саяси-әлеуметтік жүйесі төлтума көрініс екендігін айтқан болатынбыз. Демек, Хазанов айтқандай қазақ қоғамының еуразиядағы өзге көшпелі халықтармен ұқсастығынан ерекшілігі басым болатын. Ал «аумақтық байланыстарды

жаулап алушылық және седентеризация процестері арқылы дамиды» деген пікірі отаршылдықты ақтауға бағытталған деп айта аламыз. Өйткені, қазақ қоғамында аумақтық (көрші аймақтармен, елдермен) байланыстың өз дәстүрі, формалы орныққан және тиімді жұмыс атқарып тұрған болатын. Дәстүрлі қоғамдағы ру-тайпалық құрылым – мемлекеттік саяси, әкімшілік-аумақтық құрылымы қызметін атқарып келсе, кеестік модернизация үшін ол артта қалушылық ретінде бағаланды [57, Б.275].

Біздің ойымызша ру тақырыбындағы әңгіменің қашанда қазақ қоғамын кейін тартып отыруы да қоғамның құрылымының, оның ішінде генеологиялық және әлеуметтік құрылымының ара-қатынастарын ашып көрсете алмаудан келіп туындаса керек.

Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы отарлық Кеңестік билік кезеңдерінде евроцентристік көзқарас тұрғысында қарастырылды. Еуропоцентристік ойлау жүйесі Ресейге XVIII ғ. ортасында ене бастады. Соған сәйкес мәселенің зерттелуі біржақты жүргізілді. Тәуелсіз қоғамымыздағы зерттеулерде мәселеге жаңа теориялық әдіснамалық тәсілдер қолданып келеді. Дегенмен, дәстүрлі қазақ қоғамының саяси әлеуметтік құрылымының тарихы толығымен ғылыми қалпына келтіріле қойған жоқ.

Дәстүрлі қоғам – саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани құбылыс қана емес, ол сонымен бірге үнемі өзін-өзі жетілдіріп, дамытып отыратынжанды организм сияқты.Өйткені этникалық құрылымын өмір сүруіне қажетті құрауыштар (компоненттер) қауымның өз ішінде туындап, этноәлеуметтік жүйенің біртұтастығын қамтамасыз етеді.  Осы біртұтастықтың құрамында әлеуметтік-экономикалық, саяси-әскери, мәдени-руханижәне идеологиялық жүйелер мүлтіксіз жұмыс істегенде ғана мемлекеттік қуаты артады, жасампаз сипатқа ие болады. ал дәстүрлі қоғамның ыдырау процесінің бастапқы аталған жүйелердің қызметіндегі ішкі байланыстардың үзілуінен туындаса керек. Ұлы Дала өркениетіндегі этностарға тән ең басты сипат –оның аталған жүйелерін бір-біріне бөліп қарастыруға болмайтындығы. Дәстүрлі қоғам тарихына арналған кеестік тарихнамада аталған жүйенің кейбір құрауыштарын жеке қарастырудан барып жасалған тұжырымдардың сыңаржақтылығын сыры осы. Осы орайда «қазақ үшін өз санасында да, өзгенің көзінше де өздерінің ұлттық тұтастық сезімін қалпына келтіру – маңызды іс» [92] – екендігі есте болуы керек.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы төлтума құбылыстардың бірі – билеуші әулеттің Шыңғыс хан, оның ұлы Жошы ұрпағынан тарайтындығы және биліктің мұрагерлік жолмен демократия қағидалары сақтала отырып берілетіндігі. Хан сайлаудың қалыптасқан осы дәстүрі бір кезде халықтыбіріктіруші, тұтастандырушылық мәнге ие болса, белгілі бір кезеңде сператистік әрекеттерге негіз болып, саяси ыдыраушылыққа соқтырғаны белгілі. Бұл жағдай дәстүрлі билеуші этникалық қалыптасуы мен қызметін жаңа методологиялық және пәнаралық байланыстар тоғысында зерттеуді қажет етеді. Осындай зерттеулер билеуші әулеттің тарихына қатысты тән тұжырымдар қалыптастырар еді [98, Б. 199].

Ресей тарихшысы А.П.Чулошниковтың дерегінде көрсетілгендей дәстүрлі қазақ қоғамында белгілі бір әлеуметтік топтарға салық төлеуде және басқа да жағдайларда жеңілдіктер берілген. Ол әлеуметтік топ өкілдері, мемлекеттік құрылымдарды ресімдеу, соғыс қақтығыстары кезінде көшпелі ұжымдарды басқару және т.б. құқықтарды пайдаланды. Бірақ күнделікті қалыпты кездерде, әдетте, тархандардың пұрсаттылығы ұмытылып, ал бұл әлеуметтік топтың рөлі мәнін жойды.

И. Ерофеева дәстүрлі қоғамның элиталық тұлғаларының қатарына батырларды қосады. Адамдарды өз ерлігінің үлгісімен ізіне ерте алатын, көбінесе басқыншылыққа қарсы бүкілхалықтық күрестің ұйымдастырушылары, яғни халықтың шексіз сеніміне бөленген адамдар керек болып шықты. Негізінен халық батырлары сондай адамдар болған еді.

XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы батырлар тобы қоғам өміріндегі саяси оқиғаларға ат салысты. Әсіресе, батырлардың белсенді әрекеті осы тарихи заманда Кенесары, Исатай, Махамбет, Жанқожа, Есет, Тентектөре бастаған ұлт-азаттық көтерілістер кезінде айқын көрінді. Осыған байланысты зерттеу жұмысымыздазерделенген тарихи жырлардағы батырлар жайындағы мәліметті бір жүйеге түсіруге тырыстық.

Батырлар жыры мен тарихи жырларды зерттеу ісімен ұзақ жылдар бойы Е.Ысмайылов айналысты. Ол батырларды: «XIV ғасырға дейінгі болған қаңлы-қыпшақ заманының батырлары, XIV-XVI ғасырлардағы ноғайлы заманының батырлары, XVII-XVIII ғасырдағы батырлары» [84, Б.128] - деп қазақтың жалпы батырлардың шыққан уақыты мен заманының ерекшелігіне қарай бірнеше топқа бөлген. Кейінгі зерттеулерде Кенесары Қасымұлы бастаған азаттық қозғалысқа қатынасқан батырлардың есімдерін анықтау, олардың шығу тегі мен өскен ортасы, қару-жарақтары мен соғысу тәсілдері арнайы қарастырылды.

Осыған байланысты қазақтың алғашқы ағартушыларының бірі Ш.Уәлихановтың соңына қалдырған шығармашылық мұрасын да дереккөз ретінде қарастыруымызға болады. Ш.Уәлиханов дәстүрлі қоғамдағы билер сотының рөлі туралы «Бұл сот, біздің халық тұрмысының жағдайларын қанағаттандырады, сондықтан билер соты мен олардың съезін ескі халықтық формада қалдыру қажет» [99, Б.90] деген қорытынды пікір білдіреді отарлық биліктің сот реформасын жасау әрекеті кезінде. Өйткені, оның дерегі бойынша қазақ облыстарында жүргізілетін «сот реформасы бойынша біздің жұмысымыздан келтірілген мақаладан (очерктен) халықтың қалың көпшілігінің қалауы билер сотын ескі халықтық формада қалдыру болса, ал шенеунік дәрежесі жоғары және бай қырғыздардың жеке мүдделері, керісінше, билер сотын түп негізінен өзгерту болғанын айқын көруге болады» [99, Б.91] дейді.

Сонымен бірге Шоқан дәстүрлі сот жүйесін қолданыста қалдырудың қажеттілігі бойынша «Егер қырғыз халқының қоғамдық өміріне тіптен көп жаңа элементтер әкелген 40 жылдық орыс билігі қырғыздың ескі билер сотына ешқандай ықпал ете алмаған болса, егер осы ескі билер соты орыс

заңнамасының, мысалы, 1854 ж. заң, жағымсыз шарттарына төтеп бере алатын болса, оның қырғыз халқының қазіргі дамуын толық қанағаттандыратыны түсінікті» [99, Б.97] деген дәлел келтіреді. Отарлық биліктің дәстүрлі қоғамдағы билік құрылымдарының шынайы мәнін толығымен танып білмегендігі сияқты, ол биліктің ұстанған модернизация желеуімен далалық өмір салтына еуропалық құндылықтар стандарттарын тықпалауы да ақиқат еді.

Шоқан қазақ даласына ұсынылып отырған сот жүйесі мен отарлық билік үсынған сот жүйесінің айырмашылықтарына да талдау жасайды. Оның жазуында «Орыс губерниялары үшін жобаланған бітімгершілік сотының бастамасы өзінің көптеген идеяларында қырғыз халқына қатысты дұрыс қолдануға келмейді. Сот реформасы туралы мәселе бойынша пікір алу кезінде қырғыз халқының басым бөлігінің қалауы қандай да бір өзгертулер мен толықтыруларсыз-ақ көне билер сотының пайдасына білдірілгендігіне» [100, Б.103] қарамастан қазақ жеріне әбден берік орналасқан отарлық биліктің саяси жүйесі өз дегенін жасап, ешқандай өзгеріссіз өз сот жүйесін енгізді.

Қазақ даласында XIX ғ. екінші жартысынан батырлар институты маңызынан айырылды. Осылайша «дәстүрлі қазақ қоғамына тән батырлар институтының жойылуымен қазақ халқының қоғамына тән құндылықтары да бірге жойыла бастады» [24, Б.150].

Көшпелі қоғамның үстемдік етуші бөлігінің өкілдері болған әр түрлі сословиелік топтармен және қауымның еркін мүшелерімен қатар, Қазақстанда тәуелді халық санаттары – құлдар мен төлеңгіттер болды.

Сұлтандар сословиесінде қызметте жүрген адамдар төлеңгіттер деп аталды. Бұл топтың пайда болуы өзара қырқыстарға және жоңғарларға қарсы көп жылдық күреске байланысты, сол кезде жоғарғы биліктегілер мен оның өкілдері сұлтандарға «қызметші» адамдар өте қажет болған еді [46, Б.19-29].

XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан қазақ мемлекеттілігінің жойыла бастауынан төлеңгіттердің әлеуметтік жағдайы да өзгерістерге ұшырады. XVIII ғ. далалық билеуші әулет Шыңғыс ұрпақтары, соның ішінде сұлтандар өз иелігіне ала алған болса, XIX ғ. бірінші жартысынан сұлтандар бұл құқықтарынан айрылып, кезекте билер және ағамандар (старшындар) да төлеңгіт ұстау құқын алды.

Қазақ хандығы дәуіріндегі ғылыми еңбектер, монографиялар, шешендік сөздер – билердің үкімдері, шешімдері – дәстүрлі қазақ тарихын айқындайтын дереккөздері болып табылады. Бұл аталғандардың барлығы дәстүрлі қазақ тарихының дәстүрлі дереккөздері болып саналады. Бұл дереккөздерде қазақ қоғамындағы қоғамдық саяси процестер барынша айқын танылады. Дегенмен, мұндай дәстүрлі деректерді жазба деректермен салыстыра отырып, пайдалану көп мәселеге айқындық береді. Осы құқықтық құжаттар туралы біршама зерттеулер жүргізілгендігін айтуымызға болады. Деректердің басым бөлігін жазба деректер құрайды. Дәстүрлі қазақ қоғамының революцияға дейінгі кезеңін отарлық биліктің әртүрлі деңгейдегі

шенеуніктері мен ғалымдары (Вельяминов-Зернов, Вяткин) қалыптастырды. Сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялауды іске асырудың дереккөздері қатарында патша өкіметінің қабылдаған құқықтық нормативтік құжаттары құрайды. Солардың қатарында Кіші және Орта жүзде хандық билікті жойып, билік құрылымдарын трансформациялаған 1822-1824 ж.ж. Жарғылар, 1867-1868 ж.ж. әкімшілік-реформалар, 1892-1893 жылдардағы реформалар, Столыпин реформаларының құжаттары, мемлекеттік Дума сайлауына қатысты құжаттар.

Кеңестік кезеңде дәстүрлі қоғамға қатысты зерттеулер жүргізген отандық авторлардың қатарында С.Е. Толыбеков пен С.З. Зимановтың іргелі еңбектерінді көптеген деректер ғылыми айналымға ұсынылды. Олардың зерттеулері қазақ қоғамын феодалдық қатынастардың үстемдік кезеңі ретінде қарастырған методологиялық ұстанымдары бүгінгі күннің тарихи таным талаптарына сай келмегенімен дәстүрлі билік институттарының қызметін, рулық-тайпалық құрылымның мәні мен мағынасын ашқан тұжырымдары ескіре қойған жоқ.

Кеңестік билік орныққаннан кейін, дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялаудың жаңа сипаты, мазмұны қалыптасты. 1921-1922 ж.ж. жер-су реформасы, 1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеу, 1928 жылғы байлар мен ірі феодалдарды кәмпескелеу туралы заңдар мен үкіметтік қаулы-қарарлар, нормативтік құжаттар жатады. Отырықшыландыру және ұжымдастыру туралы Орталық және Республикалық үкімет Қаулылары мен қабылданған заңдары да деректік маңызға ие. Зерттеуіміздің хронологиялық шегінің қорытындысы ретінде белгіленген 1932-1933 жж. ашаршылыққа байланысты БК(б)П, ОК мен КСРО ХКК, БОАК қабылданған қаулыларын айтуымызға болады.

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ дәстүрлі қоғамы тарихының дереккөздері болып табылатын архив құжаттары көптеп жарық көрді. Солардың қатарында И.В.Ерофееваның құрастырған жинағының деректік маңызы үлкен [87].

Диссертацияда архив материалдарының әр кезеңінде жарық көрген құжаттар жинақтары да пайдаланылды. Кеңестік кезеңдегі реформалардың апатты демографиялық салдары ашаршылыққа ұрындырғандығы белгілі. Осы кезеңге қатысты соңғы жылдары жарық көрген ашаршылыққа қатысты құжаттар мен материалдар жинақтары [101], [102] зерттеуіміздің барысында қолданылды.

Қорыта айтқанда, осылайша, ашаршылықтан, отаршылдық езгіден зардап шеккен миллиондаған жұмысшы адамдар социалистік мағынадағы «инновацияларды» қабылдауға мүлдем дайын болмады. Дәстүрлі өмір салтын күрт бұзу, шешуге мәжбүрлеу, мәжбүрлеп ұжымдастыру, иеліктен шығару және тәркілеу, ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік сатып алу саясаты оларды аштықтан өлім алдында тұрған адамдарды Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдастырылған әрекеттерге итермеледі. Кең көшпелілер қозғалысы

республиканың көптеген аймақтарындағы халықтың қарулы қарсыласуымен қатар жүрді.

### 1.3 Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихын зерттеудің методологиялық және методикалық ұстанымдары

Дәстүрлі қоғамды трансформациялау барысында екі бағыт - модернизациялау және этнодеформациялау тәсілдері қатар іске асқандығын кейінгі тараушаларда талдайтын боламыз. Дегенмен осындай күрделі мәселелерге методологиялық баға берілуі керек. Сонымен бірге қазақ дәстүрлі қоғамының аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға трансформациялануына қатысты осы кезге дейін орныққан еуропоцентристік және оған қарама-қарсы этноцентристік тұжырымдар сыни тұрғыда бағалануы тиіс.

Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанға қатысты Ресейдің әрекетінің мазмұнына баға берілгенде ұстанған методологиялық бағыттардың әралуандығы осы әрекеттердің терминологиясының әралуандығынан да көрініс береді. Осы мәселенің тарихнамасында Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алу; Ресейдің Орта Азияға экспансиясы; Түркістанды отарлық басып алу; өлкені отарлау және т.б. ұғымдарды білдіретін терминология қалыптасты.

К.Нұрпейістің пікірінде ұлттық тарихқа деген методология «русскоцентризм көзқарасымен алмастырылды. Оның мәні Ресей мен КСРО құрамындағы халықтардың (олардың қатарында қазақ халқының да) өркениетке қол жеткізуі орыс мәдениеті, орыс және кеңес империясының қамқорлығының нәтижесі дегенге саяды. Тәуелсіз Қазақстан шындық тарихын жазу үшін осы русскоцентризм идеясынан толығымен арылу қажет» [103]. Қазіргі зерттеулерде басшылыққа алынатын ұстанымның бірі ретінде европоцентризмнің қағидаларына сын көзімен қарау дегеннің аясында осы «русскоцентризм» ұстанымдары да болуы керек.

Қазіргі кезде тарихи оқиғалардың шынайылығы мен жалпы қисынға сәйкестігі тұрғысында әр затты өз атымен атау керек. Тарих философиясының заңдылықтарымен бағаласақ, Ресейдің Орта Азия мен Қазақстанға қатысты XVIII–XX ғ. бас кезінде жүргізген әрекетіне қатысты жоғарыдағы аталған терминдер мен ұғымдарды «трансформация традиционного общества» деген ұғымға сыйғызамыз. Аймақтағы халықтардың дәстүрлі қоғамы ерте ме, кеш пе немесе Ресейдің қатысуымен, әлде оның қатысуынсыз ба, әйтеуір іске аспай қоймайтын қажеттілік болатын. Ресейлік фактор бұл тарихи процесті жеделдетті. Ал «өз еркімен қосылу», «жаулап алу», «экспансия», «колонизация», «прогрестік рөл», «реакциялық сипат» ұғымдарын дәстүрлі қоғамның жаңа қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық қоғамға трансформациялануын сипаты мен мазмұнына қарай «модернизация» және «этнодеформация» ұғымдарының аясында қарастырамыз.

Модернизация теориясы негізінде әлеуметтік-экономикалық детерминизм принциптерін қолдану арқылы қазақ дәстүрлі қоғамының тарихына талдау жасалуы керек.

Революцияға дейінгі және кеңестік тарихнамада Орта Азия мен Қазақстанның Ресейге қосылуы немесе жаулап алыну тарихы атүсті, қарама-қайшылықты тұрғыда мазмұндалды. Осыған байланысты Х. Пирумшоев «Если русские дореволюционные исследователи старались показать этот процесс қақ «благородное, гуманистическое действие» передовой цивилизованной страны по отношению к «отсталым и диким» народом с намерением втянуть их в русло мировой цивилизации (этим прикрывали колониальная и великодержавное амбиции официальных властей), то советские исследователи, указывали на эти действия как на реакционную политику царизма» [104, С.123] деген пікір білдіреді. Сонымен қатар осы тарихи актінің прогресті салдарларына басымдық берілді.

Этноцентристік концепцияны басшылыққа алған зерттеулер Қазақстан тарихын әлемдік тарихтан бөлек, оқшаулап қарастырып келеді. Бұл мәселелерде ресейлік және еуропалық тарих ғылымының тарихнамалық теориясы мен практикасы ұлт аймақтары тарихшыларының танымынан жоғары тұрады. Олардың зерттеулеріндегі басты методологиялық ұстаным европоцентризм, ал дәстүрлі қоғамға қатысты оседлоцентризм тұжырым болып келеді. Қазақ халқының дәстүрлі санасына үстемдік еткен осы екі методологиялық тұжырымның ықпалынан арылуға бағытталған этноцентристік ұстанымдағы зерттеулер теориялық-методологиялық шектеулікке тап болды.

Еуразия далалық белдеуіндегі Қазақ тарихы Шығыспен де, Батыспен де саяси-мәдени сұхбатта болды. Әрине, өз мәдени-тарихи құндылықтарымен араласты ол сұхбатқа. Осы тұрғыдан қарастырғанда дәстүрлі қазақ қоғамы этноәлеуметтік ұйымдасуы бойынша қайталанбас ерекшеліктерге ие.

Орыс тарихшысы Н.Я.Данилевскийдің «Біртұтас әлемдік тарих деген жоқ, тек жекелеген өркениеттер тарихы ғана» Бұл тұжырымын келісер болсақ әлемдік тарихты кеңестік пен уақыт өлшемінде жіктеп, ең алдымен өркениеттердің бір-біріне тигізген ықпал әсерлерін айқындауға баса назар аударуға тура келеді [57, Б.272].

Қазақ тарихын «өркениеттік тәсілмен» зерделеу дегеніміз – қазақ халқының этникалық ерекшеліктері пайда болған тұрмыс - тіршілігін, отбасылық өмірін, елдік дәстүр - салтын, мемлекет - ел - отан жөніндегі ұғымдары көрнекіленген отбасы - әке - қаған-хан ордасы үштігінің мызғымастығы мен қасиеттілігін – «бір билеуші - бір тәңір» сенімін орнықтырған дүние танымы мен діни нанымдарын тұтастай қарастыру [57, Б. 272] екендігін танытады.

Көшпелі қоғам болашағы жоқ, құрып кетуі тиіс өмір салты деген түсінік дәстүрлі қоғам тарихын зерттеуде адастырушылықтарға ұрындырған методологиялық ұстаным болатын. Демек, өркениеттер теориясының танымдық артықшылықтармен бірге дәстүрлі қоғамның табиғатын толық

танытуда белгілі бір шектеуліктерге де ұрындыратындығы есте болуы керек [57, 276 б.]

Көшпелі шаруашылық - мәдени өмір- салтынан XX ғ. басына дейін қол үзбеген қазақ қоғамы төлтума күйінде сақтала алмады. Отарлық биліктің модернизациялық реформалары дәстүрлі қоғамды іштен ыдыратып, оны этноәлеуметтік құрылымына жаңа мазмұн мен сипат бере бастады.

Осындай тосқауылдан өтіп шыққан қазақ елінің XVIII ғ. тарихын, одан бұрын жүріп өткен ізін зерделейміз деген ғалымдар, қасаң еуроцентристік методологияның тұсауына шырмалды. Таптық методологияға бейімделе қоймаған XX ғасырдың алғашқы жылдарының өзінде П.П.Румянцевтің «Қазақтардың әлеуметтік құрылымында бір-біріне қайшы екі бастау бар – бірі патриархалдық рулық, екіншісі феодалдық» [33, С.32] - деуі осы көзқарастардың айқын көрінісі.

Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихын зерттеудің теориялық-методологиялық негізі ретінде соңғы жылдары шетелдік тарихнамадағы жаңа теория ретінде пайда болған модернизациялық теория тәсілдері қолданылды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан тарихының мазмұны жаңарып, теориялық және методологиялық тұрғыда сапалық жаңа деңгейге көтерілді. Мемлекеттік деңгейде іске асырылған осы саясат барысында тарих мазмұнындағы «ақтаңдақ тақырыптар» жойылды, тоталитарлық идеология қалыптастырған консервативті концепциялар қайта қаралды. Соның нәтижесінде Отан тарихындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстарға қазіргі заманғы теориялық ұстанымдарға сай жаңа ғылыми тұжырымдар орнығып келеді.

Қазақстандық методолог тарихшылар Отан тарихын кезеңдеуге қатысты бірқатар тұжырымдар жасаған. Айталық, М. Қозыбаев Қазақстан тарихын 9 дәуірге кезеңдесе [7, Б.146], Х. Әбжанов ол кезеңдерді бес дәуірге бөледі. Олар әрбір кезеңнің сабақтастығы мен айырмашылықтарын басты ортақ белгілерін бағдарға алды.

Қазақ қоғамында «дәстүрлі қоғам» мен «кочевничество» (көшпелілік) ұғымдары бір-біріне балама ұғымдар болып қолданылып келеді. Көшпеліліктің феномені жайлы әртүрлі тұжырымдар орныққан. Мысалы, А.Тойнби: «Кейде олар өз жерлерін тастап, көрші отырықшы өркениеттердің иелігіне басып кірді... дей келіп, көшпенділер қоғамы тарихы жоқ қоғам болып табылады» [107, Б.147] дейді. Оның осы өркениеттік теорияға негізделген тұжырымын батыстық тарихшылардың көпшілігі қуаттайды. Көшпелілердің ұлы жаулап алушылық жорықтары туралы олар тарихта паразиттік рөл атқарды дей келіп, «Бұл жерде сөз тек оның сандырақ ұғым екендігіне қарамастан шын мәніндегі паразитизм жайлы болып отыр» [108, Б.112] деген оқыс пікір білдіреді.

Әрине, осындай еуропоцентристік тұжырымдармен қалыптасқан тарихнамалық дәстүр көшпелілерді тарихтың құбыжығына айналдырған болса, Отандық тарихшылардың этноцентристік концепциясы осы

еуропоцентристік тұжырымдардың өктемде асқақ ықпалына қарсы тұруды мақсат ететін еді.

Диссертациялық зерттеуіміздің ерекшеліктері – дәстүрлі қоғамның трансформациялану процесін деректік негізде жаңаша тұжырымдау, оған баламалы түсіндірмелер жасау. Осы қажеттілік трансформацияланудағы ресейлік фактордың мәні бойынша модернизациялық және этнодеформациялық деп жіктеуді міндеттейді. Соған сай еуропоцентристік және этноцентристік тұжырымдарға тәуелсіз баламалы тұжырым жасалады. Біздің ұсынған тұжырымымыз бір-біріне қарама-қарсы позициядағы екі методологиялық ұстанымда қалыптасқан дәстүрлі қоғам тарихының стереотиптерін өзгерту болады. Біздің мақсат XVII–XX ғғ. дәстүрлі қоғам дамуының бәрін қамтушылық заңдылығын іздестіру емес, оның орнына трансформацияланудағы ресейлік факторды жаңа зерттеу тәсілдерімен бағалау [85, Б.42] болып нақтылық сипат алады.

Дәстүрлі қазақ қоғамына қатысты жерге жеке меншік, рулық-тайпалық құрылым сияқты ұғымдарға айқындық беру зерттеушілер үшін методологиялық парадигма болуы керек екендігін айтқан. Ж. Артықбаев: «Қоғамда әлеуметтік-экономикалық даму және ізгі ниетпен трансформациялау қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары мен менталитетін ескеріп жасалуы керек» [100, Б.198] деген тұжырымды негіздейді.

Шынайы тарихи зерттеулер шынайы және сыни болып, ойдан шығару (вымысель) мен аңыздардан аулақ болуы тиіс. Дәстүрлі қоғам табиғатын жан-жақты зерттеуге ұмтылған тарихшы-қоғамтанушылар европоцентристік тұжыраммен түсіндіруге тырысқан тарихшылар (историки-кочевниковеды) патриархалды-рулық, ертефеодалдық, таптық қоғам алдындағы, таптық феодализм деген тірек ұғымдарды жиі қолданған болса қазіргі заман зерттеушілері позднепотестарный, параполитарно-доминомагнатный қолданып, көшпелі қоғамның сипаттамасын жасауда қолданады [85, Б.42-43]. Осыған байланысты «Кочевые предклассовые общества в большинства случаев относились не протополитарному, а к иному типу предклассового общества, который я называю параполитарным-доминомагнатным» [110, С.57] деген. Ю.И. Семеновтың тұжырымы осы мәселеге қатысты таным аясын кеңейтеді.

Еуразия даласы көшпелілері қол жеткізген мәдени жетістіктердің мұрагері ретінде қазақ қоғамы құрылымы мен мазмұны бойынша төлтума (уникальный) құбылыс екендігі зерттеушілер назардан тыс қалдырады. Дәстүрлі қоғамның саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық қызметінде Батыс пен Шығыстың мәдени стандарттарының тек бәріне сыйлайтын өзіндік ерекшеліктері көп.

Қазақтың ұлттық идентификациясындағы инкубациялық кезең болып саналатын дәстүрлі қоғамда ру-тайпалық құрылым ерекше мәнге ие болған. Осы мәселені ХУІІ-ХХ ғғ. қазақ жерін түрлі мақсаттармен аралаған орыстың отарлық билік шенеуніктері, ғалымдар мен әскерилер арнайы зерттеген.

Олардың арасында тарихи танымға сай ғылыми тұжырымдар да, саясиландырылған идеологиялық ой-пікірлер де кездеседі.

Бұл енді таза саяси мақсатты көздеп, қазақ қоғамын деспотизм мен анархиядан орыс отаршылығын құтқарушы бейнесінде көрсетуге бағытталған тұжырым деп білеміз [85, Б.41]. «Осыған байланысты В.В. Радловтың мына тұжырымы назар аударуға тұрарлықтай: Осындай сандырақтарды оқи отырып, «қырғыздар – Батыс Азияның түрік халқының қалдықтары, отырықшы халықтардың тәртібіне бағынғысы, үйренгісі келмей кең далаға қашқан ұрылар мен бас бұзарлар, бір сөзбен айтқанда жойылуға лайық нәсіл деген ойға келуге болады. Бірақ, шын мәнінде олай емес» [85, Б.41] деп, өзіне дейінгі зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдарын сынға алады.

Ресейдің түркі халықтарына қатысты екі бағыты болды. Вена университетінің профессоры А. Каппелер бірінші бағыт христиандық және еуроцентристік идеологиямен мұсылмандарды ассимиляциялау, екінші бағыт шет аймақтардағы саяси тұрақтылықты сақтау үшін мұсылмандық элитамен ымыраға келіп, олардың ұсыныстарын ішінара қолдау болған [107, Б.149] деген пікір білдіреді.

Патша өкіметі одан халықтарды ықпалына тарту үшін қатаң шаралар қолданғанымен «көп жағдайда ұлтшылдық пиғылдағылардың ығына түсіп, олардың ұсыныстарын қабылдаған», келісімпаздыққа да барған. Бірақ бұндай келісушілікке отаршылар тарапынан аса мұқтаж жағдайда ғана жол берілген.

Қазіргі заманғы культурология мен социология ғылымдарында орныққан дәстүрлі қоғам тұжырымын тарихты кезеңдеуге қолданудың танымдық мүмкіндіктері мол. Дәстүрлі қоғам (индустриалды қоғамға дейінгі, жабайы қоғам) деген ұғым адамзат дамуының индустрияландыруға дейінгі деңгейін танытатын ұғым. «Дәстүрлі қоғам» туралы біртұтас теория қалыптаса қоймағандығын ескерер болсақ, ол қоғамның ең басты экономикалық белгісі – томаға-тұйық шаруашылытың үстем болғандығы екендігіне көз жеткіземіз. Дәстүрлі қоғамда тауарлық қатынастар мүлдем болмады немесе аз ғана әлеуметтік топтың қажеттілігін өтеумен шектеледі. [107, Б.149].

Осы теориялық тұжырымды басшылыққа алып, Қазақ хандығы құрылған XV ғ. ортасынан XX ғ. 30-жылдары жүргізілген ауылшаруашылық реформаларына дейінгі кезеңді дәстүрлі қоғам деп кезеңдейміз.

Қазіргі заманғы орныққан ұлт теориясының ойшылдары (Э.Гелнер, Б.Андерсон, К.Дайг) «дәстүрлі қоғам» ұғымының баламасы ретінде «аграрлық», «аграрно-письменный» терминдерін қолданған. Бір-бірін толықтырған синоним ұғымдардан тарихи шолуымызға «дәстүрлі қоғам» ұғымын барынша дәл және ұғынықты деп танып қолданғанды дұрыс көрдік [107, Б.150.]

Қазақ дәстүрлі қоғамы Қазақ хандығы кезінде өзінің шырқау биігіне көтерілді. Әйтсе де, саяси бытыраңқылық жағдайында саяси, экономикалық және әскери күш-қуаты артқан патшалық Ресей алдында тізе бүкті.

Нәтижесінде XIX ғасырдың басынан XX ғ. соңына дейін алғашқы кезде патшалық Ресейдің, кейін кеңестік империяның отары болып қалды. «Российская империя, прообразом государственности которой была евразийская империя XIII-XIV веков – Золотая Орда, с ее авторитарной традицией правления и жестко централизованной системой, диссиплиной в военном деле не предпологало даже намеков на автономию и самоуправление для восточных своих подданных, и со временем, предав забвению основопологающие соглашение, царское правительство установило курс на полное подчинение себе Казахского края» [107, Б.150].

Дәстүрлі қоғам модернизациялық өзгерістерді жүргізудің сынақ алаңы деп қарастыруға болады. Тұжырымды қазақ қоғамында ресейлік модернизациялық процестердің мәнін түсіну және түсіндіру үшін қолдансақ [111, PP. 731-737] тың тұжырымдар жасауға болатындығына көзіміз жетті.

Дәстүрлі қоғам белгілерін анықтаған теориялық зерттеулерді талдаған В.И. Побережников М.Левидің мынадай анықтамасын мысалға алады: «Дәстүрлі қоғамға 1) ұйымның төмен мамандануы, өмірді оқшаулау, бөлу; 2) ұйымдардың бір-біріне тәуелділігінің төмендігі; (өзін-өзі қамтамасыз ету); 3) орталықтандырудың төмендігі;
4) ақша айырбасы мен нарықтың дамымауы; 6) туыстық байланыстардың, нормалардың басым болуы; 7) ауылдық жерлерден қалаларға өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің біржақты ағыны тән» [89, Б.43]. Бұл анықтама дәстүрлі қоғам сипатынын экономикалық, әлеуметтік және рухани қырларын қамтиды, бірақ оның саяси құрылымындағы ерекшеліктерді назардан тыс қалдырады [85, Б.43].

Дәстүрлі қоғам туралы тұжырымды негіздеген американдық ойшылдар У.Ростоу мен Э. Тоффлер «Оба мыслителя достаточно подробно остановливаются на социально-экономических особенностях традиционного общества, меняя детально характеризируют духовную сферу и практический не касаются политического устройства» [115, C.69-80] деген пікірге тоқталады. Модернизация жайлы батыс философиялық-социологиялық ойы дәстүрлі қоғамның сипатын анықтауда әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерге басымдық берген. Дәстүрлі қоғамның экономикалық қатынастар ретінде технологиялық дамуы төмен аграрлық өндіріс және әлеуметтік жіктелісі, әлеуметтік мобильдігі төмен болуы назарға алынды. Сонымен бірге дәстүрлі патриархалды отбасы, рулық қатынастың рөлі жоғары болуы, әлеуметтік қатынастар жүйесі бағалаудың басты өлшемдеріне айналған. Дәстүрлі қоғамның рухани саласында дәстүрге негізделген ділдік тәсілдер мен қондырғыларға басымдық берілген.

Әлемдік өркениеттердің типологиясын түзген С. Хантингтон біздің дәстүрлі өркениетті «Шығыс» және «Дәстүрлі қоғам» деп жіктейді. Бұл ұғымдар қазіргі заманғы модернизациялық зерттеулерде синонимдер болып келеді. Дегенмен, Хантингтон дәстүрлі қоғамның басты ерекшілігі болып саналатын белгілерін қазіргі қоғамға қарсы қояды. Оның жүйесіндегі а) технология алмасу деңгейі мен жылдамдығын, бір қоғамнан екінші қоғамға

ауысу құрылымы мен жолтапқыштығының баяулығы; б) негізі – ауылшаруашылығы екендігі, в) қоршаған табиғи ортаның өзіне тән ауылшаруашылық моделін қалыптастыруды, сонымен бірге жер иеленудің түрлері, әлеуметтік құрылымы мен басқару түрін орнықтырды» [85, Б.43) деген белгілерді жіктейді. Сол сияқты В.Г. Федотованың да дәстүрлі қоғамға берген анықтамасы құбылыстың жекелеген детальдарына айқындық береді. Оның бағалауында «дәстүрлі қоғам қазіргі заманғы қоғамнан мынадай белгілермен ерекшеленеді. «әлеуметттік өмірі ұйымдастыру діни және мифологиялық түсінікке тәуелді болады; дамудың циклдігі, қоғамның ұжымдық сипатымен тұлғаландырудың болмауы; биліктің беделге жүгінуі, жаппай білім алудың болмауы; іскер емес тұлға түріндегі психологиялық тұрпаттың басымдығы; ғылымға емес, дүниетанымға бағдарлылық; әмбебаптықтан оқшауланушылықтың басым болуы» [117, С.43] түріндегі ерекшеліктер болып топтасады.

Аграрлық қоғамның болмысы барынша айқындалған иррационалдық әрекеттерімен ерекшеленген. Аграрлық қоғамда күшті кертартпа ағымдар басты сипатты белгіні құраған. Осы ағымдар аграрлы қоғам мүшелерінің тарихи психологиялық тұрпатын анықтайтындығына көз жеткіздік. Ол тұрпаттағы қоғам мүшесі жаңалық атаулыны, өзі танымайтын құбылыстың алдан кездесетін тәуекелінен кездесетін түрлі қиыншылықтарға деген қорқынышқа беріледі [85, Б.43].

Аграрлық-дәстүрлі құрылымдардың басты мақсаты «кіріс алғашқы кезекте» деген формулаға жұмылдырылған өнім өндіруге емес, «сенімділік бәрінен маңызды» деген формулаға бағындырылады. Бұндай кертартпалық мемлекетте қаржы жүйесінің дамуын тежеді. Дәстүрлі қоғамның натуралды шаруашылыққа негізделген экономикасы қоғам мүшелерінің өзін-өзі қамтамасыз етуге жұмылдырылуы өндірістің шеңберін томаға тұйық шаруашылық тарылтты. Содан да еңбек өнімділігін арттыруды тіптен де қажет етпеді. Осыдан келіп айырбас сауда белең алады. Бұл жағдай мемлекетте қаржы жүйесін жетілдіруді тежеді.

Осындай ерекшелік белгілері өркениеттік қоғам үшін экономикалық тоқырау болып айқындалса, дәстүрлі қоғамда бұның өзі қалыпты жағдай саналады.

Аграрлық санада еңбек пен байлыққа қатысты қалыптасқан шарттылықтар қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын айқындайды. Осыған байланысты дәстүрлі бұқаралық сананың зерттеушісі Б.С. Ерасов былай дейді: «В традиционных обществах имеет ценность конкретный труд, связанный с профессиональным мастерством рассматриваемый как источник приобретения и потребления материальных благ. Труд ради накопления и сбережения с целью развития материальных факторов производства осуждается...» [119, С.18]. Қалай болғанда да, дәстүрлі қоғамда байлыққа оның иелерінің қатынасы қазіргі нарық заңдылықтарына сай келмейді. Оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Сондай жеке адамның жинақталған басы артық дүниені қоғам мүшелерінің қалай бөліске салатындығын «Хан

талапай» дәстүрінен көреміз. Бұл дәстүрдің мәнісі – хандық билікке сайланған Шыңғыс әулетінің барлық дүние-мүлкін бұқара халықтың үлестіріп (талап) алуы. Оны билік легитимділігінің міндетті шарты ретінде қабылдауға болады.

Сондай жағдайларға байланысты аграрлық қоғамның «экономика выживания» деген мәнін «престижная экономика» деп атау да орныққан [120, С.218].

Аграрлық дәстүрлі қоғамға жоғары деңгейдегі корпаративтік тән дәстүрлі қоғамда әлеуметтік корпативтіктің бірін рулық-тайпалық токсономия құрайды. Оның мәнісі қазақ халқының этникалық тұтастығы ру - тайпа - жүз схемасына бағындырылғандығы осы әлеуметтік корпативтілік этникалық тұтастықты нығайтумен қатар кейде саяси сеператизмнің де тетігіне айналып кететін еді.

Осы жерде саяси корпативтіліктік жекелеген көріністеріне тоқталамыз. Дәстүрлі қоғамда саяси институттар өзегін чингизидтер, қожалар, төлеңгіттер, билер, батырлар, ақын-жыраулар т.б. сияқты саясиланған әлеуметтік топтар құраған. Билік пирамидасын құраған бұл билік институттарының мәні мен қызметі орталық биліктің қалыптасуына тікелей де, жанама да ықпал ететін тетіктер болып саналды.

Тарих ғылымында мифологизация тарихи процесті бұқара халықтың қарапайым деңгейінде түсіндірудің өзіндік тәсілдерінің бірі. Дегенмен, мифологизацияны өз этносының тарихилығын, оның тарихы мен мәдениетінің бірегей екендігін негіздеудің құралы ретінде қолданылатын тенденциялар да кездеседі. Сонымен бірге қазіргі кезде мифологизацияны этноцентризм жағдайында тарих ғылымындағы советтік догматизм мен маркстік штамптар мен стереотиптерді жоққа шығарудың тәсілі ретінде де қолданып келеді. Осыған байланысты қазақтың этнолог ғалымы Н. Масанов «Мифологизация – ғылыми таным алдындағы дайындық кезеңі, өйткені ол қоғам назарын өз тарихының мәселелеріне аударады, оларға танымдық қызығушылықты тудырады, тарихи өткенді талдайды. «Қаншалықты оның тарихтағы танымдық білімі артқан сайын, соғұрлым одан шаршау мен шынайы білімге деген қажеттілік төмендейді. Мифологизация – қоғамдық сананың балалық шағы» [121, С.92] деген тұжырым жасайды. Сонымен қатар мифотворчество қазіргі заманғы ғылыми-академиялық дәстүрлерге қайшы келіп, ғылыми ізденістерді белсендірудің орнына оны адастыруға ұрындырады.

Қазіргі Қазақстанның тарих ғылымында этноцентристік бағытта жүргізілген зерттеулерде дәстүрлі қоғам тарихын мифологизациялау дәстүрі анық байқалады. Дәстүрлі қоғам тарихындағы деректік негізде шынайы ғылыми қалпына келтіретін зерттеулер методологиялық жаңа тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Дәстүрлі қоғам тарихын модернизация теориясының тәсілдерімен түсіндіру Қазақстанннның жаңа заман тарихы бойынша тың тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Отандық тарихнамада

еуропоцентристік тұжырымдарға балама ретінде этноцентристік бағыт ұстанған зерттеулерде модернизация теориясы қолданылмай келеді.

Дәстүрлі қазақ қоғамы Ресей империясының ықпал аймағына айналғаннан кейінгі кезеңде тұтастай модернизациялауға түсті. Отар аймақтардағы модернизациялық процесстер метрополияда басталған немесе іске асып жатқан процестердің тікелей жалғасы болды немесе жергілікті ерекшеліктерге сай түрленіп көрініс беріп жатты.

Дәстүрлі қоғамның модернизациялануының басты бағыттары негізінен саяси билік, жер қатынастары, әлеуметтік құрылым, қаржы қатынастары, сот жүйесі, ағартушылық салаларын қамтыды. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы негізінен ру-тайпалық бөліністен құрылғаны белгілі. Ерте ортағасырларда орныққан бұндай ру-тайпалық бөлініс қазақ хандығы кезінде этникалық-территориялық бірлестік қызметін атқарған болатын. Этноцентристік ұстанымда жазылған Т.А. Тулебаевтың оқулығында патша отаршылары «просто разделили казахский народ на три части по признаку «жуза». И только проводили политику противопоставления их друг другу, это не только сохранило родоплеменное деления, но и еще больше усугубило положение» [122, С.171-172] деген деген тұжырым жасайды. Бұның үстірт жасалған, ғылыми негізделмеген тұжырым екендігін қазақ даласының этникалық-территориялық құрылымына қатысты жүргізілген ресейлік саясаттың тарихына жасалған талдаулар көз жеткізеді. 1867-1868 ж. жүргізілген реформаларға сай қазақ даласында Орынбор, Батыс Сібір, Түркістан генерал-губернаторлығы және Закаспий округі құрылғанымен онда ешқандай да жүздік құрылым негізге алынған жоқ болатын.

Дәстүрлі қоғамда модернизациялануы тиіс нысандардың бірі рулық-тайпалық құрылым барынша өміршең болып шықты. Отарлық билік рулық бірліктерден болыстар жасақтағанымен кейін бұл қағидадан бас тартып, бірнеше рудан бір болыс жасау әрекеті де қазақтардың тарихи жадынан ру-тайпалық генетикалық кодты жоя алмады.

Модернизациялауда жер қатынастары да өткір қойылды. Дәстүрлі қоғамда жерге жеке меншік мүлдем болған жоқ. Жаз жайлау, қыс қыстау, шабындық пен жайылым бір адамға немесе ауылға емес, тұтас руға тиесілі қауымдық меншік болатын.

Отарлық биліктің жер қатынастарын модернизациялаудағы басты әрекеті осы қауымдық меншікті жойып, жерді мемлекеттің меншігі деп жариялауы болды. Осылайша 1822, 1824 жж қабылданған Жарғылар негізінде жерге жеке меншік институты енгізілді.

XVIII ғасырда өмір сүрген ресейлік ағартушы С.Е.Десницкий адамзат дамуының өркениеттік төрт кезеңін анықтап, оларды : 1) жабайылық; 2) бақташылық; 3) диханшылық; 4) сауда-саттық деп қарастырған. Бүгінгі сауда-саттық, яғни нарық кезеңін ең жоғарғы саты ретінде қарастырып отырған Қазақстан қоғамының бүгіні және өткені шынында да С.Е.Десницкийдің тарихи даму сатыларымен үндесіп жатыр. С.Е. Десницкий

бүгінгі өмірдің шындығын сонау XVIII ғасырда-ақ болжап отырғандай. Бірақ, К. Маркстің жолы бізді тарихи шындықтан тайдырды [123, Б.19].

Тарих әдіснамасының – адамзат қоғамын зерттеуде тарихтың барлық кезеңіне сай келетін әдіснамалық ортақ теориясын іздесек, адамзат қоғамының барлық дәуірін, ғасырларына танып түсінуге қолайлысы – өркениеттік методология. Бұл методология тарихилық қағидаға принципке, адамгершілікке, білім мен технологияның жетістіктеріне сүйеніп, шындыққа негізделген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Солай дегенмен, әмбебептылығынан үміт күткен өркениеттік методология тәсілдері тарихтың қарастырып отырған кезеңдерінің ерекшеліктерімен санасуы қажет болады. Н.Ә.Назарбаевтың «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырларынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [124, Б.1] деген тұжырымы тарихи жадты жаңғыртудағы басты ұстанымды білдіреді.

Манаш Қозыбаев «халқымыз қараңғы еді, мәдениеті төмен, сорлы еді» деген тезиске алғашқы болып қарсы шыққан. Ғұмыр бойы мал соңында салпаңдау маңдайына жазылған, болашағы тұлдыр халқыңыз осы ма? Ақиқат басқаша! «Бойында осыншама қабілет дарыған халық цивилизациядан қақас қалмақ емес; көшпенді тірлік кешкен номад қазір өзіне қомсына қарайтын халықтар арасындағы құрметті орнын иеленер күн де туар» [125, Б.5] - деп жазады айдаудағы поляк революционері А.Янушкевич.

Қазақстанды XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың алғашқы жартысында ғана ашқан Европа ориенталистері сақарада өздері мүлде күтпеген жайттарға ұшырасты. Мұның ең бастысы – көшпенділердің рухани өміріне қатысты еді. Әуелде «жабайыларға» жоғарыдан қарап, олардың сөз өнерінен махрұм еместігінің өзін үлкен жетістікке балаған саяхатшылар мен этнографтардың көп ұзамай қазақ халқының ақындық дарынына бас июіне тура келген [125, Б.5].

Далалық өркениетте ғылыми кең мағынасында өркениеттіліктің негіздері болғандығын дәлелдей отырып, ғалым келесі тұжырымға келеді: географиялық ортаға сәйкес ұрпақтан-ұрпаққа мал шаруашылығымен шұғылданған көшпелі тайпалар дала мәдениеті дәстүрлерін дамыту арқылы далалық өмір сүру қалпын орнықтырды. Оның терең тамырлары қола дәуірінен, сақтардың тарихи-мәдени қоғамдастығынан бастау алады. Ұрпақтар жалғастығының жоғары дәрежесі уақыт пен кеңістікте далалық өмір сүру салтына тән құбылыс болып табылады [26, Б.107].

Сол күрделі мәселені сөз еткенде жаңа теориялық ойлар мен ғылыми концепцияларды методологиялық тұрғыда игеру қажет. Сондықтан ерекше методологиялық бітімімен дараланатын этнология ғылымы жинақтаған деректерді игермей жатып Қазақ мемлекеттілігінің табиғаты туралы тұжырымдау жасау қиын. Сол себептен оған тән құрылымының тарихилығын зерттеудің маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, олардың этномәдени сипатын саралау бүгінгі күні тың әрі өзекті мәселе. Мемлекет пен мемлекетке дейінгі қоғамдарға ортақ құбылыс болып табылатын билік институтының орны ерекше. Мемлекет күрделі құрылым ретінде бірқатар

шағындалған жүйелерден тұрса, билік институты солардың айнымас бір бөлігі. Соңғы құрылымға қатысы бар шағындалған жүйелер ішіне қоғамдық сана-сезім де кіреді. Өйткені, ол басқа құрамды бөліктеріне байланыссыз түрде мемлекет идеясын сақтап қалады.

Қазіргі заманғы саяси және әлеуметтік антропологияның методологиясы алдыңғы қатарға американдық және еуропалық ғалымдардың зерттеулерін шығарады. Еуропа мен американың антропологиялық мектептері көшпелі қоғамды тұтастай өзінің тарихи дамуынан айырылып қалған стагнациялық қоғам ретінде қарастырады [126].

Дәстүрлі қоғамның трансформациясы барысында екі бағыттың – модернизация мен этнодеформацияның қатар жүзеге асуы байқалады, оны біз қазақтың дәстүрлі қоғамының тарихын қарастыру кезінде көрсеттік. Сонымен бірге, XVIII-XX ғасырдың басында қазақ даласының өзгеруінде этнодеформация басым бағыт болғанын айта кету керек. Өкінішке қарай, қазақ халқы үшін патшалық Ресей бастаған бұл үдеріс Кеңес империясы тұсында да жалғасын тауып, қазақ жері саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалардың сынақ алаңына айналып, коммунистік идеяны дәріптеп, дәстүрлі мәдениетті, ұлттық мәдениетті жоюға бағытталған құндылықтар [155].

Бірақ этнодеформация модернизация процестеріне де серпін береді. XIX ғасырдың екінші жартысында. Қазақстанның Ресейге қосылу процесі аяқталды, қазақ даласы Ресейдің экономикалық және саяси өмірінің ықпалына көбірек тартылды. Ресейдің капиталистік экономикасының әсерінен феодалдық натуралды шаруашылықтың ыдырау процесі жеделдеді. Дала өлкесінің экономикасы экономикалық тоқырау жағдайынан шықты, өндіргіш күштердің дамуы жақсы серпін алды [155].

Экономика мен қоғамдық өмірдің өзгеруі мәдениет пен білім саласында да өзгерістерге әкелді. Қазақ халқын орыстың аса бай мәдениетімен таныстырудың арқасында қазақтың дәстүрлі қоғамындағы жаңғырту үдерістерінің бірі басталды. Қазақ қоғамының этнодеформациялану, модернизация тенденциялары оның озық ойлы өкілдерінің ой-санасын толқытып, шұғыл жауап беруді талап ететін көптеген тарихи сұрақтарды туғызды. Ендеше, Ғарифолла Есім былай деп жазады: «Қазақ даласын тың ойлар қаптап кетті: бұл діни идеология мен саяси қуғынға түскен демократтардың идеологиясы. Сауатты болғандар батыс және орыс мәдениетімен танысуға мүмкіндік алды. Ояну дәуірі басталды» [127, С.143] деп тұжырым жасағанбыз. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер рухани мәдениеттің жаңаруына, оның идеологиялық жағынан қайта жарақтануына ықпал етеді. Бұл үдерістің идеялық негізін дәл осы «...дәстүрді ұстану, діндарлығы жоғары» деп ерекшеленетін қазақтардың дәстүрлі консервативтік ойлауын жаңғыртуға бағытталған тәрбиелік ілімдер құрады [115, 69 б.]

Бірақ қазақ ойшылдары алған басқа халықтардың озық идеялары соңғысының дәл қайталануы бола алмайтынын есте ұстаған жөн. Олар дәуір

ерекшеліктеріне, әлеуметтік-экономикалық қатынастарға, ұлттық мәдениетке сәйкес болмай қоймайтын өзгерістерге ұшырайды. Басқа халықтардың ағартушылық идеяларын бойына сіңіре отырып, қазақ ойшылдары өз ойларының дербестігін, өзіндік ерекшелігін сақтай білді. Қазақ ағартушылары орыс және әлем мәдениетінің жетістіктерін Қазақстанның нақты жағдайларына, қазақ халқының практикалық қажеттіліктеріне байланысты шығармашылықпен игерді.

Модернизация теориясын негіздеушілердің бірі Ш. Эйзенштад «тарихи модернизация дегеніміз – он жетінші ғасырдан он тоғызыншы ғасырға дейін батыс Еуропа мен солтүстік Америкада дамып, кейін өзге елдерге таралған әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйе типтерін өзгертуге бағытталған процес» [117 С.7] деп баға береді.

Тәуелсіздік кезеңде қазақ қоғамын модернизациялау барынша өзекті мәселеге айналды. Осыған байланысты тың методологиялық ұстанымдар орнығуы керек болды. Мемлекеттік деңгейде қабылданған бағдарламалық құжаттар осыған қызмет етті. «Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билердің руханишылдық, өркениеттілік ролі ең алдымен, ғасырлар бойы қалыптасқан және шыңдалған шаруашылық, саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани қатынастар аясында қарастырылуы керек» [118, Б.124] деген тұжырым соңғы зерттеулерде бағдарға алынғандығы аңғарылады.

«XVIII ғ. бастап қазақ жерінің отарлануы, отарланған аймақтарда саяси, әлеуметтік және әкімшілік жаңа құрылымдардың қалыптасуына байланысты шекаралық бөліктердің пайда болуы, әсіресе қазақ халқының жерге иеліктен айрылуы Қазақ даласындағы эпикалық көшпелі өмір-салты тоқыратып, қазақтың табиғи дамуын тежеді. Оның өзі, кең мағынада, этнос сапасының солғын тартуына себепші болды. Қазақ арасына іріткі салып, халықтың ұжымшыл болмысына өлшеусіз зиян келтірді» [5, Б.138] деген А.Сейдімбектің тұрымдары модернизациялық процестердің ұлтты жоюды көздеген мақсаты мен тетіктерінен хабар береді.

Қазақ дәстүрлі қоғамы туралы шетелдік ғалымдардың еуропоцентристік теория мен методологиялық өлшемдерге тықпалаған тұжырымдарын қазіргі тәуелсіз тарихи сана тұрғысында қабылдау өте қиын. Оның мәнісі еуропалық өлшемге салатын болсақ қазақ дәстүрлі қоғамының толып жатқан өзіндік түсініктері мен категориялары ол елдердің тарихи санасында да, тарихи тәжірибесінде де орнықпағандығында жатыр. Өздерінің танымында жоқ құбылысты олар еуропалық таныммен, тілмен баяндап береді. Сырттан таңылған осы тұжырымды өзіңіздің төл тарихыңызды тәпсірлеуге қолданыңыз. Сонда ғана сіздің ғылыми тұжырымыңыз еуроөлшемге сай болмақ! Бұл тұжырым қазіргі кезде сандырақ деп бағаланғанымен, кеңестік идеологияның міндетті шартына айналған құбылыс болатын. Осы мәселеге қатысты этнограф Ж. Артықбаев «еуропалықтар біздің көшпелілікті (номадизм) қаңғыбастықтан ажырата бермейді, сіз монографияңызда «номадизм» сөзін жүз қайталасаңыз да көшпеліліктің

қаңғыбастықтан басқа құбылыс екендігін түсіндіріп бере алмайсыз» [128, Б.713] деген тұщымды тұжырым жасайды.

Дәстүрлі қоғамның мәні мен маңызын түсіндіруде методологиялық мәнге ие болатын бұл тұжырым Отан тарихының тұтас құбылыстарын шынайы тәпсірлеуде үлкен маңызға ие болатын фактор. Дәстүрлі қоғам туралы іргелі еңбектер жазып, «Қазақ тарихының Герадоты» деп дәріптелген «А.И. Левшиннің өзі туысқандық жүйеге негізделген, тамаша иерархиялық тәртібі бар, әдет-ғұрып заңдарының ортақ ережелерімен өмір сүріп жатқан қазақ қоғамын «анархияда өмір сүріп жатыр» деген» [128, С.713] екен.

Осы тақырыпты зерттеп, зерделей келе қорытынды ретінде айтарымыз, дәстүрлі қоғамды модернизациялау тарихының әрбір тарихнамалық кезеңде қалыптастырған тұжырымдары көп жағдайда бір-біріне қарама-қайшы келіп жатады. Оның мәнісі сол кезеңдегі қоғамдық-саяси құрылым, мемлекеттік идеология ғана емес, ғылыми ойдағы қалыптасқан теориялық және методологиялық дайындықтың деңгейіне де қатысты болып отырғандығы анықталды. Қазақ жерінде үстемдік еткен патшалық отаршылдық билік пен кеңестік-тоталитарлық билік кезінде саясиландырылған тарихи зерттеу әдістері мемлекеттік мүддеге қызмет жасағандығы анық. Ал тәуелсіздік жағдайында да осындай идеологияландырылған тарихи методология қалыптасып отырғандығына көз жеткіздік. Ол қазіргі заманғы отандық зерттеулерде еуроцентристік ұстанымдарға қарсы баламалық сипатта этноцентристік ұстанымдардың орын алуы түрінде көрініс беруде. Осы зерттеулерге жасалған талдау көрсетіп отырғандай дәстүрлі қоғамның қазіргізаманғы қоғамға трансформациялану процесін модернизация теориясының әдіс-тәсілдерімен қарастырудың ғылыми және танымдық тұрғыда, сонымен бірге саяси тұрақтылықты орнықтыру үшін де барынша тиімді болатындығы туралы тұжырымға тоқталдық.

# II ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ДЕФОРМАЦИЯ ФАКТОРЛАРЫ

## 2.1 Отарлық биліктің дәстүрлі қоғамды әлеуметтік–экономикалық модернизациялауының саяси, құқықтық негіздері

Патша өкіметінің отарлық билігі әскери жаулап алумен қатар қазақ жерінде империялық тәртіп пен саяси-әлеуметтік құрылым қалыптастыруды бірге жүргізді. Әрине, осындай ауқымды стратегиялық мақсаттарды іске асырудың тәжірибесі империялық билікте жеткілікті болатын. Осы мәселелерге талдау мақсатында қазақ дәстүрлі қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық модернизациялаудың саяси, құқықтық негіздерін арнайы қарастыру қажет деп білеміз.

Дәстүрлі қазақ қоғамында «Көшпелі өмір салтта тек қана ұжымдасып тіршілік құру, яғни, ру-тайпалық жүйеге мойын ұсыну қалыпты өмір сүрудің бірден-бір кепілі болды. Ғасырлар сынынан өткен бұл ұстанымды Қазақ хандығын жасақтаушылар да ел болып ұйысудың тегеуірінді тетігі ретінде пайдалана білді» [5, Б.68] деген тұжырымды басшылыққа алсақ, тәуелсіздігінен айрылғанқазақ қоғамы өзінің төлтума даму бағдарынан айрылып, отарлық биліктің саяси-экономикалық ықпалына мойын ұсынуға мәжбүр болды. Бұл тарихи процесті отарлау, трансформациялау, модернизациялау, этнофеформациялау деп түрлі көзқараста қарастырғанымызбен оның мәні күштінің әлсізге жасаған өктемдігі болып қала береді.

XVIII-XIX ғғ. орыс әскерилері, ғалымдары тарапынан қазақ қоғамы туралы жинақталған түрлі этнографиялық материалдар дәстүрлі қазақ қоғамын зерттеуге мүмкіндік берді. Осы тақырыпта XVIII-XX ғғ. бас кезіндегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымы талданып, көшпелі қоғамның сипатты белгілері жүйеленіп, саяси-әлеуметтік институттардың атқарған қызметтері жіктеледі. Ресей империясының ықпалы дәстүрлі қоғамды трансформациялау процесінің көрінісі ретінде қарастырылады.

Қазақ жерінде отарлық билікті заңдастыру мақсатында қабылданған құқықтық нормативтік құжаттардың жиі қабылданып, бірін-бірі алмастыруының мәнісі бар. «1844 жылғы Ережені» бастапқыда 5 жылға арналған тәжірибе түрінде Орынбор ведомствосында енгізу көзделгені нақ сондықтан. Осы уақыттың ішінде Орынбор Шекаралық Комиссиясының шенеуніктері қазақтарды басқаруды қадағалап, оны жетілдіру туралы тұжырымдар жасауға, ол жөнінде ұсыныстарын әскери губернаторға жеткізуге тиіс болды [97, Б. 316]. Осы тұжырымды дәлелдейтін мынандай мәліметке назар аударайық: 1846 жылдың маусымында Орынбор әскери губернаторы М.В. Ладыженскийдің жаңа бекіністерге қамқоршылар тағайындау туралы сауалына Ішкі Істер Министрлігінің Кеңесі мынадай нақты тапсырма берген: «Алыс ішкі жатқан бекіністер әзірге жаңа іс. Мұның қалай жүретінін қазақтардың және т.б. өздерін қалай ұстайтынын байқап

көріп, сонда ғана уақыт пен тәжірибенің қалай көрсететініне қарай, одан әрі қимылдарға кірісу керек» [130, 10 сп]. Бұл мәлімет отарлық биліктің заңнамалық, нормативтік құжаттардың аса сақтықпен қабылданғандығының бір көрінісі еді.

Осылайша отарлық биліктің қазақ жерінде жүргізетін модернизациялық саясатына аса сақтықпен қараған. Соған сәйкес отарланған жердегі реформалық өзгерістердің одан халықтар тарапынан қалай қабылданғандығы және ол өзгерістердің империялық саясатқа тиімділігі қанша екендігі сияқты мәселелер тәжірибе жүзінде сыналып, сыннан өтіп барып саяси шешімдер қабылдау тәжірибесі орныққандығын танимыз. Бұл жерде әйтсе де, дәстүрлі қоғамды модернизациялауда халықтың мүддесін ескеру, оның әлеуметтік-экономикалық дамуына алаңдаушылық сияқты факторлардың әсте де болмағандығын аңғарамыз. Ресейлік тарихшылар, әсіресе кеңестік тарихнама патша өкіметінің отарлық саясатының әрекеттерін қаншалықты «прогресшіл», «өркениетті» деп дәріптегенімен, отаршылардың империялық мүддеге қызмет еткен озбырлығы мен жыртқыштығын жасыра алмайды. Патша өкіметінің Түркістан және Далалық облыстарда отарлық биліктің әрекетін заңдастыруда заңнамалық, құқықтық, реттеушілік құжаттарының уақытшалық сипаты кейінгі кездегі қабылданған заңнамалық құжаттардан да аңғарылады. Айталық, 1867-1868 жылдардағы Түркістан және Далалық облыстарды басқаруды реформалау жөніндегі Жарғыда өлкеге қатысты көптеген түйіткілді мәселелердің уақытша енгізілгендігі айтылады. Мысалы, Ресейдің метрополиясындағы сияқты губерниялар тікелей Ішкі Істер Министрлігіне емес, Әскери Министрлікке тікелей бағындырылды. Соған сай облыстарды да әскери губернаторларға басқартты. Бұл деген отарланған қазақ жерлерін азаматтық емес, әскери басқарудың 1917 жылға дейін сақталып қалуына негіз болды. Уақытша сипатта қабылданған бұл шешім 1898 жылғы реформалар кезінде де өзгеріссіз қалды.

Қазақ дәстүрлі қоғамының саяси-әлеуметтік және экономикалық құрылымы бойынша іргелі зерттеу жүргізген С. Зимановтың зерттеуінің [131] *(Аталған еңбек алғаш рет 1958 ж. орыс тілінде жарық көрген. Бұл басылым қазақ тіліндегі аудармасы - Г. И.)* ғылыми құндылығы жоғары.

Таптық-партиялық ұстанымдарды басшылыққа алған зерттеу жұмысының мазмұны және жасаған тұжырымдары қазіргі постструктуралды методологияның тұрғысында ескіріп қалғаны даусыз. Дегенмен, дәстүрлі қоғамның ерекшеліктерін жүйелеуі және жіктеуі тұрғысында жасалған тұжырымдары бүгінгі тарихи танымның игілігіне жарап тұр. Ғалым дәстүрлі қоғамды маркстік теория бойынша феодалдық қоғам тұрғысында қарастырды, соған сай сол қоғамның қанаушы және қаналушы таптарын жіктейді. Оның тұжырымында феодалдар табын сұлтандар, билер, тархандар, старшейналар, байлар, дінбасылар құрайды. Ал, тікелей өндірушілер табын С. Зиманов жай шаруа, кедей шаруа, байғұстар, жатақтар, жалшылар, егіншілер, жұмысшылар, құлдар, төленгіттер деп жіктейді [131, Б.227-369].

Кеңестік тарихнамада қоғамның әлеуметтік топтарын таптық белгісіне қарай осылай жіктесе, біз дәстүрлі қоғамның билік құрылымдары тұрғысында оларды билік институттарына – хан-сұлтандар, билер, батырлар, ақын-жыраулар, дінбасылар институты деп топтастырған болатынбыз. Соған сай «тікелей өндірушілер табы» деген топтау әдісінен бас тартып, оларды кәсіптік белгісіне қарай ғана топтастырдық. Біз тарихнамалық және деректанулық талдауымызда дәстүрлі қазақ қоғамында құлдар әлеуметтік тобының болмағандығын және оның жекелеген белгілері ғана болғандығына көз жеткіздік. Бұл жөнінде дәстүрлі қазақ қоғамында рулық-тайпалық құрылымының табиғатына құл әлеуметтік тобы мүлде жат болғандығы шежірелік деректер мен тарихи аңыздардың өзінде дәйектелген. Ал, қазақ дәстүрлі қоғамдағы таптық қатынастарды жіктеуде еуропалық, соның ішінде ресейлік өлшемдерді қолданған Зобнин сияқты зерттеушілер отарлық биліктің тапсырмасымен төленгіттерді құлдар тобына жатқызу туралы тұжырым қалыптастырған. Бұл тұжырымның негізсіздігі жөнінде алдыңғы (1.2) тарауда талдағанбыз. Осы тұжырым кеңестік тарихнамаға орнығып, одан әрі жалғасын тапты. Оның бір көрінісі С.Зимановтың зерттеуі.

Осындай зерттеулердің бірі швейцариялық ғалым, француз деректері бойынша зерттеу жүргізіп, оны Парижде жариялаған Виктор Дингельштедт еңбегі болды. Оның зерттеуі қазақтардың дәстүрлі құқы туралы еді. 1891 ж. «Патриархалдық құрылым және қырғыздардың қарапайым құқы» атты концептуалдық еңбегінде дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымданған келбеті көрініс тапты. Әсіресе, ақсүйек, қарасүйек, әйелдердің жағдайы, қоғамның құрылымы, қарапайым құқық, жазалау жүйесі, сот тәжірибесіне талдау жасады. Дингельштедт дәстүрлі қазақ қоғамының қалыптасқан, тұрақты классикалық түрін сипаттағанда интуитивті түрде оның ғаламат өзгерістер алдында тұрғанын сезген сияқты. Содан болар Дингельшедт «Көптеген қазақтар ата-бабаларының өмір салты болып келген көшпелі тірліктің ары қарай жалғасын таба алмайтынын біледі» [92, Б.129] деп жазады.

Осылайша ғылыми іздестіру, әскери барлау жолдары арқылы жинақталаған қазақ дәстүрлі қоғамы жайлы деректер кешені қазақ жерінде отарлық биліктің модернизациялық саясатына құқықтық негіз болатын саяси шешімдер мен құқықтық құжаттарды қабылдауға ғылыми негіз қалады. Өз кезегінде 1731 жылдан басталған Ресейдің қазақ жерін отарлауы уақыт өткен сайын күшейе берді. Жайық-Орал, Батыс Сібір, Ертіс әскери шептерін салып, бекіністер тұрғызды, өзен жағалауларына пайдалануға шектеу қою арқылы алғашқы кезекте қазақ дәстүрлі көшпелі шаруашылығының көш жолдарын кесіп тастады, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық меншіктегі жайылым, шабындық жерлерінен айырды. Бұл жағдай XVIII ғасырдың соңындағы Сырым батыр бастаған шаруалар көтерілісіне алып келді. Отарлық биліктің озбырлық саясатына қарсылық күшейе түскен сайын патша өкіметінің жаулаушылық тактикасы да өзгеріп отырды. Осындай өзгерістердің бірі мысал ретінде 1802 ж. Ішкі Орданың (*кейіннен Бөкей Ордасы деп атанды – Г.И.*) құрылуын айтуымызға болады. Шын мәнінде Бөкей Ордасының

құрылуы – қазақ жерінде саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени трансформация жасаудың сынақ алаңына айналғандай еді. Бөкей Ордасында іске асқан модернизациялық әрекеттердің арасында халықтың түсіністікпен қабылдап, қолдағандары да бар (оқу-білім, денсаулық сақтау, мал тұқымын асылдандыру сияқты). Сонымен бірге рулық-тайпалық құрылымының өзегі болып саналған жерге, жайылымға деген қауымдық меншікті жерге жеке меншік институтын енгізу түріндегі өзгерісін халық жатырқаушылықпен қарсы алды.

Патша өкіметі алғашқы кезде дәстүрлі қоғамдағы хандық билік жүйесін сақтап, оның ішкі тірлігіне араласпай сырттай иелік жасады. Оның есесіне билікке бағынышты болған шенқұмар, атаққұмарлардан патша өкіметі ештеңе аямады. Кіші жүзге қатысты жүргізілген «Орынбор қырғыздарының Жарғысы» 1824 ж. Орынбор генерал-губернаторы П.Эссеннің басшылығымен іске асты. Жарғы бойынша Кіші жүзде хандық билік жойылды, аймақты басқару Орынбордағы Шекаралық Комиссия арқылы жүзеге асырылды. Кіші жүздің әкімшілік құрылымы бекіністер аралығындағы жерлермен өлшенген дистанциялық жүйеге негізделді. Кіші жүздің барлық буынындағы әкімшілік қызметтерге Орынбор генерал-губернаторы тағайындады [58, Б.144].

Патша өкіметінің қазақ елін біржолата отарлауы 1822 жылдан 1867 жылға дейін қарқынды жүрді. Бұл бірінше кезең болып саналады. Ал екінші кезеңде отаршылдық әскери қол сұғу арқылы елдің ішкі тірлігіне араласып, жергілікті тұрғындарды бұрынғы қоныстарынан ығыстырды. Осы әскери-әкімшілік кезеңінде тірек пунктері ретінде әскери бекіністер салынды. Олар біртіндеп Қазақстанның ішкі аймақтарында орнықты. Отарлық биліктің қазақ даласына әкімшілік-аумақтық реформалар жүргізуі рулық-тайпалық құрылымға негізделген дәстүрлі бөліністі алмастыруға бағытталды. Бұрынғы жүз – тайпа - ру болып құрылған әкімшілік-аумақтық бөлініс ендігі жерде «округ – болыс - ауыл» құрылымы бұрынғы рулық басқару жүйесін іс жүзінде жоқ етіп жіберуге тиіс еді. 5-параграф арқылы жаңа құрылым: ауыл - 50-ден 70-ке дейін шаңырақ, болыс – 10 ауылдан 12-ге дейін ауыл, округ – 15 болыстан 20 болысқа дейін болып белгіленді [132, Б.55]. Бұл 1822 жылғы Сібір қазақтарын басқаруға арналған Жарғы бойынша қалыптасқан жүйе еді.

Дегенмен, отарлық билік қалыптасқан саяси жағдайларға байланысты әкімшілік-аумақтық құрылымды империялық мүддеге сай өзгертіп, жетілдіріп отырды.

Отарлық билік үшін отар елді басқарудың мемлекеттік аппаратын жетілдіру басты мақсатқа айналды. Осы мақсат жолында дәстүрлі рулық-тайпалық басқару құрылымын жоюдың шаралары үнемі жетілдіріліп отырды.

Отарлық билік отар елді басқарудың мемлекеттік аппаратын құрды. 1868 жылғы реформалар бойынша бұрынғы әкімшілік-территориялық құрылым өзгеріп, қазақ даласы әкімшілік тұрғыда облыстарға, облыстар уездерге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінген жүйе қалыптасты. Соған сай қазақ арасында (*билік баспалдақтарында қазақтарға бұйырған*

*сайлау лауазымдары – Г.И.*) болыс басқарушысы, болыс старшыны, болыс биі деген лауазымдарға сайлау және сайлану құқы белгіленді. Жаңа реформа бойынша Түркістан өлкесі мен Қазақстан жеріндегі барлық өкімет билігі толығымен әскери генерал-губернатордың құзырына берілді.

1867-1868 жж. реформалар сот жүйесін де қамтыды. Бұрынғы шекаралық соттың орнына әскери сот комиссиялары мен уездік соттар құрылды. Олар жалпы империялық заңдар негізінде жұмыс істеді. 1886 және 1891 жж. патша өкіметі Түркістан және Дала өлкелерін басқару туралы жаңа «Ережелер» бойынша Түркістан және Далалық өлкелерде жалпы империялық соттар жүйесінде бітістіруші судьялар, болыстық соттар және жоғары сот инстанциясы қалыптасты. Бұл реформалық өзгерістер сот құрылымдары арқылы өлкедегі отарлық билікті заңдастырып, езгі мен және қанауды күшейтті.

Ресей үкіметінің қазақ даласында жүргізіп жатқан іс-шараларын сынап қоғамдық даму ерекшеліктерін ескеру қажеттігін көрсеткен алғашқы қазақ оқығандарының бірі Шоқан Уәлиханов болды. Ол «Сот реформасы туралы жазбалар» деген мақаласында көтеріліп отырған мәселенің қоғамдық маңызын айқындап берген болатын. «1822 ж. Сперанский Сібір заңдары жинағын құрастырды. Ол 1824 ж. Қырғыз даласына енгізілді. Сауатсыз, көшпенді өзіндік айрықша түсініктері мен салттары бар халық ай жоқ, шай жоқ бюрократиялық орталықтандыруға, оның барлық түсініксіз инстанцияларымен, төл сипаттарымен және қазірге дейін тек қырғыздарға емес, сондай-ақ орыстарға да түсініксіз кеңселік атауларына бағындырылды» дей келе Ш.Уәлиханов қазақтардың дәстүрлі қоғамдық ұйымын күштеп бұзып, жат жаңалықтарды енгізу тұтас бір халықтың азып кетуіне алып келеді деп қорытындылайды. «Бізге бұйрықтар, мәжілістер, кіріс және шығыс журналдарымен бірге татар молдалар мен татар білімін әкеліп таңды. Бұл тұрғыдағы реформаларды, өз басымыз, халық үшін мүшкіл жайт және ілгері дамуға зиянды нәрсе деп есептейміз» [99, Б. 86] деп тұжырымдаған.

Дәстүрлі қоғамның модернизациялық процестерінің қалай іске асқандығы жөнінде Ш.Уәлихановтың зерттеулерінен көптеген тың тұжырымдар табамыз. Дәстүрлі қоғамның ақсүйектер ортасынан шыққан және ресейлік аристократиялық үлгісімен білім алған Ш. Уәлихановтың дәстүрлі қоғаммен империялық билік ара-қатынасын салыстыра бағалауға мүмкіндігі болды. Соның бір мысалы «Сот реформасы туралы жазбасы» (*28 ақпан. 1864 ж. Омбы қаласынан жазған жазбасы) – Г.И.*). Сол сияқты қазақ дәстүрлі қоғамындағы рулық-тайпалық, әкімшілік-территориялық құрылымның отарлық билік тарапынан қалай өзгеріске түскені туралы «Семей облысының ішкі округтерін және Аягөз бен Көкпектіні құрайтын болыстар», «Қарқаралы ішкі округ болысының қысқы қоныстары»[41, Б. 207.] деген жазбаларында қысқаша сипаттайды.

Дәстүрлі қазақ қоғамының ерекшеліктері туралы Ш.Уәлиханов Ресей құрамындағы бұратана халықтар арасында қазақтар саны, байлығы жағынан

бірінші орын қырғыздарға (*қазақтар – Г.И.*) тиесілі [41, Б.87] деген тұжырым жасағандығы да есте болуы керек.

Қазақтар туралы орыстар, еуропалықтар арасында кең тараған «қырғыз-қайсақтардың» жабайылығы, тағылығы жөніндегі пікірлерге тойтарыс ретінде Шоқан «Шынын айтқанда, қырғыз халқы мейлінше ымырашылдар санатына, демек, орыс патшалығының онша жабайы емес бұратаналары қатарына жатады» [41, Б. 87] деген пікірін қарсы қояды.

Ресей өкіметінің енгізген реформалары қазақ елінің саяси статусын өзгерткенімен, XIX ғасырдың I жартысында қазақтың қоғамдық тіршілігі, шаруашылығы, әдет-ғұрпы әлі де баяғыша қалып қойды. Әрине, қоғамдық санада ғасырлар бойы қалыптасқан билік дәстүрлері, жол-жобалар оңайлықпен ығысқан жоқ. Сондықтан XIX ғасырдың 40-50 жылдары патша өкіметі қазақтың дәстүрлі басқару жүйесі мен әдет-ғұрып заңдарын зерттеу үшін бірнеше рет елге комиссия шығарды. Солардың ішінде дәстүрлі қоғам туралы деректерді барынша толық жинақтаған деп д-Андре (1846ж.), Л.Баллюзек (1871), Г.Загряжский (1876), Д.Самоквасов (1876), И.Козлов (1882) еңбектерін айтқан жөн.

А.В. Ремнев жазбаларында патша өкіметінің 1822 ж. 22 маусымда кейінгі кезде қабылданған заңдар мен ережелерге негіз болған 10 заңды бекіткендігі айтылады [34, С.79.]. А.В. Ремневтің дерегінде осы заңдар негізінде Орта жүзде хандық билік жойылды деп саналады. Яғни осы заңдар жинағын қазақ дәстүрлі қоғамы қазіргі заманғы даму бағыттарына сай модерницияләудың құқықтық-заңнамалық негізінің қалыптаса бастауы деп санаймыз. Осы заңның соңын ала 1824 жылы Орынбор қазақтарын басқару туралы Жарғы қабылданып, Орынбор әскери губернаторы В.А.Перовскийге «Орынбор Шекаралық комиссиясының міндеттері, бағыныштылық реті, әскери шептер, оның ішкі құрамы, қандай да болсын істерді бөлу және жүргізу тәртібін анықтау міндеті қойылды [133, тіз.1, іс. 215 б, п. 81.].

Осы заңдар қазақ жерінің Ресей отарына айналуының ауқымын кеңейте түсті. Патшалық Ресейдің қазақ даласында жүргізген әкімшілік басқару жүйесі көшпелілердің ұзақ жылдар қалыптасқан тіршілігін, қазақтың дәстүрін, өмір сүру жолын бұзды [97, Б.317] деген тұжырымның Отан тарихы академиялық жинағына енгізілуі маңызды методологиялық мәнге ие болды.

«1886 ж. қазақ даласында жарияланған Дала Ережесі қазақтардың жерін мемлекеттік жер деп жариялап, бұл қазақтардың әлеуетінің негізі болып табылатын – мал шаруашылығына үлкен зиянын тигізді. Бұл 1905-1906 ж. Қазақстанда жүргізілген аграрлық реформаның енуімен аяқталды [78, С.320] деген Н.Э. Масановтың тұжырымы далалық аудандарда модернизациялық процестердің дәстүрлі өндірістік қатынастардың сипатын түбірімен өзгерткендігіне назар аудартады. Осылайша «1891 жылы 25 наурызда қабылданған ереже ресми күшіне енгеннен кейінгі уақытта қазақтың кең байтақ жері ешбір кедергісіз пәрменді түрде отарланып, әрбір қазақтың шаруашылығына қажетті жер мөлшері анықталып, одан

«артылғанынан» қоныс аудару қорларын құрып, Орталық Ресейден ағылған келімсектерге үлестіріліп отырды» [78, Б.34].

XVIII ғасырдан бастап қазақ даласына басқа ұлт өкілдерін қоныстандыру, казактарды орналастырғаннан кейін орын алды. 1822 ж. Сібір Жарғысы «жергілікті халыққа бөлінген жерлерге орыс шаруаларының өз бетінше қоныстануына тиым салынды. Бірақ мұның ауқымы үлкен болған жоқ. Өкінішке орай, отарлық билік нығайған сайын аталған заңның осы бабы мүлдем ұмытылып, «артық жерлерді» «тартып алу» қарқындап жүре бастады.

Қоныс аударушы шаруалардың, казактардың және басқа ұлт өкілдерінің *(ұйғырлар, дүнгендердің және басқалардың – Г.И.)* мүдделерін көздеп, тартып алған жерлерді пайдалану алдын-ала жасалған отарлау саясаты негізінде жүргізіліп, дәстүрлі қоғамның жерді пайдалану ерекшеліктерін бұзды. Отырықты халық пен көшпелілердің жерге қатынастарын салыстыруға болмайтын еді. Отырықшыларға қарағанда көшпелілердің билікке әлдеқайда тәуелді болғанын мойындау керек деген П.Г.Галузоның пайымдауын [61, С.78] қуаттауға болады. П.Г. Галузоның зерттеуінде жаппай отырықшылыққа көшу шаруашылықтың дәстүрлі нысандарын бұрынғы қалпында сақтап қала алмайтындығы белгілі екендігі айтылады.

XX ғасырдың 20-жылдарына дейін жүргізілген модернизациялық шаралар жергілікті экономиканың алуан түрлі салаларын жүргізген мал шаруашылығын екінші қатарға ығыстырып тастай алмады. Дәстүрлі қазақ қоғамында шаруашылық жүргізудің мынадай жүйесі орын алды: бірінші «таза» көшпелі мал шаруашылығы; екінші отырықшы егін шаруашылығы; үшінші көшпелі, бірақ қысқа дайындық ретінде қосымша қор жинау, (шөп шабу т.б.) және егін өсіріп, оны мал шаруашылығына пайдалану; төртінші егіншілікті мал шаруашылығы; бесінші жартылай отырықшы мал шаруашылығы. Бұлайша жіктеу дәстүрлі қоғамның шаруашылық жүйесінің табиғатын біршама толық аша алады.

XIX ғ. 20 жж. қазақ қоғамының саяси дербестігін жою барысында Ресей әкімшілігі осы оқшаулықты қайшылық деңгейіне жеткізді. Әкімшілік 1822 ж. «Жарғы» бойынша сұлтандарды билік жүйесін әлеуметтік бақылау қызметінен шеттетті. Аға сұлтандар, болыс басшыларын сайлау тек төре тобының ішінде ғана таралды. Кейіннен ру басшылары мен сұлтандар арасындағы күресті қоздырудың қосымша шаралары енгізілді. Бірақ, дәстүрлі қазақ қоғамының дәстүрлері басым болып, қазақ аулына капитализмнің енуіне жол бермеді; рулық қарым-қатынас, яғни ру өкілдері «бір-бірімен тату болды» және қажет жағдайда бір-біріне көмектесті, бұл қазақтардың дәстүрлі өмірінің ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл кейбір зерттеушілердің қазақтарда таптық бөлініс болмады деп сыңаржақ қорытындыға келуіне себеп болды.

Саяси билікті модернизациялауға қатысты А.К. Гейнс дәстүрлі билікті шектеу арқылы халықты «өз ішіндегі аристократтары мен ру басыларының қанауынан босату» [135, С.122] керек деген тұжырым ұсынды.

Империялық мүддеге және жоғарыда Гейнс айтқан көңіл күйге сай қазақ даласында жүргізілген реформалар дәстүрлі билеуші әулет Шыңғыс тұқымдарының билігін шектеді. Округтардағы билік аға сұлтандарға, болыстағы билік болыснай сұлтандарға, ауылдағы билі ауылнай сұлтандарға тиесілі болды. Биліктің қолдауымен сайланғандар Омбы облыстық басқармасы шенеуніктерінің қолжаулығына айнала бастады. Көшпенділердің билігі отарлық билік шенеуніктерінің қолына шоғырланды.

Реформа барысында сот жүйесіне көп өзгерістер енгізілді. Оның мақсаты қазақ даласына патша өкіметі өз заңдарын толық жүргізу болды. Дәстүрлі билер соты руаралық, ауыл ішіндегі дау-дамайларды шешіп отыру ғана сақталды.

Ауызша деректе келтірілген қазақтардың «дуан» ұғымы Ресей реформаларындағы округтік приказ ұғымымен сәйкестендірілген. Патша үкіметінің мүддесін қолдап, олардан әскери шендер, арнайы сый-сияпат алып, Ресей саясатының нәтижелі жүзеге асуына ықпал еткен сұлтан, би-старшындардың тұрпаты қалыптасты. Қылмыстық істер, мысалы, Отанға опасыздық жасау, кісі өлтіру, ұрлық, билікке бағынбау, т.б. империялық заңның негізінде шешілді.

ХІХ ғасырдың басында Патшалық Ресей  Орта жүз бен Кіші жүздің жерін өз құрамына қосып алғаннан кейін, өз саясатын Ұлы жүзге қарай бұрды. Осы тарихи кезеңде Ұлы жүздің негізгі бөлігі Қоқан және Хиуа хандықтарына тәуелді еді. Орта Азия хандықтары Сыр бойында қамалдар мен бекіністер салып, салықтар салып, жергілікті халыққа қысымшылығын күшейтті. Оған қарсы қазақтардың бірнеше рет толқулары мен көтерілістері өтті. Оның бірі 1812 жылы 12 мың көтерілісшілерімен өткен Тентек төренің оңтүстік Қазақстан өңіріндегі көтерілісі.

ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында орыс әскерлері Жетісу аймағын Ресей империясының құрамына қосты. Қазақстанның оңтүстігінде патша үкіметінің негізгі тірегі әскери бекіністер болды. ХІХ ғасырдың 20 жылдары Жетісуда Алатау, Қапал, Сергиополь, Лепсі бекіністерін тұрғызып, Аягөз және округтік приказдарын ұйымдастырды. 1848 жылы 10 қаңтарда Ұлы жүзде де ресейлік пристав тағайындалды. ХІХ ғасырдың 40 жылдары патша үкіметі Сырдария бойында Райым, Қазалы, Қармақшы форттарын салды. Ал, осы ғасырдың екінші жартысынан Ресей үкіметі оңтүстік Қазақстан жерін толығымен өз құрамына қосып алды.

1867-1868 және 1886-1897 жж. реформалардың күші сақталып, қазақтардың бұрынғысыша орманды және тұзды көлдерге жақын жерлерде қонысы болып, мал жаюына ғана емес, сонымен қатар оларға 20 шақырым қашықтықтан жақындауына да тыйым салынды.

Н.А. Тасилованың зерттеуінде реформалау барысында «жерінен ығыстырылған қазақтар туыстарына жакын барып орналасты немесе бос жаткан жайылымдарды иемденді» [134, Б.35] деген деректерді мысалға келтіреді. Шындығы да осы еді, қазақтар өз жерінен айрылып қалған соң сандалысқа түсті.

1867-68 жж. болған жаңа әкімшілік-территориялық бөлініс қазақ жерлерін ортақ әкімшілік бірлікке қосуға рұқсат бермеді. Қазақ жері осы кезде үш аймаққа бөлінді, оның әрқайсысы әртүрлі генерал-губернаторлықтың қоластындағы әкімшілік басқаруда болды (Орынбор (Орал мен Торғай облысы), Батыс-Сібір (Ақмола мен Семей) және Түркістан (Сырдария мен Жетісу). Осындай бөлініс қазақтың қалыптасқан ру-тайпалық байланыстарын бұзып, жүздер арасындағы дәстүрлі шекарасына да сәйкес келмеді. Соның салдарынан бюрократия ушығып, көшпенділер жаңа әкімшілік бөлініс шекараларынан аса алмай, үйреніп қалған бағыттары бойынша көшіп-қона алмады. 1860 ж. әкімшілік құрылым Қазақстанның болашағы үшін де әсер етпей қоймады. Мәселен, солтүстіктегі территорияда өндіріс жақсы дамығандықтан олар барынша еуропаланды, ал оңтүстікте исламның ықпалы жоғары болған соң олар сол баяғы ауыл шаруашылығынан әрі аса алмады. Бүгінде содан бері қаншама уақыт өтсе де тарихтағы айырмашылық әлі күнге дейін сезіледі [92, Б. 23-24.] деген пікірмен ішінара келісуге болады.

Отарлық билік тарапынан модернизациялаудың басты нысаны – дәстүрлі шаруашылық-мәдени тұрпатын өзгерту болды. Осы мәселеге айқындық беру үшін ұсынылған кесте (Кесте №1) дәстүрлі қоғамның шаруашылық-мәдени болмысының тұрпаттық сипатын көрсетеді.

*№ 1-кесте. Дәстүрлі қоғамның шаруашылық-мәдени тұрпатының сипатты белгілері*

| Шаруашылық-мәдени тұрпаттар | Сипатты белгілері |
|---|---|
| Көшпелі шаруашылық | Көшпелі шаруашылық – ғылыми әдебиетте көшпелі өмір салтының мынадай белгілері айқындалған: 1) мал бағу шаруашылығының басым түрі; 2) жыл бойы малды табиғи жағдайда ұстауға негізделген шаруашылықтың экстенсивтік тәсілі; 3) жер жағдайына қарай маусымдық көшіп қону; 4) шаруашылықтың натуралдық әдістерінің басымдығы [136]. |
| Жартылай көшпелі шаруашылық | Жартылай көшпелі деп көктем, жаз, күз мезгілінде жайылымның ыңғайына қарай жылжып көшіп отырып, қыста дайын қора-жайы бар қыстауларда қыстайтын мал шаруашылығын айтады. Мал шаруашылығының бұл түрі сақ-үйсін заманында-ақ дала мен таулы аймақтарда қалыптаса бастады. Жартылай көшпелілерде егіншілік, отырықшылықтың белгілі бір нышаны болғанымен, негізгі шаруашылығы – мал бағу, ал тұрмысы көшпелілікке бейім болды. [137] |
| Отырықшылық | Отырықшылық – халықтың бір жерде қоныстануы, тұрақтануы. Жергілікті жер жағдайы мен табиғат ерекшеліктеріне байланысты |

| | |
|---|---|
| | Қазақстанды ерте заманда мекендеген көне түркі тайпалары ғасырлар бойы көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. |
| Қолөнер | Қарапайым еңбек құралдарыныңкөмегімен қажетті әртүрлі бұйымдар жасайтын қол өндірісі [138]. |
| Сауда | Сауда–материалдық және рухани игіліктерді иеліктен шығару түріндегі сатып алу - сату әрекеті барысында меншіктенушінің ауысуы нысаны. Бұл сауда жасау немесе пайда табудың мақсатында емес, мұндай сауда тұрмыстық қажеттіліктен туындаған [139]. |

Сонымен, капитализмнің қазақ қоғамына енуі дәстүрлі шаруашылықтың күйреуіне алып келді. Елімізде өнерпәсіп салаларының жаңа түрлері пайда болып, жұмысшы табының қалыптасуына себебін тигізді.

Модернизацияға тартылған нысандардың қатарында дәстүрлі қоғамдағы билер институтының күйретілуін айтамыз. Қазақ қоғамындағы құқықтық жүйенің негізі саналатын билер институты тұтастай құқықтық сананы сақтаушылар және оның қызметін қамтамасыз етуші, сол арқылы қоғамдағы тәртіп пен реттіліктің кепілі болып саналған еді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында билер ел басқарудың барлық қырын қамтыған. Би – дәстүрлі қазақ қоғамындағы сот билігі қызметін жүзеге асырушы. Билерді іс жүзінде ешкім сайламайды және ешкім ресми түрде бекітпейді. Ш. Уәлихановтың бұл туралы пікірін XIX ғасырдың басында қазақ даласында болған, көшпелі халықтың тұрмысымен қатар әдет-ғұрып салты ережелерін зерттеген орыс оқымыстысы Д.Самоквасов та қуаттайды. Оның түсіндіруінде «халықтың санасында би деген дәреже табиғат берген шешендігімен халықтық дәстүрлер мен тарихи аңыздарды терең білетін қасиеттерді біріктірген таңдаулы тұлға» [32, С.46] деп бағаланады.

Билер қазақ қоғамында құндылығы жоғары істермен айналысты. Дәстүріміздің тәлім-тәрбиелік, рухани қасиеттерін жоғары ұстай отырып, елдің тыныштығын сақтады. Ш. Уәлихановтың «Қазақтардың күнделікті құқығының гумандық жақтары орыс заңдылығынан көбірек» [140,сабыров С.91] деп айтқандығын негізге алып, қоғамдық қайшылықтарды шешу тәжірибесінде сот төрешілері рөліне әр түрлі адамдар ұсынылған кезде меритократия (яғни ең дарындылардың билікке келуі) принципі айқындаушы рөл атқарды, оған сәйкес қазақтардың дағдылы құқығы жөнінен мол танымы бар, ең талантты, беделді және тәжірибелі халық қазылары ғана билер бола алатын дейді. Бұл орайда қазақтардың құқықтық дәстүрлерінде билер атағын тікелей мұраға қалдыруға ешқандай жол берілмеді. Бұл жерде билер институтының атқарған қызметі – біріншіден, рулық қатынасты реттеп отырушы әлеуметтік тетік, екіншіден, хандық билік пен демократияның негізі болып табылатын халық билігін теңестіріп отырушы саяси тетік» [10, Б.72] - деп жазды А.Оразбаева.

А.И. Левшин осы мәселеге қатысты «Ортақ іс сол арада бір-біріне адалдыққа ант беру арқылы қастерленді. Сөйтіп, төнген қауіп ішкі өзара қырқыстарды бітістірді, жалпы келісім туғызып, бәрін бір нәрсеге бағыттады. Тұтас халықтың ілгері басудың, отаршылдарға шабуыл жасап, оларды

байырғы қазақ жерінен қуып шығудың негізі қаланды» [35, Б. 54] деп жазған еді.

Қазақ қоғамында «ру ақсақалдарының кеңесі», «тайпа ақсақалдарының кеңесі», «ақсақалдар соты» сияқты дәстүрлі билік институттарының жүйесі болды. Бұл билік жүйесі ауыл арасындағы қарым-қатынасты реттеа отырды. Жер, жесір дауларының шешімін тапты. Билердің өзі маңызды шешімді ру ақсақалдарының қатысуынсыз шешпеуі дала демократиясының шынайы көрінісіне айналды. Ақсақалдар кеңесі елдің ішкі мәселесінен туындаған күрделі жағдайды реттеу мақсатында өткізілген. Дегенмен, модернизациялық процестер барысында қазақ қоғамында XIX ғасырдың бірінші жартысында «ақсақал» деген мәртебенің бастапқы мән-мағынасы жоғала бастады.

Батырлар институты модернизациялық процестен мүлдем тыс қалды. Ол институтты билік өз мүддесіне бейімдеуді мүлдем ойламады. Содан да ел мен жерді қорғаудың тірегіне айналған бастырлар институтына отарлық билік иерархиясында орын қалмады. Ол жойылуы керек еді. Революцияға дейінгі және революциядан кейінгі кеңестік тарихнама дәстүрлі қоғамдағы батырлардың рөлі төмендетуге, олардың қызметтеріне жағымсыз баға беруге мүдделі болды.

Дәстүрлі қоғамның батырлар институты жөнінде қазақ ғалымдары арасында да өткір пікірлер болған. С.Е.Толыбеков кеңестік тарихнама дәстүріне қазақ батырлары қарапайым халықты қанаушылар еді [141, С.118] деп бағалайды. Солай дегенмен XVIII ғ. басында батырлардың беделі мен қоғамдағы ролінің маңыздылығы жоғары болды. Мұның өзі сырттан төнген қауіпті сейілтіп, қазақтардың өзара ұйымдасуына, әскери құрылымдардың нығаюына алып келді.

Кең байтақ қазақ жерінде орныққан басқару жүйесі Ресейдің жалпы империялық әкімшілік-саяси жүйесіне таңылды. Қазақ жері көпұлтты империяның құрамды бөлігіне айналып, нарықтық экономикаға өте бастады және кәсіпкерліктің түрлері жаңа өндірістік модернизацияның бастамасын қабылдады. XIX ғ. соңында «Уақытша ережелердің» негізгі бағыттары дәстүрлі қоғамды модернизациялау процесін одан әрі жалғастырды. Әрине, отарлық биліктің әкімшілік ресурстары бастамасы болған бұл өзгерістердің басты мақсаты – бодан халықты империяның қызметіне жегу, оның материалдық ресурстарын метрополия қазынасын толтыру болды. Осы мақсатты іске асыру үшін жергілікті халықтарды еуропалық ғылым білімге үйретудің өзі империялық мүддені көздеді. Отарлық білім беру жүйесінде орыс-бұратана мектептері, қалалық реалдықучилищелер көптеп ашылды. Оны бітірушілер орысша тіл сындырып,, шағын өндірістер мен цехтардың жұмысшыларының қатарын толықтырды. Ал гимназияны, мұғалімдер семинариясын бітіргендер тілмаш, аудармашы, кеңсе қызметіне ғана тартылды. Семинария бітіргендердің арасынан ілуде біреуі ғана Ресейдің орталық қалаларындағы ЖОО түсуге мүмкіндік алды.

Қазақ қоғамының феодалдану барысында дәстүрлі шонжарлар тобы ру-ақсақалдарымен, билермен, батырлармен санаспай, олардың құқықтарымен

санаспады. Отарлық биліктің әртүрлі деңгейіндегі шенеуніктеріне айналған жаңа тұрпатты жергілікті шонжарлар уақыт өткен сайын отарлық биліктің далалық аймақтағы тірегіне айналды, дәстүрлі билеушілерді қоғамдық-саяси қызметтен ығыстыра берді. Отарлық әкімшілік дәстүрлі саяси –әкімшілік элита мен жаңадан қалыптасқан жергілікті шенеуніктер тобы арасындағы қақтығысты өз мүддерлеріне шебер пайдаланды. Нәтижесінде өрши түскен руаралық күрес еңбекші бұқара – шаруаларға соққы болып тиді деген Отан тарихының академиялық жинағында орныққан тұжырым да қазіргі методологиялық ұстанымдарға сай қайта қарауды қежет етеді. Алдағы дайындалып жатқан Отан тарихының 7 томдық жинағында осы мәселелер ескерілер деп ойлаймыз. Өйткені, тәуелсіздік жылдары қалыптасқан және жаңарған Отан тарихының мазмұнындағы постструктуралды ұстанымдардың тарихи танымға ұсынған жаңалықтары ғылыми басылымдардан орын алуы керек. Өйткені «Көшпелі менталитет дегеніміздің мәні адамның ешқашан өз әлемінен шектеліп қалмауына саяды. Ол (*адам – Г.И.)* – ұжымдық, әмбабап және ғаламға тиесілі» [142, С.7.] деген тұжырым дәстүрлі қоғамның рухани-ділдік сипатын айқындайды.

Қорыта айтқанда, отарлық биліктің дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік–экономикалық модернизациялауының саяси, құқықтық негіздеріне жасалған талдау қазақ еліне сырттан таңылған империялық биліктің ешқандай да легитимді емес, дәстүрлі қоғам үшін тосыннан ықпал етуші фактор ғана болғандығына көз жеткізді. Модернизациялық процестердің «қазақ жеріне мәдениет алып келген», «өркениеттік», «прогресшіл» рөлі туралы саяси ұстанымдарға негізделген ғылыми-идеологиялық аңыздың тарихи таным мен тарихи сана үшін күні өткен тұжырымдар екендігін анықтадық.

## 2.2 Дәстүрлі саяси, әлеуметтік және мәдени институттар қызметінің модернизациялануы

Жоғарғы тарауларда атап өткендей дәстүрлі қазақ қоғамына тән биліктің ерекшеліктерін мойындап, Патшалық Ресей мүддесінде қолдану көшпелілер өркениетінің ерекше тұстарын тануға жол ашты. Осыған байланысты қазақ дәстүрлі билігінің саяси құрылымы туралы жазылған еңбектердің ішіндегі ғылыми құндылығы жағынан оқшау тұрған шығармалардың бірі В.В. Радловтың «Из Сибири» деген кітабы. Түрік халықтарының тарихы, этнографиясы, археологиясы мен тілін зерттеуде бұл еңбектің орны ұшан-теңіз. Көрнекті ғалым қазақ халқының дәстүрлі билік құрылымы жөнінде тың ойлар мен пікірлер айтқан. Автор дала көшпелілеріне тән ерекшеліктерді этномәдени тұрғыда пайымдауға шақырады: «Мен өзім қырғыздар арасында ұзақ уақыт болдым және оларда анархия емес мәдени қатынастар арқылы реттеліп отыратын, біздегіден ерекшеленетін билік үстемдік ететіндігіне көзім жетті [112, С.52] деп тұжырымдады.

Сонымен қатар В. Радлов «Из Сибири» еңбегіндегі қазақтарды өз дәстүрінен айырып, күштеп отырықшылыққа отырғызу қарама-қайшылық туғызды, оның дұрыс емес екендігін, олар одан регрестік жолға тап болады [57, 272 б.] - деп жазған.

Сырым Датов бастаған көтерілістен соң орын алған басқа да көтерілістердің барлығының отарлық билікке қарсы қарулы күрестерінің ең басты дәлелі (аргументы) осы әкімшілік-территориялық жүйенің, салық саясатының, басқа да мемлекеттік институттардың күштеп орнауы болатын.

Қазақтың соңғы ханы Кенесары хан Ресеймен отарлау әрекетін тоқтату туралы келіссөзге келуге әрекеттенеді, бірақ Ресей билігі ханмен келіссөз жүргізуден бас тартады. Соғыс жариялау мен мемлекеттің заңды билігіне қарсы бас көтеру арасында үлкен айырмашылықтар мен ерекшеліктер бар [143, Б.245-246].

Бейбіт кезде «...хан всегда был только своего рода модератором политического процесса, координатором дискуссиий, нейтральным арбитром в спорах, проводником идей консенсуса, а в период военных действий казахов – еще и военным вождем» [144, С.117]. Қазақ хандығы құрылуының бастапқы кезінде бір орталыққа бағындырылған мемлекеттік билігі XVII ғ. соңында әлсірей бастады. Есім ханның мемлекетті нығайтуға күш салған әрекетінің нәтижесі болмады.

Көшпелілердің шаруашылық типі белгілі бір территориямен оқшаулауға көнбейді, ондай оқшаулау әсіресе құрғақшылық, жұт кезінде малдың жағдайын жасау жүйесіне кедергі келтіретін еді. Отарлық билік қазақтардың көші-қоны мен мал жайылымына қатаң шектеу енгізуінің алғашқы әрекеті Кіші жүз қазақтарының Жайық өзенінің оң жағалауына көшіп-қонуына тиым салуы түрінде көрініс тапты. Осы күштеу әрекеті 17 жылға созылған Сырым Датов бастаған көтерілістің ең басты дәлеліне айналды. Кеңес тарихнамасында Сырым батыр қозғалысына кертартпа реакцияшыл қозғалыс мәртебесін берді. Көтеріліс нәтижесінде отарлық билік ішінара консенсусқа барғанымен, 1802 жылы Ішкі Орда деп аталатын ерекше территория құруымен аяқталды. Шын мәнінде, Бөкей Ордасы қазақ жерінде жүргізілетін империяның модернизациялық әрекеттерін сыннан өткізетін плацдармға айналды.

Қазақтар Патшалық Ресейге бодан болуының алғашқы кезеңінде (1731-1822 жж.) ханның құты қашты, оның өзі патшаның үмбетіне айналды. Қалмақ, башқұрт жорықтары азайды, батырлардың ролі төмендеді. Қазақ жеріне енгізілген орыс казактары көшпелілердің көшіп-қонуын шектеді, олардың малын тартып алды. Патша өкіметі қазақтың сұлтандарына, билеріне, батырларына шен-шекпен үлестірді де, оларды өкімет пен халық арасындағы үстем тап етіп қалыптастырды. Оларды өзінің әкімшілдік-отаршылдық жүйенің құрамды бөлігіне айналдырды. Патшалық-отаршылдық режиммен ауыз жаласқан хандық билік халықты одан сайын қанады [82, Б.104].

Қазіргі кезде әлем халықтарының этникалық жағынан ұлттың өсуінің пайда болуы, табиғаты мен салдары туралы сұрақтарды одан сайын күшейтті. Толық қамтылмаған қазақтардың этногенезі туралы мәселе бүгінге дейін Қазақстан тарихының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Зерттеушілердің көпшілігі қазақтар XV ғасырда ұлт ретінде танымал болды деп санайды. «Қазақ» этнонимінің пайда болуын ұлттың атауымен байланыстырады. «Қазақ мемлекеттілігі» дегенде көп адамдар мәселені «қазақ сөзімен» байланысты қарап, XV ғасырда ғана пайда болды деген ұғымды қалыптастырған. Жаңа халық, жаңа мемлекет бірден пайда бола қойған жоқ.

Белгілі тарихшы В.О.Ключевский «Қоғамның тұрмыс-тіршілігі мен парасат-пайымы жөніндегі сырт көз жолаушының дерегі дәл және толық болуы мүмкін емес, өйткені оларға өмірдің бұл қыры өзінің астарлы сырын бірден аша қоймайды, оның үстіне жаттың талғамы халық өмірінің бұл сапасына сәйкес келе де бермейді» [145, С.8) дейді. Осындай Батыс-Шығыстың саяхатшылары қалдырған деректер әрісі көшпелілердің, берісі қазақ халқының тарихи қасиет-болмысы туралы ғылыми баға емес, оған талғамын зерделеумен қарауды қажет ететін дерек. XX ғ. соңы мен XXI ғ. басындағы Ресей тарихнамасында далалық мәдениет пен өркениет дамуының баламасы деген мәселе қойылды, мұның өзі әрине өркениетті әдіс-тәсілді мойындау еді. Адамзат туралы күрделі жүйелердің туындауы, одан әрі дамуы тіпті, жойылып кетуі туралы негізгі заңдарды әртүрлі түсіндіретін бірқатар ғылыми парадигмалар пайда болды.

Дәстүрлі қоғамның басты ерекшелігі – биліктің әр деңгейде орналасуы. Яғни, билік функциясын этноәлеуметтік құрылымның бірнеше деңгейлерінен кездестіреміз. Көшпелі қоғамдағы билік ол – ақсақалдардың, ру басыларының, хан-султандардың өздеріне тиесілі билік функцияларының тепе-теңдігі [23, Б.92].

Көшпелілердің басқару институттарының аса күрделі сипаты көшпелі империялардағы билік құрылымдарын сараптау үшін жүйеленген қағидаларды қолданудың перспективалы екендігін көрсетеді. Көшпелі құрылымдардағы саяси үдерістердің дипломатиялық жүйе бөлшектерінің тұрақсыздығы және жылжымалығы, жүйе бөлшектерінің ара қатынасындағы өзгерістер- жүйенің өзін толықтай трансформациялайды.

*№ Кесте 2. Қазақ хандығының ру-тайпалық құрылымының моделі (әкімшілік-аумақтық құрылым).*



Осыған сай дәстүрлі қоғамның саяси билік құрылымдарына қатысты мына кестені ұсынамыз.

*№3- Кесте. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси билік құрылымы.*




Дәстүрлі қоғамда «биліктің лигитимділігі» деген саяси-рухани құндылық орныққан. Ол құндылық әдет-ғұрып заңдары мен реттеліп отырған. Оның мынадай мысалдарын атап көрсетуге болады: сұлтанды тіл тигізіп корлағандық үшін 26 ұсақ мал және түйе мөлшерінде айыппұл салды, ал оны өлтіргені үшін «қарасүйектер» арасынан қатардағы жеті көшпеліні өлтіргендік үшін алынатын құнға тең материалдық өтем – құн төлеу көзделді [97, Б.74].

Еуразияның Ұлы Даласында көшпелі өмір салтына бейімделіп, оны өмір сүрудің негізгі арқауы ету үшін ең алдымен уақыт пен кеңістікке қатысты таным-түсінік қалыптасу керек. Онсыз көшпелілердің өмір сүру үшін жасаған барша әрекет-тірлігі мекен еткен кеңістіктің барша қадыр-қасиеті танып-білу, зерделеуге машықтану – Еуразия көшпелілері үшін өмір сүрудің кепілі. Байырғы сананың жаңғырығы ретінде қарап, уақытпен кеңістік көшпелілердің өмір сүру категориялары халық санасында әлі абстракцияланып үлгермеген, яғни дифференцияланған таным-түсінік деңгейіне ой-тұжырым жасай отырып саралауға болады. Жалпы, тарихи-әлеуметтік өмірінде ру-тайпалық құрылымның маңызы айырықша болған.

Осыған орай заманында зерттеу нысанынан тысқары қалған көшпелілер тарихының төл болмысын өз мәнінде танып-білуге кедергі келтіріп жүрген себептердің тағы бірі – көшпелі өмір салты тудырған мемлекеттік жаралымды еуропалық тәжірибеден алынған қоғамдық формациялар қалыбына салып, өрбитінін айта кеткен жөн.

Қазақ Елінде 300 жыл бойы жүргізілген үстемдік пен бодандықты халық санасынан бірден шығарып тастай алмаймыз. Өйткені барлық қазақ халқына, ұлтына деген қарсы әрекеттердің бәрі осы алғашқы Ресейге бодандық кезеңнен бастау алғаны және одан кейін бұл басқару жолы жетпіс жыл бойы тек партиялық саяси жүйеге айналып, кеңес үкіметінің пәрменімен, коммунистердің басшылығымен этникалық топтарды ұлт деңгейіне көтермей қалыптастырғаны барлығымызға мәлім [146, С. 436 б.]. Осының салдарынан қазақтар ата-бабаларымыздан қалған барлық құнарлы жер мен судан, кен байлықтарымыздан айырылып, сайын даланың сар бозында тек қана малшылықты жалпылай кәсіп етуге мәжбүр болды.

Көшпелі өмір салтты өмірге келтіруші де, оның ғұмырының ұзақ болуын қамтамасыз етуші де рулық-тайпалық жүйе. Өйткені рулық-тайпалық жүйе – табиғатпен қойындаса өмір сүрген адамдар бірлестігінің жағдайға өмір салтын тудырып, ұжымдық мүдденің біртұтастығын орнықтыруға, шаруашылық-мәдени типін қалыптастыруға негіз болған ерекше қоғамдық құрылым [147, Б.90].

Генеалогиялық байланыстарға негізделген және рулық ұйымға негізделген рулық құрылым өзін-өзі басқару жүйесі қалыптасатын негізгі ұйым. Рулық ұйым тұлғаның дамуына және оның шығармашылық әлеуетіне кепілдік береді. Оған күшті әкімшілік билік, мемлекеттік меншік, жер мен қосымша өнім иесі ретінде жоғарғы билік, сондай-ақ жеке жер меншігінің болмауы тән болады. Әдетте марксистік әдебиетте Шығыстың ежелгі қоғамдарындағы қарым-қатынастар «өндірістің азиялық тәсілі» деп аталады. «Мұндай жағдайларда тәуелділік саяси және экономикалық қатынасы болуы мүмкін. Мұнда егемендік – ұлттық ауқымда шоғырланған жер меншігі. Бірақ бұл жағдайда ешқандай жеке меншік жоқ...» [35, Б.24].

Бұл Шығыс өркениетінің басты ерекшелігі, малшылардың жылжымалы топтарының әлемімен тұрақты байланыста болуын есепке ала отырып, өз болашағын құруға бағытталған. Әр халықтың тарихи-табиғи болмыс-бітімі, салт-дәстүрдің, мәдениеттің сабақтастығы, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тарихи-әлеуметтік, қоғамдық тәрбиелік дәстүр сабақтастығы болмаса, адамзаттың прогрессте болмайды. Өмір-салттың, тіршілік-болмыстың сабақтастығы үзілген жерде адамзат баласы бәрін де қайтадан бастауға мәжбүр болады. Әр халықтың адамзат баласы жүріп өткен жолдағы баға жетпес тарихи тәжірибесін білмесе, ол өзінің парасатты өмір жолын біле алмайды. Саналы адамның ең бір рухани белгісі: рухани танымдылығымен, яғни коғамдық-әлеуметтік таным-тәжірибесі молдылығымен, тарихи сабақтастығымен дараланады.

Дәстүрлі қазақ қауымы тек саяси-әлеуметтік құбылыс қана емес, сол ортада бейімделген барлық құрылымдық қасиеттері жетілген әлеуметтік организм. Сол себептен этникалық құрылымға қажетті көптеген факторлар көшпелі қауымның өз ішінде туындап, тіршілігін қамтамасыз еткен. Ал оның құрылымдық қызметін бір-бірімен тығыз байланысқан алуан-типті күрделі қатынастар, мәселен, әлеуметтік-мәдени, экономикалық, идеологиялық,

территориялық тағы басқа, шыңдалған жүйелер атқарады. Көшпелілер өркениетінің басты ерекшелігі – ол синкреттілік. Яғни олардың этникалық, әлеуметтік, саяси т.б. сипаттарын бөлек қарастыруға болмайды. Кез келген халықтың алыс замандардан қалыптасқан өмір салты, материалдық және рухани мұралары, дәстүр тағылымдары, қалыптасқан нормалары – сол халықтың бастан өткерген өмір жолының айғағының өткеннің парқын танымай тұрып бүгін мен болашақты дұрыс болжауға болмайды. Ескіні жаңаның ығыстыруы, жаңаның уақытқа қызмет етуі, бұл – мәңгілік процесс. Әрбір тарихи-әлеуметтік кезеңнің өз талғам-танымына лайық дәстүр болады. Сондықтан көшпелі қоғамдардың этносаяси жүйесінің қалыптасуы және трансформациясы үдерісі мәселесіне арналған тарихи зерттеулерді кешенді сараптау негізінде назар аудару өзінің тарихи мақсат-міндетін атқарады және бұл құбылыстың мәнін қарастыруда алға жылжуға, оның іс-әрекеттерінің негізгі заңдылықтарын сапалы анықтауға және синтездеуге мүмкіндіктер береді.

Осының негізінде қазіргі кезеңде тарихи сананы жетілдіру қажет. К.И. Нұровтың тұжырымында еркіндік қазақ қоғамының аса маңызды құндылығы болып табылады және дәл сол себептен оны дамыту перманенттік экономикалық, рухани дағдарыс жағдайында біздің қоғамды қайта жандандыру үшін қажет [148] деп көрсетілген. Тарихи сананы жаңғырту мемлекеттік идеологиямен қатар жүргізілуі тиіс. Өйткені мемлекеттік немесе ұлттық идеология болмайынша тарихи сананың да болуы мүмкін емес.

Тарихи ой-сананың одан әрі дамуы бізге жаңа бағыттарды анықтауға, зерттеу көкжиектерін кеңейтіп, көшпелі қоғамдастықтардың әлеуметтік-саяси құрылымдарының күрделену үдерісін зерделеуге мүмкіндіктер береді. Бүгінгі таңда көшпелі қоғамдардың этносаяси және әлеуметтік-мәдени трансформациясының концептуалды мәселелерін іздестіру және талдап жасауға, саяси институттар қалыптасуының табиғаты мен мән-мақсатын, көшпелілер мен отырықшы-егінші тұрғындардың өзара іс-әрекеттері құрылымының өзгерістерін зерделеуге үлкен қажеттілік туындап отыр.

Осы тұста дәстүрлі қоғам тарихының этнологиялық мәселелерін зерттеген ғалым Ж. Артықбаевтың «Қазақ хандығы XIX ғасырдың 40-жылдарына дейін көнеден алатын тамырын үзбей, бір бәйтеректей өмір сүрген мемлекет» [23, Б.96] деген пікірі сөзімізге дәлел бола алады.

Отарлық биліктің дәстүрлі қоғамдағы модернизациялық әрекеттерінде ұстанған саясаты туралы Х.Досмұхамедұлы Сырым Датұлы көтерілісіне 1782-1797 жж. қатысты талдау жасайды. Сырым бастаған көтерілісі кезінде орыс үкіметінің қазақ ішінде орныға қоймаған кезі болғандықтан екі ұдай саясат ұстанған. Отарлық билік «бір қолымен хандарды сүйесе, екінші қолымен елді алдау үшін сипайтын еді. Патша өкіметі Сырымды әуелгі уақытта сипады. Сырымның арғы сырына түсінген соң-ақ, үкімет жалт беріп, Сырымға теріс айналды» [149, Б.5].

Патша өкіметіне Сырымның дәстүрлі билеуші әулетіне қарсы шығып «Нұралы ханды тақтан түсіріп қуғандығы, Есім ханды өлтіргендігі» [149, Б

34] ұнағандығымен оның отарлық биліктің әрекеттеріне қарсылығы ұнамағандығы ақиқат.

Кіші жүз бен Орта жүзде хандық биліктің жойылуы Ресей тарапынан қазақ қоғамының дәстүрлі билік құрылымдарын модернизациялаудағы ең бір шешуші қадамдардың бірі болды. Кіші жүзді басқарудың жаңа жобасының авторы Орынбор генерал губернаторы П.К. Эссен болды. Ол осы жобаны 1822 жылы дайындап, келесі жылы Азия комитетіне ұсынған еді. Автор жоба бойынша Кіші жүз аумағын Бөкей ордасымен қоса алғанда территориялық жағынан Батыс, Орта, Шығыс және Ішкі орда деп төрт бөлікке бөлуді ұсынды. Жоба бойынша оларды басқарудың мынадай 4 деңгейі қарастырылды; 1) ауылдарды басқару; 2) ауылдарды құрайтын ру-тайпаларды басқару; 3) ру-тайпалардан тұратын тұтас бөлімді басқару, тиісінше ол құрылымдарды ауыл старшыны, ру басқарушысы (частный провитель) аға сұлтандар басқарды. Бұл лауазымдар сайланбалы болды және оған тек қазақтар ұсынылды. Кейіннен аға сұлтандарды сайлауды «ыңғайсыз деп танып» «ең таңдаулыларды үкіметтің тағайындау» ұсынылды. Азиялық комитеттің ұсынысын патша 1824 ж. наурызында бекітті [150, С.96]. Хандық билікті жойып, оған қазіргі заманғы сипат беруге тырысқан отарлық биліктің модернизациялық әрекетпен оңайдан қиынға, қарапайымнан-күрделіге қарай даму заңдылығы аңғарылады. Отарлық билік неғұрлым нығайған сайын қазақ халқының дәстүрлі қоғамындағы орныққан таңдау құқы шектеле берді. Осы жерде Шыңғыс әулетінің отарлық билікпен ымыраласуының себептерінің бірі ретінде олардың дәстүрлі билігінің күштеу аппараты мен заңды күші жоқ екендігі, саяси-әлеуметтік тірегі болмағандықтан да өз билігін қамтамасыз ете алмағандығы болғанын [151, Б.35] ескеруіміз керек.

Кіші жүздегі сияқты Орта жүзде де жергілікті басқаруды қайта құрудың түрткісі мен жоспары бірдей болды. Әйтсе де, олардың іске асыру тәсілдерінде ғана айырмашылық орын алды. Айталық, «Орынбор генерал-губернаторлығының жүргізген тәсілдері Орта жүзді қамтыған Сібір генерал-губернаторлығына қарағанда әлдеқайда дөрекі болды» [152, С.90-92]. Оның дөрекілігі өлкедегі тұрғындардың артта қалған тұрмысын сақтап қалып, жергілікті халықты отарлық бағыныштылыққа күштеп мәжбүрлеу бағыты түрінде көрініс тапты.

Жалпы, аға сұлтандар институты қазіргі заманғы отарлық биліктің модернизациялық саясатының барысында дүниеге келген ұлттық мемлекеттілігіміздің қалыптасу эволюциясындағы маңызды буын болғандықтан да оның қызметінің тарихына деген қызығушылық тың зерттеулерге ұласуы мүмкін. Ал біз тақырып аясында аға сұлтандық институтын дәстүрлі билікті модернизациялау процесінің бір кезеңі ретінде ғана қарастырдық.

*№ Кесте 4. Дәстүрлі қоғамдағы саяси институттардың трансформациялануы*

| Дәстүрлі билік институттары | Отарлық билік кезінде трансформациялануы |
|---|---|

| | |
|---|---|
| Хандық билік | Хандық билік жойылды. Генерал-губернаторлық билікпен алмастырылды. |
| Сұлтандар | Аға сұлтанға айналып, округ басшылығына өтті. |
| Билер институты | Билік әдет-ғұрып заңдарымен шектелді. Негізгі билік шекаралық соттарға берілді. |
| Батырлар институты | Батырлар институты жойылды. |
| Рубасылар институты | Болыс басқарушылары мен старшындары түрінде әкімшілік институтына айналды. |

Осы кестеде көрсетілгендей патша өкіметі қазақтың елдік этникалық дәстүрлі билік құрылымдарын модернизациялап, әкімшілік-территориялық реформалар арқылы елді тұтастықтан айырды. Мұның бәрі кезең-кезеңімен іске асырылды.

Отарлық биліктің саяси, құқықтық, әкімшілік реформаларына негіз болған құқықтық-реттеушілік құжаттар дәстүрлі қоғамның саяси-әлеуметтік институттарын модернизациялады. Саяси-әлеуметтік институттардың отарлық билік жағдайында трансформациялауды көрсететін кестеде (кесте №4) осы мәселеге айқындық беруге тырыстық.

Зерттеу барысында біздің арнайы қарастырып, тұлғаландырған батырларымыздың бірі – Телқожа Атығайұлы болды [153, Б.56-60]. Сыздықтың Түркістан қаласын орыс отаршыларынан қорғау және азат етудегі әскери жорықтарға оның қатысқан батырлардың (қолбасылардың) бірі Телқожа батыр Атығайұлы (1840-1916) Түркістан қаласына жақын қазіргі Шоқтас ауылында туған. Сыздық Кенесаринмен бірге орыс отаршыларының Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азиядағы жаулап алушылық жорықтарына қарсы қол бастаған батыр [154, 416 б.]

Қазақ жеріне ықпал аймағына алудағы Қоқан-Ресей тартысы Түркістан қаласын алуға қатысты үлкен шиеленіс туғызды. Оның мәні – Хан Кене ұрпақтары Тайшық, Ахмет сұлтандар Қоқан хандығы «ендігі жерде өзін қорғай алатын түрі жоқ, орыстардың бұл хандықты алып болуын күтпей-ақ Русие жағына шығайық. Реті келсе, қызметіне кіреміз, болмаса солардың қол астында тыныш отырамыз» десе, Сыздық сұлтан «Ата-бабамыздың ұстаған жолын тастап, орыс жағына шықпаймын. Олар Қоқанды алса, Бұқарға барамын. Егер Бұқарды алса, онда, басқа да мұсылман мемлекеттер бар ғой, кез-келген бір мұсылман еліне барамын. Қалай да ата-баба жолынан аумаймын» [154, Б.417] деп екіге жарылған әрекетінен туындады.

Ұлт-азаттық қозғалысты бастаған дәстүрлі билеуші әулеттің арасындағы бұндай саяси жіктеліс екі отаршы елдің қыспағында қалған жергілікті тайпалардың колларациялық көңіл-күйін танытатын.

Дәстүрлі қоғамның саяси элитасы арасындағы бұндай жолайрық таңдау екі мемлекеттің талауына түскен жергілікті тайпалардың да көңіл-күйін білдіретін еді. Оңтүстіктен Қоқан билеушілері, солтүстіктен Ресей отаршылары екі жақтан қыспаққа алғанда Сыр бойының халқы абдырап қалды. Тәуелсіздік үшін орыс әскерімен жұлқысып өткен Кенесары ұрпақтарының сындарлы сәтте екіге жарылуын да, бір рудың адамдарының

«баррикаданың» екі жағынан табылуын да елдің ішіндегі саяси жіктеліс деп айтуға болмас еді [154, Б.207.] деген тұжырыммен келісуге болады. Бұл жағдай дәстүрлі қазақ қоғамындағы таптық жіктелістің басталғандығын танытады.

Түркістанның генерал-губернаторы К.П. фон Кауфманның Хиуа хандығына жасаған жорығына қатысқан профессор Е.Желябужский «Очерки и завоевания Хивы» еңбегінде «шөлден, індеттен және әскерге көрсетілген қарсылықтан 13 мың орыс солдатының 7,5 мыңы ғана Хиуаға жетті» деп жазды. Сонымен қоса орыс әскері лауға алған бес мыңнан аса күш-көлігінен айрылады. Осы еңбекте 6 мамырда Алтықұдық пен Адамқырылған арасында орыс әскеріне таңғы 4-те генерал-майор Бардовскийдің қосынына танымал дала қарақшысы Садықтың басшылығымен 200 түркімен және соған шамалас қырғыз (қазақ) әскері шабуыл жасағандығы жазылған. Орыс әскери керуенінің қозғалысын қадағалап отырған Садық Үш шошақтан (*орыс деректерінде «Три холма» деп аталады. Қазақ тіліндегі деректерде «Үш ошақ» деп айтылады).* Адамқырылғанға шұғыл жетіп, күтпеген жерден осындай соққы берген [154, Б.420].

Телқожа батыр Атығайұлы XIX ғасырдың II жартысында патшалы Ресейдің отарлық басқыншылығына қарсы қол бастап, тәуелсіздік үшін күрескен ұлтымыздың өжет ұлдарының бірі. Телқожаның шоқтығын өзге қатарластарынан биік ететін қызметі – оның қазақпен бірге өзбек, қарақалпақ, түркімен халықтарының тәуелсіздігі үшін де күрескендігі. Демек, Түркістан қаласында туып, Түркістан өлкесінің азаттығы жолында күрескен Телқожа батыр Атығайұлы түркі халықтарының отарлыққа қарсы ұлт-азаттық күресінде қол бастаған күрескер [154, 422 б.] Оның осы ерлік істері қазақ ұлт-азаттық қозғалысының халықаралық сипат алғандығының айғағы [153].

Дәстүрлі қоғамның билік құрылымдарын жүйелеуге қатысты зерттеулерде Қазақ хандығы кезінде «билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары маңызды рөл атқарады. Олар арқылы хан мен халық арасында вертикалды байланыс орнатылып, мемлекеттің тұрақтылығы қамтамасыз етілді» [11, Б.5.] деген тұжырым бар. Авторлар осы билік құрылымдар иерархиясындағы тархандар институты XVIII ғасырда қалыптасқандығын айтады.

Сондай кең тарала қоймаған институттардың бірі аталықтар институты. А.В. Беляков, А.В. Виноградов, М.В. Моисеевтің пікірінше, аталықтар институты билеуші топқа жататын ата-аналар өз балаларын (әдетте тау салтымен) тәрбиешіге беру дәстүрінен қалыптасқан [156, С.42.] болып шығады.

Аталықтар институты – түркі тіліндегі «аталық» сөзінен туындаған ұғым. Бұл атау белгілі «атабек» немесе «атабей» сөзінің синонимі екендігін XVIII ғ. тарихшысы Әбдулгаффар Кырымидың «атабей, яғни аталық» деген мәліметінен кездестіреміз [157, С.32]. Сол сияқты XX ғ. басындағы қазақ тарихшысы Құрбанғали Халиди «аталық» пен «атабек» сөздерінің бір мағына

беретінін жазған екен [88, Б.135-137]. Оның айтуынша «аталық» -«әкенің орнын басушы, өкіл әке, тәрбиеші» деген мағында қолданылып, парсыша баламасы – (падар-и-бузург) деген ұғымды білдіреді. Орыс деректерінде «аталық» сөзі әдетте «дядька» немесе «мамич» [156, С.429] деп аударылған. Осы сияқты орыс деректерінде Кіші жүздің билеушісі, қазақ ханы Әбілхайырдың хатында Бұхара ханының «аталығы, яғни дядькасы» қайтыс болды деген мәлімет бар [87, Б.184].

К.Ш. Хафизова Әмір Темір кезеңінен басқа да Орта Азия хандықтарымен салыстырғанда Қазақ хандығындағы аталықтар институты туралы мәлімет аз екенін жазған [158, С. 372].

Сондай-ақ, Х.Досмұхамедовтың «Ақсақал болу, би болудың өзі елдің сайлауынан болғандықтан, бұлар елден бөлініп кете алмайтын еді» [159, Б. 67.] деген пікірі дәстүрлі қоғамдағы билердің ел алдындағы жауапкершілігін танытады. Билер тарихының зерттеушісі С.Ж. Мажитова «би сөзі өз бастамасын бек сөзінен алады, ол «билеуші», «билеу», «басқару» дегенді білдіреді, түркі немесе көне түркі заманынан бастайды» [160, С.42.] деген мазмұнда анықтама береді.

А.Гафуровтың «Қожа, сейіт және төре сөздерінің мәні – бір синонимдер. Үш сөз де орыс тіліне аударылса «қожайын, иесі» дегенді білдіреді. Дегенмен, сөздерінің шығуы жағынан бірінші ирандікі, екінші – арабтікі, үшінші – түркілердікі» деген тұжырымын негізге алған М.Алпысбес «Арабтар мен қазақтар қожа деп оқыған сауатты, ағартушы адамды атайды» [161, Б.303-307] деп қорытынды жасайды.

Қазақ дәстүрлі қоғамындағы қожалардың атқарған рөлі мынадай болып шығады: Біріншіден, қожалар институты Қазақ хандығының қалыптасуына, дамуына өзіндік ықпал жасаған. Екіншіден, өзге мемлекеттердегідей сейіттер, қожалар алдымен мұсылман дінін орнықтыруды, құндылықтарын жергілікті халықтарға сіңіруді және онымен сусындатуды мақсат тұтқан.Үшіншіден, қожалар институты ханның ел алдындағы антын Құран ұстап тапсыруын қадағалаған, еларалық қарым-қатынаста елшілік, кеңесші қызметтер атқарған [11, Б.203].

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы қожалар институтының трасформациялануы «Ресейдің отарлау заманында қожалар институтының ығыстырылып, орнына Ресейден дайындалған молдалардың жаппай Қазақстанға келуінен байқалды» [11, Б.204].

Өлкедегі отарлық әкімшілік билік - болыстық бөліністерді құруға баса мән берген. Байлардың ықпалын әлсірету үшін болыстар мен ауылдар қалыптасқан дәстүрмен емес, аумақтық белгімен құрылды. Осы қағидамен 200 шаңыраққа дейінгі ауылдық, 2000 шаңыраққа дейінгі болыстық құрылым бір руға біріккен дәстүрлі әкімшілік бөлiністі бірнеше бөлікке ыдыратып жіберді. Мысалы, Түркістан уезі құрылғанда оның құрамында қоңырат тайпасының жергілікті руларының атымен Алтыата, Божбан, Жаманбай және Саңғыл-Маңғытай болыстары болса, кейін олар Сауран, Жаңақорған, Шілік, Қарнақ сияқты географиялық атаулармен алмастырылып, бірнеше ру бір

болыстыққа біріктірілді. Ауылдардың дәстүрлі атауы жойылып, реттік санмен алмастырылуы отарлық саясаттың тарихи жадыны жоюына қызмет жасады. «Әкімшіліктің басқару ісіндегі қолайсыздықты жою» деп түсіндірілген саясаттың мақсаты «көпсанды руды бір рубасының билігіне беру далада тыныштықты қамтамасыз етуді қиындатқан болар еді» деген сөздермен айқындалды. Осылайша рубасылар институты жойылып, жергілікті әкімшілік басшыларын жасақтайтын жаңа сайлау жүйесі енгізілді. Бұл жүйе болыс, ауыл басшылығына отарлық биліктің өзіне берілген адамдарды ғана ұсынуына және өткізуіне мүмкіндік берді [162, Б.113]. Бұндай жер-су, елдімекен атауларының атын алмастырудың саяси-идеологиялық мақсаты дәстүрлі ономастикалық құндылықтарды аяқасты ету арқылы тарихи жадты көмескіледі. Отарлық биліктің соңғы кезеңінде, әсіресе орыс қоныстанушыларының ағылып келе бастаған XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында ономастикалық тұрғыда орыс тілді терминологияның берік орнығуына алып келді. Бұндай лингвоцидтік бағыт кеңестік қоғамда тіптен асқына түсті.

Дәстүрлі саяси, әлеуметтік және мәдени институттар қызметінің модернизациялануы тараушасында жасалған талдаулардың барысында мынадай қорытындыға келдік: біріншіден, дәстүрлі институттардың қызметі отарлық билікті орнату және жаңа институттарды қалыптастыруға кедергі келтіретін құрылымдар деп бағаланды. Соған сай оларды бастапқы кезеңде отарлық биліктің құрылымдарына бейімдеу әрекеттері орын алды. Ал отарлық билік нығайған сайын дәстүрлі саяси, мәдени құндылықтар империялық билік тетіктерімен батыл және аяусыз алмастырыла бастады. Екіншіден; дәстүрлі қоғамның әлеуметтік жіктелісі жасанды түрде күшейтілді. Соған сай дәстүрлі билеуші әлеуметтік топтар биліктен шеттетіліп, олар отарлық билікті жақтаушылық көңіл-күйдегі маргинал (*дүбара – Г.И.*) элитамен алмастырылды. Бұл жағдай өз кезегінде мемлекеттік шенеуніктер арасында парақорлық, жемқорлық сияқты дәстүрлі руханиятқа жат құбылыстарды өмір салтына енгізді.

Тақырып бойынша жасалған талдаулар көрсеткендей, дәстүрлі қоғамның саяси, әлеуметтік және мәдени-рухани институттары өз кезегінде қоғам сұранысына сай қызмет атқарған. Ал ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен бірге тарихи даму заңдылығы бойынша дәстүрлі қоғамның ыдырау процесі басталғанда аталған институттар оны тоқтатудың немесе дамудың жаңа бағыттарын анықтауға қабілетсіз болды. Осындай жағдайда патшалық Ресейдің аталған институттарды модернизациялануына (жекелеген тарихи тұлғалар мен шаруалар көтерілістерінен басқа) қоғам мүшелерінің басым бөлігі тегеурінді қарсылық көрсете алмады. Тіпті, осы модернизациялық процесте дәстүрлі құндылықтардың жаңа қоғамдық құндылықтарға трансформациялануын қадағалауға да мүмкіндігі болмады. Бір сөзбен айтқанда технократтық, отырықшы өркениеттің саяси, әскери және экономикалық ресурсы көшпелі, ру-тайпалық құрылымға негізделген дәстүрлі қазақ өркениетінен басым түсті.

## 2.3 Кеңестік биліктің модернизациялау үдерісіндегі трансформациялық және деформациялық факторлар

Тәуелсіздік жылдары Отандық тарихнаманың методологиялық негіздерін қалыптастырған «Тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы» сияқты құжаттардың қабылдануына сәйкес 1997 жылы 31 мамыр саяси-қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күні болып белгіленді. Содан бері қарай ХХ ғасырдың 20-30 жылдары елге орасан зор демографиялық апаттар алып келген саяси қуғын-сүргін мен ашаршылықтың тарихы жан-жақты зерттеле бастады. Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаевтың 2020 жылы 20 қарашада «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қоюы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауды мемлекеттік бағдарламаға айналдырды және осы бағыттағы зерттеулерге тың серпін берді. Облыстық деңгейлерде құрылған комиссиялар мен жұмыс топтары 2021-2022 жылдары отандық және шетелдік архивтерде болды, көптеген құжаттық деректерді айналымға ұсынды. Соның ішінде мемлекеттік және ведомстволық архивтердің құпия қорларындағы құжаттарды құпиясыздандырып, оларды ғылыми айналымға ұсыну жұмыстарын жүргізді.

Бұл бағыттағы жұмыс биылғы жылы да өз жалғасын табуда. Өкіметтік деңгейде мән беріліп отырған бұл мәселенің жекелеген қырларын, соның ішінде 20-30 жылдардағы ауыл шаруашылық реформаларын дәстүрлі қоғамды модернизациялаудың күштеу, мәжбүрлеу арқылы іске асырылуын ғана арнайы талдайтын боламыз.

Еліміздегі саяси қуғын-сүргін ХХ ғасырдың 20-50 жылдарын қамтығанымен біз өз зерттеуімізде ұжымдастыруға дейінгі ғана кезеңді қамтимыз. Осы бағытта республикалық саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссияның бекіткен тұжырымдамасында белгіленген бағыттар біздің зерттеуімізге бағдар болады.

Осы тұрғыда қазақтардың жаппай отырықшыланып, егіншілікке көшуі өздерін азық-түлік өнімдерімен, ал мал шаруашылығын пішен қорымен қамтамасыз етудің баламасына айналды. Дәстүрлі шаруашылыққа ене бастаған нарықтық қатынастар кәсіп түрлерін түрлендіріп, қоғамдық еңбек бөлінісін күшейтті, бұрынғы малшыларға қала базарлары мен дала жәрмеңкелерінде сату мүмкіндігін ашып берді. Осындай дәлелдерге сүйеніп, XIX ғасырдың аяғына дейін экстенсивті мал шаруашылығының ыдырауы басталды деген қорытынды жасауға болады. Бірте-бірте алыпсатарлар тобының қалыптасуы үшін негізді кеңейтіп, малы аз қатардағы кедейлерді күйзеліске ұшыратты, олар тіршілікті қамтамасыз етудің жаңа көздерін іздеп, жалдама жұмысшылар табына айналды, қала халқының санын толықтырды, жатақтар тобын құрды [97, Б. 484].

Осы тарихи кезеңге қатысты тарихи ғылыми әдебиеттерде, ауызша деректерде мұрағат құжаттарының басты ерекшеліктері көрініс табады.

Заман үрдісі үлкен өзгерістерге әкелгенімен де, қазақ қоғамында «ақ сүйек» және «қара сүйек» сынды әлеуметтік топтар осы кезеңде әлі де болса жойылған жоқ. Бұдан, Ресей әкімшілігі қазақ қоғамын қаншалықты түбегейлі реформалауды мақсат тұтқанымен де, ғасырлар негізінде қалыптасқан дәстүрлі әлеуметтік құрылымды бірден толық жоюға әлі де болса күші жетпегендігін аңғаруға болады. Осындай отарлау саясаты салдарынан көптеген артықшылықтарынан айырылған әлеуметтік топтар жаңа заман ағымына бейімделе, қоғам өмірінде сақтала берді.

Дәстүрлі қоғамның тарихын зерттей отырып, Отан тарихының дәстүрлі деректеріне талдау жасамауға болмайды. Дәстүрлі қоғамда ақын-жыраулар институты халықтың көңіл-күйін білдіретін, оны ұшқырлап, шыңдап отыратын миссия атқарғаны белгілі. Содан да олардың өлең-жырларын дереккөз ретінде талдау нысанына айналдырдық. Бұл желіні арнайы қарастыруымыздың мынадай методологиялық мәнісі бар. А. Сейдімбек дәстүрлі қоғамның ақпараттық кеңістігі мәселесіне қатысты «Қазақтың ру-тайпалық жүйесі арқылы қалыпқа түскен ақпараттық кеңістік этноәлеуметтік құрылымының біртұтастығын қамтамасыз етіп, ұлттық идеялды (*ұлттық идея – Г.И.*) бір нысанаға бағыттауға ықпал етті» [5, Б.47] деген тұжырым жасаған. Дәстүрлі қоғамдағы осы ақпараттық кеңістік те модернизациялық процесте деформацияға ұшырады. Өйткені, ру-тайпалық байланыстардың үзілуі біртұтас этноақпараттық кеңістіктің бұзылуы болатын. Ақын-жыраулар осы ақпараттық кеңістіктің иесі еді. Ақпараттық кеңістікті идеологиялық орта ретінде қарастыра отырып ақын-жыраулардың мұрасына талдау жасағанды жөн деп табамыз.

Дәстүрлі қоғамдағы ақын-жыраулар институты өкілдерінің шығармашылығы – отарлық модернизация тарихын дереккөзі ретінде қарастыруға лайық. Осыған байланысты ақын-жыраулардың миссиясын А.Байтұрсынов «Ақынның жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне сай толғай алуында» [163, Б.407] деп айқындайды. Демек, Мұрат Мөңкеұлы қатарлы ақын-жыраулардың шығармашылығында «Зар-заман» поэзиясы түрінде отарлық езгіге түсе бастаған халықтың өткен, дербес ел болған, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды аңсауы жатты. Ол аңсар-аңсаудың астарынан «Қалай ел боламыз?» деген сауалға жауап іздеп, азаттыққа ұмтылған өршіл рухты көреміз.

Дәстүрлі билік құрылымдарының модернизациялануына үн қосқан қазақ ақын-жырауларының бірі Мақыш Қалтайұлы (1869-1916) осы ахуалды:

Руссия бір заманда қазақты алды,
Алған соң низамменен жолға салды.
Ғаялға зорлық қылу, барымтаны,
Қазақтан жоғалтуға ескі заңды...
Өздерінен қазақтың қойды хакім,
Болыснай деп атады оның атын.
Бір болыстан би етті бірнешені

Және қойды тексер деп адам хақын - [164, Б.351] деп жырға қосқан.

Мұнда патша өкіметінің қолдауындағы ел әкімдері туралы айтылып отыр. Жандайшап, қулық-сұмдыққа кемел, зорлық-зомбылыққа да жетік болыс, билер, атқамінерлер өздерінің шынайы, жиреніштi бейнесінде топ алдына тартылады.

Патша өкіметі сұлтандарды әртүрлі міндеткерліктер мен салық төлеуден босатты. Жергілікті өкімет сұлтандар жұмысына өзіндік бақылау жүргізіп отырды, қажет болған жағдайда оларды патша әкімшілігінің талабына орай әрекет етуге көндіріп отырды [58, Б.127].

Патша өкіметі жалпы империялық соттарды енгізумен, олардың құзіретін кеңейтумен қатар сот органы ретінде билер сотын сақтай отырып, оның қызмет шеңберін шектеуге және тарылтуға тырысты [97, С. 457].

Шыңғыс ханның тікелей ұрпақтарынан тұратын төрелер тұқымынан басқа келесі дәстүрлі элита өкілдері – қожалар болды. Біріншілері елдің саяси құрылымында, екіншілері діни бағыттағы ерекше әлеуметтік топ еді. Олар өз құрамына сырттан әсер етуші күштерді қабылдамайтын, тұйықталған топ болуымен өзгешеленеді. Тағы бір ерекшелік «ақсүйектілік» дәрежесі олардың мүліктік жағдайына әсер еткен жоқ. Яғни олар мол мал-мүліктің, байлықтың иесі болуы немесе сол топтағы кедейленген отбасылардан тұруы да мүмкін еді. Тек төре немесе қожа тұқымынан болғандығы үшін ғана олар ақсүйек саналды.

Шортанбай ақын жырының бұл негізгі сарыны – қазақ қоғамының әлеуметтік құрылым дағдарысының накты айғағы. «Жандарал», «майыр» деген атаулары қазіргі кезеңде қолданылатын «генерал», «майор» әскери атақтарын алған қазақтардың халыққа қысымшылық көрсетуі суреттелген. Сонымен қатар, қоғамда терең орын алған парақорлық, абақты сынды келеңсіз құбылыстардың да бар екендігі суреттеледі.

Мұрат ақын:

Менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім
Аузы түкті кәпірдің
Күшті болған салдары – ай!
Кәпірден теңдік алуға
Қайта келер деймісің,
Мұсылманның баяғы
Шыңғыстан туған хандары –ай ! [165, Б.116] деп өткен қоғамға деген аңсарын жырлайды.

«Зар-заман» поэзиясының басты идеялық бағыттарының бірі – дәстүрлі қоғамның ыдырауының себептерін ашу болды десек, М. Мөңкеұлы оның басты себебі – орыс отарлығы болғандығы

Ақыр түпке келгенде,
Бәрін де алды түп-түгел.
Көкала шекпен, жез түйме
Аузы түкті орысы [165, Б.47] деп жырға қосады «Әттең, бір қапы дүние-ай!» өлеңінде.

Зар-заман ақындарында отарлық биліктің модернизациялық әрекеттерінен туған жерінен мәжбүрлі түрде көшуді жырлау сарыны да көрініс тапқан. Айталық, Мұрат ақын

Шұбырып сексен үймен Алдаш кетті,

Кәпірдің қорлығына тұлданғаннан -[165, Б.277] деп жырлады.

Бұл – отарлық биліктің кезіндегі мәжбүрлі түрде ауа көшудің көркемдік формада қалыптасқан тарихи сананың мысалы. Осындай сарын кеңестік реформалар кезінде орын алған ауа көшу кезінде де көрініс тапты. Соның бір мысалын Сыр бойынан 30-жылдары Тәжікстанға ауа көшкен Махан Тұрсұнұлының

Жайылма, Жалғызағаш, Төлес дедім,

Көзіме сағынғанда елестедің.

Отыз жылдай өзіңнен ұзап кетіп,

Көзіме сағынғанда елестедің - деп басталатын жырында туған жерге деген сағынышпен бірге:

Тіліміз әлдеқайдан оралады,

Жақындап қалыппыз-ау болуға сарт - [166, Б.343.] деп лингвоассимиляциялық процестерден де хабар беретін өлеңінен аңғарамыз.

Тарих ғылымының бір функциясы алдағы тарихи процестерді болжамдау екендігі белгілі. Дәстүрлі қоғамда тарихи танымның бұл миссиясын ақын-жыраулар атқарды. Ақын-жыраулардың «болжам өлеңдерінде, әдетте, келешектен күтілетін қауіп-қатер, кесел-кесепат жөнінде айтылады. Әсіресе, ұлт болашағын бағамдап, халықтың тағдыр-талайын көріпкелдікпен бедерлеген жырлардың орны бөлек» [167, Б.79] болатындығын көреміз.

Осындай болжалдық өлеңді Шортанбайдың шығармашылығынан көптеп кездестіреміз. Ол:

Мініп көрер күші жоқ,

Сауып ішер сүті жоқ

Ақша деген мал шығар,

Жеткізе алмай онысын,

Қалтыраумен жан шығар [168, Б.74] деп нарықтық қатынастардың дәстүрлі қоғамдағы қалыптасқан қауымдық өзара байланыстарға тигізер ықпалын болжайды.

Сол сияқты Шортанбай:

1930-1931 жылдары,

Елдің ері еренде,

Жалғыз-ақ қара қалады,

Ұялмастан бұл кәпір,

Оған да салық салады,

Айналдырып бір күні

Малдың еркін алады – [169, Б.102] деп, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы халық басына төнетін қасіретке де болжам жасаған екен. Ел

ішінде «көріпкелдік» деп бағаланған бұндай болжам ақын-жыраулардың «Қандай ел боламыз?» деген сауалға жауап іздеген әрекетінің көрінісі болды.

М.Мөңкеұлының шығармашылығы отарлық саясаттың салдарларына баға беруге арналды. Оның жырларынан модернизациялық процестердің дәстүрлі қоғамға қандай өзгерістер әкелгенін, оны жұртшылықтың қалай қабылдағанының көркем бейнесін көреміз. Салт-дәстүрінен айырып, болашақ ұрпақ пен ел мен жердің тағдыры қандай халге душар болады деген қауіп ақынды болашаққа болжау жасатады. Оның қаупіне негіз болған күдіктер расқа айналып, қазақ халқының басына зар-заман орнағандығы анық білінеді. Ол «Үш қиян» атты толғауында отарлау әрекетінің барысын

Еділді тартып алғаны
Етекке қолды салғаны,
Жайықты тартып алғаны,
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны
Ойдағысы болғаны,- [165, Б.15] деп ашына жырлады.

Тұрсынбек Кәкішев «Зар-заман бағытына негіз қалаған Шортанбайдың және оның қатарларының осы шығармалары үшін қуғындалуына екі түрлі себеп болғандығын айтады. Біріншісі, дінмен күрес болса, екіншісі Ұлы орыс шовинизмін насихаттау және оны таным-түсінікке айналдыру» [168, Б.124-133].

XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Ресей империясы қазақ даласына жүргізген саясатының алғашқы нәтижесіне ие болғанын көреміз. Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігінің жойылуы, қазақ даласының империяның бір құрамдас бөлігіне айналуы және орыс үкіметінің отарлау саясатының үрдісін одан әрі күшейту қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік өмірінің түбегейлі өзгерісіне әкелді.

Қазақ қоғамының индустриалды кезеңге өтуі кеңестік биліктің XX ғ. 20-30-жылдарындағы модернизациялық саясаты арқылы іске асты. Демек, қазақ қоғамы индустриалды сатыға шикізаттық сипатымен өтті деп бағалаймыз. Өйткені, Ресей орталығындағы жоғарғы технологиялы өндірісті шикізатпен қамтамасыз етуге қызмет жасады. Осылайша қалыптасқан Қазақстан өнеркәсібінің кешені қазіргі кезге дейін индустриялды қоғамға тән классикалық үлгісіне қол жеткізе алмады. Ендігі мәселе – дәстүрлі қоғамның индустриялды қоғаммен кірігу үдерісінің этномәдени болмысқа жасаған ықпал әсеріне қатысты. Дәстүрлі мәдениеттің материалдық өзегіне айналған көшпелі өмір салтының, шаруашылық жүйесінің күйреуі эволюциялық даму заңдылықтарын аттап өтіп, апатты жолдармен іске асырылды. «... бір ғасыр ішінде орын алған ірілі-ұсақты зорлық зомбылықтар мен әлеуметтік эксперименттер негізінде жүргізілген саяси-экономикалық науқандар мен іс-шаралар ұлт менталитетін түбегейлі өзгертті» [3, Б. 4].

Отарлық биліктің дәстүрлі қоғамды модернизациялау процестерін 1917 жылы қазанда билік басына келген Кеңес өкіметі қарқынды түрде және жаңа тәсілдермен одан әрі жалғастырды. Кеңестік биліктің модернизациялық

мақсатты көздеген әлеуметтік-экономикалық, саяси-әлеуметтік реформалары мақсат-мүддесі, қолданған әдіс-тәсілдері бойынша мүлдем жаңа сипатқа ие болды. Осы реформалардың құқықтық негіздері 1917 жылғы «Бітім», «Жер туралы» әйгілі лениндік декреттерден бастау алады.

Кеңестік билік коммунистік идеологияға сай патшалық Ресейді жаңа тұрпатты мемлекетке айналдырудағы құқықтық және саяси шешімдерінде таптық-партиялық ұстанымдарды басшылыққа алғаны белгілі. Кеңестік билік орныққан кезеңде қазақ саяси басшылығы жер қатынастарын модернизациялауға талпыныстар жасаған. Осы мәселе бойынша М.Қозыбаев «1925 жыл өткен өлкелік V партия конференциясының жерге орналастыру туралы шешімінде таптық принцип ұлттық принциппен алмастырылды. Бірінші кезектен тек қазақ халқы жерге орналастырылды. Сөйтіп республикадағы жаппай жерге орналастыру мұнда тұратын қазақтардың, орыстардың, украиндардың, ұйғырлардың, барлық ұлттар мен халықтар еңбекшілерінің бай-кулақтарға қарсы күресте күшін біріктіруге дер кезінде бағытталмады» [170, Б.53-54] деген тұжырым жасайды. Бұл деректен аңғаратынымыз, модернизациялау процесінде ұлттық мүддені ескеру арқылы таптық ұстанымдарға балама шаралардың да іздестірілгендігі. Осы бағытта атқарылған саяси шаралардың қатарында 1921-1922 жылдары Сырдария, Жетісу губернияларында Сұлтанбек Қожановтың басшылығымен жүргізілген жер-су реформасын да атап айтуымызға болады. Осы реформа барысында столыпиндік қоныстанушылар қазақтардан тартып алып иемденген жайылым, шабындық, егістік жерлерін өз егелеріне толығымен қайтару, қазақтарды алғашқы кезекте жерге арналастырып, өзге ұлт өкілдерін жер аудару шаралары іске асқан болатын. Әйтсе де алаштық идеялардан бастау алған ұлттық саяси элитаның бұл әрекетін тоталитарлық билік үзіп тастады.

Кеңестік саяси биліктің діни-рухани модернизациялық әрекетіне негіз қалаған алғашқы қаулыларының бірі 1927 жылдың 8 маусымында қабылданған болса [171]. Осы қаулыларда белгіленген шаралар қазақ қоғамындағы діни себептермен саяси қуғын-сүргіннің негізіне алынды.

Кеңестік биліктің саяси қуғын-сүргінінің қазақ халқы үшін алғышарты болған кәмпеске науқанына негіз қалаған партиялық шешімдерге де тоқталуға болады. Бүкілресейлік БОАК Төралқасының 1928 жылғы 14 наурыздағы қаулысы [172] негізінде БК(б)П ОК қаулысы 9 тамыз 1928 жылы қабылданып [173] нұсқаулықты Қазатком мен ҚКСР Халкомкеңесі 27 тамыз 1928 жылы бекітті [174]. Осы үкіметтік және өкіметтік шешімдерге сай қабылданған қаулы-қарарлар [176], [177], [178], [179] дәстүрлі қоғамның саяси-әлеуметтік және экономикалық өзегін құраған бай шаруашылықтарын модернизация желеуімен күйрету жұмыстарын іске асыруға құқықтық және саяси негіз болды.

20-30 жылдардағы кеңестік реформалардың ең бастыларының бірі – көшпелі шаруашылықтарды ұжымдастыру және отырықшыландырудың да осындай саяси-құқықтық негіздері жасалды. Ол құжаттардың арасында ұжымдастыруға байланысты БК(б)П ОК 5 қаңтар 1930 жылы қабылдағын

қаулысы [180], 30 қаңтар 1930 жылғы қаулысы [181] және 20 ақпан 1930 жылғы [182] қаулыларын атауымызға болады. Осы қаулылардың шешімдері күштеу және мәжбүрлеу тетіктері арқылы іске асырылғандығы тұрғындардың шетелдерге және көрші республикаларға ауакөшуіне ұласқандығы белгілі. Саяси және экономикалық қысыммен жаппай ауакөшудің шынайы мәнін бүркемелеген кеңестік билік халықтың бұл әрекетін бүркемелеп, оларды ұжымдастыруға қарсылық ретінде бағалауға және соған сай қуғындау тәсілдерін қолдануға негіз болған ҚАКСР Халкомкеңесінің қаулысы [183] да қуғындау шараларын күшейтуге бағытталған кейінгі кезде қабылданатын шешімдерге негіз болды. Кеңестік биліктің кезіндегі дәстүрлі қоғамның әлеуметтік, экономикалық негіздерін күйретуге бағытталған шаралары арнайы қарастырылды.

Біз дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялаудың түпкілікті аяқталуы ретінде XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы реформаларды зерттеу хронологиясының соңғы шегі ретінде белгілеген болатынбыз. Осы кеңестік модернизациялық процестердің күштеу, мәжбүрлеу және саяси қуғын-сүргін тәсілдерін қолданып іске асырылуына және оның қазақ халқы үшін апатты демографиялық салдарға ұрындырғаны үшін оның трансформация ауқымынан шығып, қоғамдық қатынастарды, дәстүрлі құндылықтарды деформациялық өзгерістерге ұшыратқандығы жөнінде тұжырымдар жасағанбыз. Ал, бұл деформация мемлекеттік саясаттың жеке ұлтқа «қазақ ұлтына» бағытталып жүргізілгендігінен мұны шартты түрде этнодеформация деп атадық [153, Б.148].

Қазақстандағы осы этнодеформациялық - модернизациялық процестердің құқықтық-заңнамалық негіздеріне шолу жасаймыз. 1925 жылы қыркүйекте қазақ өлкелік партия ұйымының басшылығына Ф. Голощекиннің келумен «Кіші Қазан төңкерісін» іске асыру идеясы пайда болды. Сталиннің қолдауына ие болған бұл идея Ф. Голощекин және оның төңірегіне топтасқан партиялық-мемлекеттік номенклатураның Қазақстанда жүргізетін шаруашылық және саяси реформаларының тұтастай тұғырнамасына айналды. Осы тұжырымның алғашқы құқықтық негіз 1926 жылы Қазатком мен Халкомкеңестің «Жайылым, шабындық жерлерді қайта бөлу» [184, 39 п.] туралы қаулысы болды.

Қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік иелерінің ықпалын жер қатынастарын реттеу арқылы шектеудің тиімсіздігіне көзі жеткен Голощекин және оның серіктері 1928 жылдың тамыз айында «Ірі байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу туралы» декретті қабылдауға қол жеткізді. Осы құжаттан кейінгі байлар мен кулактарды тап ретінде жою, күштеп ұжымдастыру, отырықшыландыруға қатысты қабылданған партиялық, үкіметтік қаулы қарарлар мен өкіметтік шешімдер осы біз ұсынып отырған этнодеформациялық өзгерістерді іске асыруға құқықтық және саяси негіз қалап берді [185, 1-7 п.].

Аталған деңгей бойынша кәмпеске науқанының қорытындысы негізге алынып, өкіметтің арнайы қабылданған қаулысы келесі кезекте бай, кулактарды тап ретінде жоюдың шараларын белгіледі.

Қаулының 5-бабында жойылатын қожалықтардың мал-мүліктері оларды егелеріне ешқандай төлемақы төлемей-ақ тартып алу құқы берілген. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Ресейдің орталығында жаппай қолданылған «экспроприаторларды экспроприяциялау» саясаты қазақ жерінде байлар мен орташаларға, кулактарға қатысты аяусыз қолданылды. Ал енді осының өзі әділеттілік пе? Біздің ойымызша, бұл - барып тұрған заңсыздық. Бұл аз болғандай, түрмеге қамау және күштеп жер аудару да күн тәртібінде тұрды. Мұндай төтенше күштеу мен зорлық - зомбылыққа неге көнбейсің, неге наразы боласың деп, ауқаттылар мен діндарларға тағы да қысым жасаған жөн бе еді? Адамгершілік пен имандылықтан жұрдай бұйрықшыл-әкімшіл сталиндік жүйенің кайраткерлері бұған «Иә, жөн» деп жауап бергені белгілі.

Бұндай күштеу, мәжбүрлеу шаралары шаруалардың жаппай қарулы бас көтерулеріне ұласты. Қазақстанда ондай ең алғашқы бас көтеру Қарақалпақстанда орын алды. Қарақалпақстан жеріндегі Тақтакөпір оқиғасы да міне осындай қайғылы саясаттың жемісі еді. Жоғарыда айтып кеттік, Голощекин өзінің Сталинге жазған хатында Қарақалпақстанның Тақтакөпір елді мекенінде болған наразылықтын мерзімін 1929 жылдың 27 қыркүйегі деп нақты атап көрсетеді. Бұл толқу көп кешікпей-ақ, бүкіл Қазақстан жерін қамтыған жалпыхалықтық бас көтерулерге ұласты. Наразылық туралы архив қойнауында сақталып қалған жадығаттар баршылық. Олардың ішіндегі ресмиі және мәселені жан-жақты баяндайтыны осы толқуды тексеру үшін Қарақалпақ автономиялы облысында арнайы жұмыс істеген БК(б)П Орталық Комитеті тобының баяндау хаты. Енді осы құжатқа сүйене отырып, Тақтакөпірдегі наразылықтың себептеріне үңіліп көрелік. «Тақтакөпірде» 27 қыркүйекте болып өткен оқиға, ҚҚАО-ның солтүстік аудандарында (Қоңыратта, Қараөзекте, Кегейліде, Шымбайда, Ходжеліде және Тақтакөпірде) өзіне ұя салған, орталығы Шымбай болып табылатын контрреволюциялық ұйымның қалған бөлігінің бас көтеруі болып табылады [186, Б. 82]. Міне, ресми партиялық құжат осылай дейді.

«Халықта мұндай наразылық қайдан пайда болды?» деген сауалға өзінің жазбаша қайтарған жауабында Бричмолла селосының тұрғыны П.В. Савчук мынандай үш нәрсені атап көрсетті: 1.Астық даярлау; 2. Ауқаттыларға жеке салықтар салу; 3.Мешіттерді тартып алу. Бұл айтылғандардың шындық екеніне күдіктенуге негіз жоқ. Еңбекақы салығында көптеген түсінбеушіліктер болды, мысалы, Піскемде, Нанай қыстағында 1 тауықтан және балапаннан өзге ештеңесі жоқ тек басқаның малын бағатын бақташыдан 13 сомға дейін салық алынады. 20 бас мүйізді ірі қарасы мен тұсақ малы, 2 жұп өгізі бар адамнан 8 сом ғана салық алу әділетсіздік. Ал ауқатты қожалығы бар кәдімгі кулак салық төлеу қағазын мүлде алмаған.

Тіптен егін екпейтін кедейлерге де салық салынған жағдайлар кездесті. Мысалы, Ходжикентте осындай салық ұсталықты кәсіп ететін шеберге, ал Бричмоллада қасапшыға салынған [79, Б.51].

1928 жылы 27 қазанда ірі байларды, жартылай феодалдарды тәркілеу туралы Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ Халық Комиссарлары Кеңесі қаулысы бойынша қысқа мерзімде 657 бай тәркіленді. Бұл науқанды жүргізу барысында зорлық-зомбылық кеңінен орын алды. Байларды тәркілеу ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыруға ұласты. Ауыл шаруашылығын ұжымдастырумен қатар көшпелі елді күштеп отырықшылыққа отырғызу қатар жүргізілді. Көшпелі өркениеттің ғасырлық өзгешіліктеріне бейімделген қазақ халқы әкімшіл-бұйрықшыл жүйенің тәлкегіне осылай түсті. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі ауылдың өміріне бір күнде балта шабылды [6, Б.229].

Бұл жерде ашық қысым әдістері тікелей әсер етті. Еріктілік принципі мен қарапайым заңдылықты бұзу басынан бастап кең таралды. Ауылдық жиындарды өткізу кезінде «кім колхозға кіргісі келеді» деген өтініштің орнына «ұжымдастыруға кім қарсы» деген сұраулы риторика естілді. Шаруалар «ізгі ниет» танытпаған және буржуазиялық жеке меншіктен арылуға асықпаған жағдайларда оларға басқа «тәрбиелік» шаралар қолданылды. Сонымен, дереккөздер өлім жазасына кесілген адамның басынан асырып, бірнеше рет әдейі атылған кезде (бұл, әрине, жәбірленушіні ақыл-есін жоғалту, суықта шешіндіру және бүкіл ауыл арқылы қарда айдауылмен жүру, мұзды ойыққа мәжбүрлеп итеру және т.б.) сияқты фактілер туралы хабарлайды. Сайлау құқығынан айыру, тұрғылықты жерінен шығару қаупі немесе алдын-ала қамауға алу сияқты мәжбүрлеу әдістері кең таралған [187, С. 5].

Мәскеуден Қазақстандағы реформаларды іске асыру барысында жергілікті шенеуніктер, атқамінерлер, белсенділер тарапынан жол беріліп жатқан асыра сілтеулер араша сұраған хаттар жиі жазылып жатты. Ел ішіндегі зобалаңның 1928 жылғы И. Сталиннің астық дайындауды жақсартауға жол көрсету үшін Сібірге жасаған сапарынан және Қазақстандағы қазақ байларын кәмпескелеу саясатынан басталғаны белгілі. Әдетте «тап жауы» ретінде қатал жазаланғандар кеңес өкіметі басшыларының назарын олардың саясатының адамгершілікке жат антигуманистік сипатына назар аударуға күш салды.

Сырдария округінің Арыс қаласынан КСРО БОАК-не арыз жолдаған азамат Мүбарак Исламовтың хатында төмендегідей жолдар бар: «Мәдени орталықтардан шалғай жатқан далалық көшпелінің табанды еңбегі ғана кедейге өз қожалығын өркендету жолын көрсете алатын ірі мал шаруашылығын ұйымдастыра алды. Осындай көшпеліге мен де жатамын. Ірі мал шаруашылығымен шектелмеген мен, өзімде аз қаражат бола тұра, өлкеге арналған май шайқайтын зауыт ұйымдастырдым, кооперация, су шаруашылығы серіктерін құрдым. Менің еңбектерім еш кеткен жоқ және барлық айналамдағы кедейлер тарапынан бағаланды. Менің жер аударылуым

олар үшін де және менің өзім үшін де күтпеген нәрсе болды. Мен өзім жеке еңбегіммен және тәжірибелі бақташының біліміімен социалистік мемлекетке және еңбекші кедейлерге пайда келтіре алар едім...» [80, Б.76] деген деректен аңғаратынымыз, кеңестік билік үшін дәстүрлі шаруашылықтың тиімді тетіктерін модернизациялаудан да қоғамдағы ықпалды топтың билігінен құтылу әлдеқайда жеңіл болғандығын ағарамыз.

Қазақстан өкіметі мен үкіметіне (Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесіне) жолдаған арызында Ошан Жарасов: «Талас ауданында «Советская степь» газетінде үстіміздегі жылдың 5 қыркүйегінде жарияланған № 203-ші жарлығы бойынша менің мүлкімді, малымды, тіпті киіз үйімді де алды. Мен өзіме қарсы жасалған мұндай қуғын-сүргіндерді дұрыс емес деп санаймын. Мен «орта шаруа - малшымын, патша үкіметінде ешқашан қызмет жасамағанмын, марапаттарым жоқ, мен еш нәрсесі үшін айыпты болған емеспін, сотталған емеспін, ал ең бастысы - мен 4 жыл бойы сол жерде әкемнен бөлек тұрып, өз жеке шаруашылығыммен айланысқанмын» [188, 1-2 п.] деп жазғанының ақ қарасын ажыратпай арыз иесін кеңес өкіметінің ұжымдастыру науқанына қарсылық жасаған жат элемент ретінде қоғамнан оқшаулауды іске асырды.

20-30-жылдардағы кеңестік реформалар дәстүрлі қазақ қоғамын күйреткен әлеуметтік-демографиялық салдарларға ұрындырды. «Қазақтың аталған жылдары «кемуі 3 миллионнан асып кеткенін, алайда оның 1 миллионға жуығы тірі қалған босқын болып табылатындықтан аталған Ашаршылықта 2 миллионнан астам қазақ қырылды, ал бұл республикадағы қазақ халқының жартысына жуығы деп қорытынды жасауға тиіспіз. Мұндай қорытынды... өкімет комиссиясы құрамына енген ғалымдар тұжырымына да сәйкес келеді» [70, Б.60.]

Кәмпеске науқанынан кейінгі күшейген ауылшаруашылық салықтарын жинау кезінде шаруаларға шамадан тыс көп мөлшерде салық салынуы және оның күштеп жинау тәсілдері тұрғындардың қатты наразылығын туғызғаны белгілі. Сондай ауылшаруашылық салықтары шаруаларға олардың айналысатын кәсібін ескермей де салынған дәйектері бар. 1930 жылдың наурызында Қазақ әскери Комиссариатының өкілі Идельсон ВК (б)П қазақ өлкелік Комитетінің хатшысы Голощекинге ҚХКК төрағасы Исаевка Сырдария БК(б)П хатшысы Гуринге Сырдария округінің Созақ ауданындағы оқиғалар туралы баяндама жолдаған. Бұл құжаттың ерекшелігі онда Созақ ауданындағы орын алған оқиғалардың себептері партиялық, идеологиялық сүзгіден өтпей барынша шынайы жазылғандығы. Осы баяндамада байларды жоюда қолданған шаралардың қатарында шамадан тыс мақта және астық дайындау жоспары мен салық салу болғандығы атап көрсетіледі. «Тапсырманы орындамаған байлар жойылу тізіміне енгізілді. Созақта мақта дайындауға байланысты 12 байдың мүлкі кәмпескеленген және олар ГПУ тарапынан тұтқынға алынған... Оның үстіне Созақтағы мақта дайындау жоспары мен салық салынған 12 байдың ешқайсысы да мақта шаруашылығымен айналыспаған» [102, С.194-195] болып шыққан.

Ауданда астық-мақта-жүн дайындау салығы науқаны бойынша осындай өрескел асыра сілтеулер орын алған. «Ауыл шаруашылық салығын төлей алмаған 128 шаруашылықтың қарызы 13198 рубль 97 тиын болған. Салық төлей алмаушылардың басым бөлігі кедейлер болғандығының мынадай мысалдары бар: Ирсенов Ырыспайдың барлық мүлкі 38 рубльге бағаланған, ал қарызы 44 рубль 18 тиын; Абдивалидовтың барлық мүлкі 37 рубль болса, қарызы 43 рубль 93 тиын; Зиятовтың мүлкі 34 рубль болса, қарызы 31 рубль 22 тиын» [102, С.195] құраған. Бұл деген асырасілтеулердің сандырақтық деңгейге жеткендігін танытады.

Бұл мәліметтер Созақ ауданындағы шаруалардың бас көтеруінің себептерінің жекелеген деректері ғана. Дәстүрлі шаруашылықтың ерекшеліктерін ескермеу дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік топтардың мүліктік меншігінің көлемін есепке алмау, оның есесіне таптық, идеологиялық қағидаларды басшылыққа алған жергілікті кеңестік билік органдары шаруаларды қарулы бас көтеруге итермелегендігі аңғарылады.

Дәстүрлі қоғамдағы діни құндылықтар да Кеңестік билік тарапынан аяқ асты етілген. Бұл жағдайға қатысты мына дерекке назар аударайық: Созақ аулындағы жалғыз мешіт клубқа айналдырылған, діндарлардың мешітке жиылуына тиым салынғандығынан көреміз. Түркістан қаласына жақын «Қарнақтағы 50 мешіттің 48-і түрлі түрлі мекемелерге бөліп берілген» [102,С.197] деген деректер кеңестік ауылшаруашылық реформаларының әлеуметтік-экономикалық қысымдарына қосымша көшпелілердің «жауынгер атеизм» ұрандарымен діни наным-сенімдерінің аяқасты етілуі де көтеріліске шығуға ықпал еткендігі аңғарылады.

Созақ көтерілісінде дәстүрлі билік жүйесі – Хандық билік қалпына келтірілгені белгілі. Осы кезеңдегі Қазақстанда орын алған бас көтерулерде бұндай мысал аз да болса кездесіп қалады. Көтерісшілер көтеріліс басшысы Сұлтанбек Шалаховты өздеріне хан сайлаған. Жоғары аталған құжатта «Хан әскерінің құрылымы Алаш Орда ұйымының қағидаларын еске салады» [102, С.197] деп атап көрсетті. Осы екі дәйекті негізге алып, көтерісшілердің дәстүрлі діни ұстанымдарды және дәстүрлі билік құрылымдарын қалпына келтіруді мақсат тұтқандығын аңғарамыз.

Осы кезеңде кеңестік биліктің реформаларына наразылық ретінде қарулы бас көтеру немесе тұтастай ру-тайпалардың басқа аймақтарға ауа көшуі сияқты қозғалыстарда өздерінің басшыларын хан сайлау фактілері кездеседі. Айталық, «1931 жылы Маңғыстау өңірінен ауа көшкен құнан-орыс, мұғал, тобыш және табын рулары Доссор ауданы 4-ауылдық кеңесінің бұрынғы төрағасы Табынбаев Мырзағалиді өзіне хан сайлап алған» [102, С.952].

Тақырыптың барысында қол жеткізген нәтижелер мен жасалған қорытындыларды төмендегі кесте түрінде ұсынамыз.

*Кесте № 6. Дәстүрлі қоғамды модернизациялаудың этнодеформациялық салдарлары*

| Модернизациялық процестер | Этнодеформациялық факторлар | салдарлары |
|---|---|---|
| Кәмпеске науқаны | Дәстүрлі шаруашылықты күйрету | Туған жерін тастап, Қазақстаннан тыс елдерге ауа көшуге мәжбүрледі (1-1,2 мың адам) |
| Бай-кулакты тап ретінде жою | Дәстүрлі әлеуметтік құрылымды жою; Туған жерін тастап көрші елдерге ауа көшу; | 1930-1933 ж. ашаршылыққа ұшыратты (2 - 2,2 млн адам қырылды); Орталық Азия республикаларына 500-600 мың, Қытайға 1200 мың адам ауа көшті; |
| Отырықшыландыру | Көшпелі өмір салтын ыдырату | Қоғамды жасанды түрде таптарға жіктеді, жекелеген әлеуметтік топтарды саяси қуғын-сүргінге ұшыратты (100 мың адам қуғындалды, 25 мың адам атылды). |
| Ұжымдастыру | Дәстүрлі меншік қатынастарын күштеп жою | Қазақ қоғамында отарлық билікке қарсы күштерді біржолата құрту, сөйтіп қазақ жерін орыстандыру арқылы қазақ жерін империяның құрамды бөлігіне айналдырды. |

Осы 1928-1935 жылдарды (кәмпеске науқаны мен ұжымдастырудың аяқталуы арасы) Қазақстанда іске асырылған ауыл шаруашылық реформаларды (*модернизациялық шаралар деп түсініңіз – Г.И.*) және оның күштеп іске асырылды (*этнодеформациялық шараларды іске асыру тетіктері ретінде түсініңіз – Г.И.*) барысы қазақ дәстүрлі қоғамын түпкілікті күйретті. Нәтижесінде 2,2 – 2,5 млн қазақстандықтар ашаршылық пен індеттің құрбанынан айналды., 2 миллионнан астам адам көоші республикалар мен шетелдерге көшіп кетті. Бұл дәстүрлі қазақ қоғамының кеңестік модернизацияны іске асыруының адам өмірі түріндегі төлеген құны!

Қазақтың дәстүрлі шаруашылығын күйретпеу қажеттігін өлке өмірін арнайы зерттеген Швецов, Сириус, Тимофеев тәрізді ресейлік ғалымдар да талай рет ескертті. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдары жаппай коллективтендірудің қиын екенін көрсетті. Әсіресе күштеп отырықшылыққа көшіру аса қатты соққы болды. Өйткені ежелден қалыптасқан шаруашылық түрлері түгелдей өзгертілді. Соның салдарынан Қазақстан ауыл шаруашылығы мүлдем құлдырап, күйзеліске түсті. Шаруалардың астығы мен малын зорлықпен тартып алып, республиканың күш-қуаты мен ішкі ресурстары ескерілмей салынған кәсіпорындар мен теміржол жұмысшыларын және қызметкерлерін, қала халқын азық-түлікпен

қамтамасыз ете алмады. Тіптен ашаршылық меңдеткен жылдардың өзінде орталыққа ауыл шаруашылық өнімдерін жөнелту тоқтаған жоқ [140, Б.139].

Кеңес Одағы құрамындағы ортаазиялық республикалардың барлығының басында бар жағдай – олардағы дәстүрлі шаруашылық жүйесін қалпына келтіру мәселесі. Осыған байланысты А.М.Хазанов «колхоз-совхоздық феодализмнен капиталистік тұрпаттағы жекеменшік қатынастарға көшу – бұл көріп-білмеген секіріс. Өте ауыртпалығы мол, бірақ айналып өтуге болмайтын секіріс» [189, С.59] деген тұжырым жасаған.

«Ұжымдастыру Қазақстанда және ортаазиялық елдердегі дәстүрлі мал шаруашылығына соңғы соққы жасады. Кеңестік кезеңнің соңында аймақта мал шаруашылығы белгілі дәрежеде технологиялық тұрғыда модернизацияланды. Бірақ ол кеңестік үлгіде яғни үлкен көлемде адам шығыны, әлеуметтік, экологиялық шығындар, мемлекеттік субсидиялар мен табиғи факторды толық аяқасты ету түрінде модернизацияланды» [189, С.60] деген А.М. Хазановтың тұжырымы кеңестік реформалардың дәстүрлі шаруашылық жүйені күйретудегі шешуші факторға айналғандығын танытады. Сонымен бірге осы модернизацияның жүргізілуінде эволюциялық-интенсивті тәсілдер емес, экстенсивті-мобилизациялық тәсілдерге басымдық берілгендігін ашып көрсетеді.

Зерттеуімізде қазақтың рулық құрылымын қазіргі таным мен тәжірибеде орныққан әкімшілік-аумақтық және саяси құрылымды алмастырған жүйе ретінде қарастырдық. Дәстүрлі қоғамды қазіргі заманғы кейіп, келбетке трансформациялаған модернизациялық процестерді де осы ұстанымға сай талдадық. Демек, қоғам алмасуында болатын эволюциялық өзгерістердің революциялық-апатты тәсілдермен іске асырылуы модернизация ұғымы ауқымынан шығып кетіп, этнодеформациялық сипат алғандығы жөнінде тұжырым жасаудағы тірек-дәлеліміз – осы дәстүрлі ру-тайпалық құрылымның қазақ қоғамының өмір сүру тәсілі болғандығы еді.

Модернизциялық процестің деформациялық сипат алуы жөнінде А.Сейдімбеков «Этнос мүлде өлімге бойұсынғанда, сол этнос аясында бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі түсінгілері де келмейтін бірнеше әлеуметтік топтар пайда болады. Этнос тағдырына қатысты көзге көрінбейтін, пайда болған пайымдауға бір адамның өмірі де жете бермейтін осы бір күрделі де нәзік үдерісіне айрықша сезімталдықпен қарау қажет-ақ. Нағыз ұлтжандылық пен мемлекетшілдіктің сыналар жері де осы болса керек» [5, Б.46-47] деген тұжырым ұсынады. Әрине, бұл тұжырымды кеңінен таратып айтуға болады. Дегенмен, «бірін-бірі түсінгілері келмейтін әлеуметтік топтардың» 20-30 жылдардағы кеңестік реформалар тұсында ұлтшылдар, большевиктер, белсенділер, атеистер және т.б. түрінде тарих сахнасына шығып, дәстүрлі құндылықтардың ыдырауына өлшеусіз үлес қосқандығын айтумен шектелеміз.

Осы тақырыбымыз бойынша отарлық және кеңестік тоталитарлық биліктің дәстүрлі қоғамды трансформациялауы барысында екі бағыт – модернизациялау және этнодеформациялау тәсілдері қатар іске асқандығын

айқындадық. Дәстүрлі қоғамның қазіргі заманғы қоғамға немесе аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға трансформациялану тарихына қатысты қалыптасқан еуропоцентристік тұжырымдарға балама қағидаларды ұстанып, жасаған қорытындыларымыз дәстүрлі қоғам құбылысының тарихын ғылыми қалпына келтіруге жаңа көзқарас ұсынады деп ойлаймыз.

# 3 ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ТАРИХЫН МОДЕРНИЗАЦИЯ ТҰЖЫРЫМЫМЕН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

## 3.1 Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихын оқытудың қазіргі жағдайы

Еліміз егемендікке қол жеткізгелі халқымыздың тарихи болмысы мен өткен өмірінің тарихи қалыптасуына байланысты ғылыми ақпараттар қайта зерделеніп, шындық пен бұрмаланушылықтар айқындала бастады. Болашақ ұрпақтарымызға ата-бабаларымыздың аманаты мен тарихи мәдениетімізді бұрмалаусыз жеткізу мақсатында тарих мамандығында оқитын студенттердің оқу бағдарламаларындағы дәстүрлі қоғам тарихының мазмұнын жаңа ақпараттармен толықтыруды мақсат тұттық.

Зерттеу жұмысымыздың міндеттерінде белгіленгендегі, зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізіп, «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» атты элективті курстың оқу-әдістемелік кешенін дайындау мәселелері диссертацияның ІІІ тарауында арнайы қарастырылады. Осыған байланысты алғашқы кезекте біз пәнді оқытудың қажеттілігін негіздеп, оның қазіргі жағдайына талдау жасауымыз керек.

Тарихнамалық талдауымызда көз жеткізгеніміздей Отан тарихының біздің зерттеу тақырыбымыздың хронологиясы қамтыған кезеңі (XVIII ғ. бас кезі – XX ғ. 20-30-жылдары) тәуелсіздік жылдардағы зерттеулер арқылы біршама жаңартылған. Әйтсе де, бұл жаңартулар мазмұндық және деректанулық сипат алған. Әйтсе де тарихи танымның басты өзегі методология екендігін ескерер болсақ біз қарастырған зерттеулердің барлығы дерлік  постструктуралық ұстанымдарға сай келе бермейді.

Қазақстан тарихының 5 томдық академиялық басылымының өзінде (ІІІ-IV томдар) таптық-формациялық кезеңдеуге сай феодалдық қоғамның баламасы ретінде «дәстүрлі қоғам» ұғымы қолданылмайды. Оның орнына «Орта ғасырлар», «Жаңа заман» деген тірек ұғымдары пайдаланылады.

Ал қазіргі әлемдік гуманитаристикада маркстік таптық-формациялық тұжырымдарға балама ретінде «өркениеттік», «аграрлық», «дәстүрлі қоғам» деген тұжырымдар сәтті қолданыс табуда. Бұл методологиялық жаңа тәсіл ретінде Отан тарихын зерттеуде батыл түрде қолдануды қажет етеді. Осындай жаңа ізденістер мен тұжырымдар төл тарихымыздың мазмұнын жаңалауға, тарихи құбылыстар мен оқиғаларға жаңа көзқарастар қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Диссертациямыздың теориялық және методологиялық бөлімдерінде арнайы қарастырғанымыздай біз «дәстүрлі қоғам» және «модернизация» ұғымдарын тарихи зерттеуіміздің өзегі етіп негіздедік. Сонымен бірге қол жеткізген нәтижелеріміз бен жасаған қорытындыларымыз тарихи танымды елеулі түрде жаңалады деп есептейміз. Осы жерде ойға түрткі болатын мына пікірді айта кетейік: Қазақ хандығының ыдырап, патшалық және кеңестік биліктің ықпалында болған бодандық кезеңіндегі өзгерістерді отарлық, кеңестік реформалар немесе феодалдық, капиталистік, таптық, социалистік

қайта құрулардеген бір-біріне қарама-қарсы ұғымдармен қарастырып келді. Ендігі кезекте дәстүрлі қоғам, модернизация сияқты бейтарап тұжырымдардың әдіс-тәсілдерін қолдану зерттеуімізде тиімділікке қол жеткізгендігі сияқты тарихшы-педагогтар даярлауда тарихи сана мен таным қалыптастыруға қызмет етуі тиіс деп ойлаймыз.

Тарих пәні мамандарының тарихи ақпараттардан ақиқат мәліметтерді білуі мен оларды салыстыра талдау дағдыларын қалыптастырудағы білім мазмұнын жетілдіруді керек етеді.

Жоғарыда қарастырылған және салыстырмалы талдау жасалған тарихи деректерді бүгінгі жоғары оқу орындарында тарих пәні мамандарының қаншалықты білетіндігін анықтау мақсатында біз зерттеу тақырыбының аясында сауалнамалар жүргіздік. Сауалнамаға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6В01601 – «Тарих мұғалімін даярлау» мамандығының және М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 1-2-3 курс студенттерінен барлығы 180 студент қатысты.

Сауалнама мазмұны мынадай сұрақтарды қамтыды:

1. «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнінің мазмұны қандай мәселелерді қарастырады?

2. Дәстүрлі қазақ қоғамы тарихына байланысты ақпараттар оқу барысында толық қарастырылған ба?

3. Қарастырылған тақырыптарда дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты ақпараттарды толық білесіз бе?

4. Дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты ақпараттардың шынайылығына көзіңіз жете ме?

5. Қазақ қоғамына қатысты қазақ тарихын жаңа форматта оқытуды қолдайсыз ба?

6. Ұлттық құндылықтардың трансформациялануы (өз кейпінің өзгеруі) қандай себептерге байланысты орын алды деп есептейсіз?

7. «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқыту «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнын жетілдіруде айтарлықтай ықпалы болады ма?

8. «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқытудың тарихшы педагог даярлауда білімнің сапасына әсері кандай?

9. Қазақстан тарихын жаңа көзқараста қарастыруға байланысты «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәні оқытылуы керек пе?

Осы сұрақтар бойынша респонденттердің берген жауаптарын талдау бізге осы пән бойынша дайындалатын оқу-әдістемелік кешен дайындауға және пән мазмұнын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық-қолданбалы зерттеуіміздің басты нысанына айналды.

Базалық оқу орындарындағы тарих мамандықтары студенттері Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихын арнайы тақырып ретінде оқымағандықтан оның мазмұнымен мүлдем таныс емес екендігі анықталды. Оқулықта берілген ақпараттар бойынша студенттерде тарихи жад пен тарихи көзқарас қалыптасатыны анық.

Екінші «Дәстүрлі қазақ қоғамы тарихына байланысты ақпараттар оқу барысында толық қарастырылған ба?» деген сұрақ бойынша респонденттердің 78%-ы «толық қарастырылмаған» деп жауап берген. Демек, студенттер оқып жатқан ақпараттарды толықтай қабылдайды, сол бойынша тарихты мойындайды деген сөз. Олай болса, дайындалып жатқан болашақ тарих пәні мұғалімдері мектепке барғанда оқушыларға осылай үйретеді. Әйтсе де, респонденттердің 9%-ы кітаптағы ақпараттарға күмәнмен қарайтынын, ол ақпараттардың толық емес екенін айтқан. 13%-ы өз ойларын былай білдірген: Респонденттердің біразы «Тарихқа жаңа көзқарас қалыптастыру керек» десе, кейбірі «Салт-дәстүр аясындағы кітаптарды көбейту, бағдарлама, сұхбаттарды көбейту, дәстүрді насихаттайтың фильмдер түсіру тағы сол сияқты насихат жұмыстарының көбеюін қамтамасыз ету керек» деген, сонымен қатар, «Мектептегі «Мәңгілік ел» сияқты пайдасы жоқ пәндерді алып тастап, орнына ұлттық қазына секілді сабақтарды қайтару керек» деп те пікір білдіргендер болған. Сонымен қатар, «Жаңашылдық құбылмалы болып келеді деп ойлаймын. Себебі әр кезде әртүрлі нәтиже береді. Егер де тарихымызды жаңаша негізде оқытып, ұрпақ санасына тоқыту мүмкін болса онда қарсы емеспін», «Жаһандануға қарамастан дәстүрді және ұлттық білім мен тарихымызды жаңғырту керек деп ойлаймын» деген пікірлер білдірген.

«Дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты ақпараттардың шынайылығына көзіңіз жете ме?»,-деген сұраққа студенттердің 81%-ы «Ия, көзім жетеді» деп жауап берсе, 19%-ы сенбейтінін айтқан. Бұдан, студенттердің дені кітаптағы ақпарат бойынша көзқарастарын қалыптастыратынын көрсеткен. Өйткені, бүгінгі күні жарық көріп жатқан жаңа зерттеулер мен тың ақпараттар болашақ мамандардың көзқарастарына әсер етіп, тарихи болмысқа ізденушілікпен қарайтын, оқу бағдарламасынан тыс ақпараттармен танысып отыратын студенттердің бар екенін көрсететі.

«Қазақ қоғамына қатысты қазақ тарихын жаңа форматта оқытуды қолдайсыз ба?» - деген сұраққа  студенттердің дені (94%-ы) қалайтындарын, жаңа деректер бойынша ақпарат алуға ықыласты екендіктерін білдірген. Қалған студенттер көзқарастарын білдіруде шашыраңқы ой айтқандар да болды.

«Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқыту тарихшы педагог даярлауда білімнің сапасына қалай әсер етеді?», - деген сұраққа респонденттердің көпшілігі тарих мамандығы үшін сапалы ақпарат алу мұғалімдік қызметінде маңызды екендігін атап көрсеткен. Әйтсе де, студенттер арасында тарихи шындықты білмейтіндер мен білуге қызығушылық танытпайтындардың да болуы анықталды. Ол деген сөз тарих пәнінің мамандары үшін шындық құбылысты жеткізуде маман даярлау бағдарламаларын жетілдіру мен студенттер құзыреттілігін арттыруда кәсіби және тұлғалық сапаларын арттыруға аса мән беруді қажет етеді.

Осы сауалнаманың нәтижелерін тереңірек зерттеп, кілтипанды тұстарын анықтау мақсатында, біз тарих мамандығына арналып жасалған

мемлекеттік стандартпен бекітілген оқу бағдарламаларының мазмұнын талдауды жөн көрдік.

2017 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де дайындалған ОКТ 1206 «Ортағасырлық Қазақстан тарихы» пәні бойынша «030640 – Тарих және география» мамандығына арналып жасалған пәндердің типтік оқу бағдарламаларын [190] қарастыратын болсақ, хронологиялық тұрғыдан біздің зерттеуімізге жақын келетін келесі пәнді қамтитынын көреміз: оның ішінде «Орта ғасырлық Қазақстан тарихы» пәнінің оқу бағдарламасы. Осы пәннің бағдарламасында айтылғандай пән тарих мамандығының студенттеріне арнап дайындалған. Курстың мазмұны екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім VI-XII ғ. аралығындағы ертеортағасырларды қамтыған. Пән мазмұнында осы негізде Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдар тарихы мазмұндалады. Бағдарламадағы «Евразия құрлығының бөлінбес бөлігі ретінде Қазақстанннның басқа түркі тілдес халықтармен ортақ тарихы және жалпы мәдениеті осы кезеңде өтті» [190] деген тұжырымды біз қарастырған дәстүрлі қоғам кезеңінің тарихи алғышарты ретінде бағалаймыз. Сонымен бірге, біздің зерттеуіміздің хронологиялық ауқымынан тыс болғандықтан да бұл кезеңдегі тарихи оқиғалар біздің талдау компонентінің мазмұнында қамтылмайды. Сол сияқты оқу бағдарламасының екінші бөлімінің хронологиялық ауқымы XII ғ. бас кезі – ХУІІІ ғ. алғашқы ширегін қамтиды. Осы уақыт кеңістігіндегі «Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңнің оқу мазмұны да біздің ұсынатын пәннің ауқымынан тыс қалады. Оқу бағдарламадағы Қазақ хандығы XV ғасырдың ортасында – XVIII ғасыр басындағы Орталық Азияда елеулі рөл атқарған орталықтан мемлекет, біртұтас саяси организм. Курс Кіші жүз қазақтарының Ресей империясы құрамына кірген кезеңімен аяқталады. Осы уақыттан бастап қазақ халқы басқаша геосаяси жағдайға кезікті» [190] деген контент «Дәстүрлі қоғамды модернизациялау тарихы» пәнінің мазмұнынан орын алуға тиіс. Әйтсе де, бұл бағдарламалар мазмұнында дәстүрлі қазақ қоғамының тарихи қалыптасуына ғана мән беріліп сипатталады, ал оның ұлттық, әлеуметтік, этникалық және дәстүрлік тұрғыдағы даму заңдылықтары, алдан шыққан қиыншылықтары мен келеңсіз болған қарама-қайшылықтары туралы мәліметтер айтылмайды [190]

«Курстың негізгі идеясы қазақ мемлекеттігінің тарихы өте бай екендігін, қазақ этногенезінің қалыптасуы мен қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетін дамытуға ықпал жасаған ұзаққа созылған тарихи дамудың жемісі екендігі туралы ой» [190, 82-83 бб.] болып табылғандықтан да осы ресми бектілген оқу бағдарламасының тұжырымдары оқу-әдістемелік тәжірибе мен педагогикалық зерттеуімізде басшылыққа алынды.

Соған қарамастан, сол кезеңдердегі қазақ халқының рухани құндылықтары мен шығармашылық болмысы туралы өзге ұлттардан шыққан жазушылар мен зерттеушілер көзқарастарындағы теріс пікірлер, кедергілер мен кемсітушіліктер дәстүрлі қазақ қоғамының дамуына кері әсер еткендігі туралы ақпарат ашып айтылмайды.

Осы кезеңдегі Қазақстан тарихының жазба деректері, XVIII ғ. орыс зерттеушілерінің Қазақстандағы жүргізілген зерттеулері (В.В. Вельяминов-Зернов, Н. Веселовский және т.б.), Ш. Уәлихановтың еңбектеріндегі қазақтардың этногенезі, жүздердің құрылуы, рулық құрылым, «қазақтардың орналасуы мәселелері» қамтылған. Әйтсе де, бұл ақпараттарды әртүрлі пайымдаулармен сипаттап түсіндірген мәліметтер де кездесті.

Қазақстан тарихын ғылыми зерттеу ісі ресейлік тарихшылардың қызметімен байланысты жазылды. Қазақстан тарихына қатысты батыстық үлгіде жазылған алғашқы еңбектер П.И. Рычков, А.И. Левшин еңбектері болды. В.В. Радлов сияқты ғалымдар қазақ этнографиясының бай мәліметтерін көшпелілер тарихымен байланыстырып сипаттап жазды. Революцияға дейінгі кезеңде В.В. Бартольд, Н.А. Аристов және т.б. зерттеушілер қазақ тарихына, оның ру-тайпалық құрамына, этникалық дамуына қатысты еңбектер жазды. Өкінішке орай, XVIII-XIX ғасырларда Қазақстан тарихында дәстүрлі қазақ қоғамы бойынша арнайы зерттеулер аз еді. Көптеген еңбектер осы тақырыптқа қатысты күнделік, қолжазбалар, статистикалық есептер түрінде ғана болды. В.В. Бартольдтың Жетісу, Түркістан тарихын зерттеугі, тарихи деректерді ғылыми айналымға қосуы қазақ қоғамы туралы деректерді байыта түсті. Қазақ хандығы тарихы, қазақ мемлекеттігі мәселелерінің дамытылуы С. Зиманов, К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов, М.Х. Әбусейітова, В.Я. Басиннің еңбектерінде кездеседі. Бұл кезеңнің зерттеудегі тартысты мәселелері соңғы онжылдықтардағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің дамуын зерттеуді орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеудің міндеттерінің бірі ретінде ары қарай зерттеп негізгі жазба деректерді жіктеу, сұрыптау жұмыстарын жүргізудің қажеттілігін туғызады. Оған дейін дәстүрлі қазақ қоғамының тек XVII-XVIII ғ.ғ. алғашқы үштігіндегі қазақ-орыс қатынастары, XVI-XVIII ғғ. алғашқы үштігіндегі дәстүрлі қазақ қоғамы, қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы, қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық қатынастары, қоғамның саяси құрылымы, қазақ халқының рухани мәдениеті, қазақтардың заттай мәдениеті қарастырылды. XVII-XVIII ғғ. алғашқы үштігіндегі қазақ-орыс қатынастары XVI ғ. аяғындағы орыс-қазақ елшілік байланыстарының орнауы, XVII ғ. орыс-қазақ қатынастарындағы шекаралық мәселелер, Қазақстанннның Ресейге қосыла бастауы, Абылай хан саясаты қарастырылды.

Бірақ, тарихи шындық дәстүрлі қоғамның дамуы дәстүрлі жазба деректерде басқаша сипатталады. Нақты айтар болсақ, билер институты, батырлар институты мен ақын-жыраулар институттарының рөлі артып, жоғары мәртебеге ие болғандығы тарихи тұрғыдан тек қазақ қоғамында өз бағасын алды. Кейіннен, ресейлік жүйе бойынша батырлар мен билер интитутының қызметі жойылып, олардың орнына отарлық билік құрылымдарының қолдауына ие болған құрылымдар дәстүрлі қазақ қоғамының қалыптасқан жүйесін ығыстыра бастады.

Аталмыш оқу бағдарламаларында XVI-XVIII ғ. дәстүрлі қазақ қоғамы шаруашылығын, «көшпелі мал шаруашылығы – қазақ халқы тіршілігінің материалдық негізі жайлы, жылдың барлық маусымында малды жаю, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы егін шаруашылығының дамуы», [190, Б. ] мазмұнында оқыту ұсынылған. Демек, қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық құрылымы туралы ақпараттар қамтылуы тиіс.

Сонымен қатар, мынадай тақырыптар: Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Қауымның екі әлеуметтік-статустық топқа - ақ сүйек және қара сүйек болып бөлінуі. Қазақ қоғамының территориялық – қауымдық құрылымы. Оқу бағдарламасының кейінгі тақырыптары қауымның типтері, ру-тайпалық құрылым, хандық билік институты, оны мұрагерлік жолмен иеленуді қамтиды. Сол сияқты дәстүрлі қоғамның материалдық мәдениеті, ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлері, батырлық және эпикалық жырлары да қарастырылады.

Типтік оқу бағдарламаларын талдағанда біздің алға қойған мақсатымыз – тиісті пәндердің мазмұнында дәстүрлі қоғамды модернизациялау процестерінің қаншалықты деңгейде оқытылатындығы немесе оқытылмайтындығын анықтау болып белгілегендігін атап айтамыз. Осы талдаудың қорытындысы біздің тарих мамандығы студенттерінің БББ ұсынатын таңдау пәніміздің мазмұны анықтауға қызмет етуі тиіс.

Сондай-ақ, бұл типтік бағдарламалар жинағында KZZT 2207 «Қазақстанның жаңа заман тарихы» пәнінің бағдарламасы берілген. Онда жаңа заманның тарихи шекараларын тек шартты түрде көрсетіліп, Ресей империясы құрамына интеграциялау үдерісіндегі XVIII-XX ғасырдың басында өткен қазақтың көшпелі қоғамындағы саяси, әлеуметтік-мәдени және экономикалық өзгерістерді сипаттауды қамтиды. Бағдарлама құрылымы «5В020300 – Тарих» мамандығы бойынша кәсіби дайындаудың іргелі сипатын көрсетеді және алдында өткен «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы», «Қазақстанның орта ғасырлар тарихы», «Түркі халықтарының тарихы», «Орта ғасырлар тарихы» пәндерін қамтиды. Бұл мәліметтер 5В020800 - «Археология және этнология» мамандығы бойынша пәндердің типтік бағдарламасындағы «Этнологияға кіріспе» пәнінің мазмұнында «Дәстүрлі мәдениет және жаңашылдық» тақырыбымен беріліп, қарастырылған [190].

«Қазақстанның жаңа заман тарихы» пәнін оқып үйрену үдерісінде студенттер XVIII-XX ғасыр басына дейінгі аралықта қазақ халқы тарихының түйінді мәселелерін, империялық кезеңдегі Қазақстан тарихын, осы кезең бойынша негізгі тарихи деректерді зерделейді. Сондықтан, бүгінгі таңда егемендігіміздің 32 жылдық тәжірибесіне сүйене отырып, дәстүрлі қазақ қоғамының тарихын еуропоцентристік көзқараста қалыптасқан мазмұнынан бас тартып, Еуропа немесе Шығыс тарихына тәуелді болмай, өз дербес ұлттық көзқарастарымызбен шындық тарихқа негізделген ақпараттарды енгізу арқылы тың білім мазмұнын ұсынатын уақыт келді деп білеміз.

Өйткені, XV-XVI ғғ. әлемді қамтыған өзгерістер бізге де тікелей әсерін тигізді. Батыс өркениетінің ерекше белсенді дамуы жаңа заманда Еуразия тарихының дәстүрлі тұрақтылығын өзгертті. Еуразиялық ұлы дала аумағында көшпелілердің ұлттық мемлекеттік бірлестіктерінің қалыптаса бастауы орын алды. Қазақ хандығы солардың бірі болып құрылды. Қазақ хандығының тарихын жаңа заман тарихымен байланыстыра отырып қарастырамыз, себебі бұл мемлекет – жаңа заманның үрдістерін туғызған құбылыс болатын.

«Қазақстанның жаңа заман тарихы» пәнінде «Ресей империясының қазақ даласындағы діни саясаты, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы; жер мәселесі; жерді пайдалану жүйесі, аграрлық реформалардың салдарлары; капиталистік қатынастардың енуі; қоныстандыру қозғалысы және оның кезеңдері, империя құрамына интеграцияланудағы қазақ мәдениетінің даму ерекшеліктері» [191] туралы ақпараттарды оқытуды көздейді. Әйтсе де, бұл ақпараттар патшалық Ресей енгізген реформалардың дәстүрлі қазақ қоғамының дамуына кереғар әсер еткендігін, тіпті, қарама-қайшылықтардың орын алғандығын ашып көрсете алмаған.

Негізгі бөлімінде Қазақстанның Ресей империясы құрамына енуі: тарихи деректер және мәселенің тарихнамасы, мәдени өзгерістер. 1916 ж. көтерілістің себептері мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдері, ұлттық қозғалыстың: даму кезеңдері мен ұлттық құрылыс идеялары қарастырылған. XIX ғ. екінші жартысындағы Ресей империясының Қазақ даласындағы әкімшілік реформалары XIX ғ. екінші жартысындағы Ресей империясының Қазақ даласындағы әкімшілік реформалары туралы қарастырылған. Әкімшілік құрылымы, көшпелі және отырықшы халықты жерге орналастыру басқармасындағы өзгерістері жайлы, Дала генерал-губернаторлығында шаруа басшылары институтын енгізу (1902) туралы қамтылған [191, Б.10-11].

«Түркі халықтарының тарихы» курсын оқытуда түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, түркі қауымдастығының бірлігін жан-жақты қамтыған, отан тарихының туысқан халықтардың өткені және бүгінгісімен тығыз байланысы, түркі халықтарының тарихы туралы біртұтас кешенді қалыптастырды. Кеңестер тарағаннан кейін, тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына байланысты, түркі тілді этностар мен ұлттардың тарихы толыққанды тарих пәндерінің бірі ретінде оқытыла бастады. Түркі халықтарының мемлекеттік құрылымы, мәдениеті мен экономикасын, түркілер мәдениетінің әлем өркениетіне қосқан үлесін ашу қажеттілігі пайда болды [193, Б.30-34]. Осы типтік бағдарламада «TNT 2302 Түркі халықтарының тарихы» пәнінде дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы мүлдем қарастырылмаған.

Бұл пәнде түркі мәдениетін көрсету, түркі халықтары қатынастарының тарихын шындық әлемінің дамуының бет-бейнесін ашу нәтижесінде түркі халықтарының тарихын жүйелі және дәйектілікпен пәндік білімін терең таныстыруды көздейді: түркі тайпаларының және халықтарының қалыптасу тарихын көрсету, ортағасыр мен жаңа кезеңдегі түркі мемлекеттерінің құрылуы, түркі әлемінің тарихы қамтылған. Қазіргі кезеңдегі түркі

мемлекеттерінің қоғамдық саяси өмірін қарастыру арқылы түркі халықтарының әлемдік аренадағы орнын ашып көрсете отырып, түрік өркениетінің әлемдік өркениетке тигізген әсерін талдау қажет. Тарих мамандықтарында Қазақстан тарихыкурстарымен бірге Түркі халықтарының тарихы, Түркі мемлекеттерінің тарихы пәндері де дәстүрлі қазақ қоғамының (XV ғ. ортасы – XX ғ. 20-30 жылдары аралығы) тарихын айналып өте алмайды. Пәннің қамтыған географиялық және хронологиялық ауқымының кеңдігі мен мазмұнының аса күрделілігі біздің зерттеуімізде қамтылатын тақырыптарды толық ашуға мүмкіндік бермейтіндігін аңғардық.Әйтсе де, Қазақ хандығының саяси билік құрылымы, қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтікинстититтуттар мен олардың қызметі, отарлық биліктің трансформациялық реформалары жайлы мәселелер ішінара болса да қамтылған. Мәселе студенттерге ұсынылатын контенттердің көлемінде емес, олардың ғылыминегізділігі мен дәлелділігінде болуы керек.

Үлгілік бағдарламада біз материалды баяндауда түркі халықтарының этно-мәдени, мемлекеттік-саяси құрылымдардың өзіндік сипаты мен ерекшеліктерінің мағыналық мәтініне сай дәстүрлі елтанулық негіз сақталды. Бірақ бұл үлгілік бағдарлама дәстүрлі қоғам тарихын қамтымайды, тарихи-мәдени аспектілерін қамтиды, олардың жеке тарауы жоқ.

2017 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ баспасынан шыққан «5В020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша пәндердің типтік оқу бағдарламалары хронологиялық тұрғыдан біздің мәселемізге жақын келесі пәндерді қамтиды:

5В020800 - «Археология және этнология» мамандығы бойынша пәндердің типтік оқу бағдарламалары 1302 Этнологияға кіріспе пәні бойынша 8-ші тақырыбы «Дәстүрлі мәдениет пен жаңашылдық», осы тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар «Дәстүрлі мәдениет пен жаңашылдық», «Дәстүрлі қоғамды модернизациялау проблемасы», модернизация теориясының негізгі қағидалары ұғымы қарастырады.

Сонымен қатар, біз өз зерттеумізде тақырып аясында жарық көрген бірқатар кітаптар мен оқулықтар мазмұнына да талдау жасауды жөн деп таптық. Солардың қатарында отандық ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Артықбаевтың «Қазақстан тарихы» оқулығы студенттерге, магистранттарға арналған. Оқулық төрт бөлімнен тұрады. Қарастырылып отырған тақырып бойынша оқулықтың бірінші бөлімі «Ежелгі Қазақстан тарихы. Бұл бөлімде әлеуметтік құрылымы, шаруашылығы, мәдениеті, этносаяси тарихы қарастырылады [194, 59-69 бб.].

Дегенмен, бөлімде тек ежелгі Қазақстан мен Орта Азия тайпаларымен байланысты негізгі тарихи оқиғалар айтылады. II бөлімде Қазақстанның ортағасырлық тарихы, Еуразия көшпелілерінің тарихында белгілі бір кезеңдерді анықтап көрсетеді. Мысалы, Қазақстанның ортағасырлық кезеңінен еуропалық ортағасырларға қатысты мағыналық және мазмұндық дүниелерді кездестіре алмайсыз. Еуропа тарихына тән құлиеленушілік немесе феодалдық қатынастар, жерге жекеменшік біздің жерімізде ешқашан

болмаған. Көптеген деректерге қарағанда сараптамалық талдау жасаған кезде Қазақстан территориясы мен жақын жатқан дала аймақтарында ж.ж.с.д. I мыңжылдықтың ортасында дала мәдениетінің ерекше ошағы пайда болды деген қорытындыға келуге болады.

Өзінің тарихи-мәдени ерекшелігімен бұл мәдениет Батыс пен Шығыс мәдениеттерінен өзгешеленеді. Демек, бұл оқулықта дәстүрлі қоғамның белгілері қалыптасуына негіз болған тайпалардың тарихы айтылады. Екінші бөлімде Қазақстанның ортағасырлық тарихында көне түркі қауымының әлеуметтік құрылымы ғасырлар бойы қалыптасқан Орталық Азиялық дәстүрлерге сүйенді, көшпелі әскери-тұрмыс салтының мақсаттары мен міндеттеріне бейімделді. Қаған тайпа басшыларның жоғары, саяси билікке ие болып, жоғары сот және әскери қолбасшы функциясын атқарды. Қаған саяси билігін ру аристократиясының кеңесімен жүргізді және солардың мұқтаждарына тәуелді болды. Империя құрамына кірген көрші көшпелі тайпалар уақыт өткен соң барлығымен бірдей генеологиялық құрылымға кіре алса, отырықшы жер өңдеуші халық қанаушылыққа ұшырады. Көшпелі қауымдардың негізгі тәртібі, әсіресе бейбіт өмірде, туыстық жүйеден өсіп қалыптасты және жол тәртібіне бағынышты болды. Түрік дәуірі жоғарыда баяндалған сипаттамамен шектелмейді. Бірнеше ғасырлық өмір-тіршілік барысында түрік қауымдары дамуды да, құлдырауды да бастан кешірді. Сол жағдайларға байланысты әлеуметтік құрылым да өзгеріп отырды. Тарихи сабақтастық жағынан бұл мәселе ерекше талдауды қажет етеді.

III бөлім Қазақстанның жаңа заман тарихы - I тарауында XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы, II тарауы XIII ғасырдағы Қазақ хандығы,

IV бөлімде Қазақстанның қазіргі заман тарихының I тарауында XX ғасырдағы Қазақстан – XX ғасырдың басында этникалық ілгерілей дамуға, өзінің дәстүрлі қоғамдық және саяси институттарын дамытуға отаршылдық жүйе көптеген тосқауылдар қойғаны белгілі. XX ғасырдағы Қазақстан тарихы КСРО құрамына кірген басқа халықтар тарихынан ерекшеленбейді. Тек шығыны тұрғысынан өзгелерден көбірек болды. Оның негізгі белестері – 1916 жылғы көтеріліс, Ақпан және Қазан революциялары, ұжымдастыру және индустриализация, зиялы қауымға қарсы репрессиялар. Бұл кезеңді түсіну қазір ғана басталып жатыр. Бірақ оның салдарлары әлі де зерттелуде. Зерттеудің жаңа әдістерін іздеуде көп қайшылықтар бар.

Келесі еңбек, Т.М. Әминовтың [195] оқу құралы. Онда қазақ халқының мемлекет құрушы этнос ретінде нығаюы аяқталған және ұлттық мемлекеттілік қалыптасуының басты алғышарттарының бірі ретінде Қазақ хандығы орнаған кезеңнен бастап осы заманға дейін орын алған негізгі тарихи оқиғалар баяндалған. 3 тақырыпта Қазақ халқының Қазақстанның Ресейге қосылуы кезеңіндегі ұлт-азаттық күресі, 4 тақырыпта XX ғасырдың басындағы Қазақстан. Қазақстанның ұлт-азаттық қозғалысының жаңа кезеңі қарастырылған.

Қазақстанның қазіргі тарихын оқып-білу барысында мектеп пен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, т.б. арналған

еңбектер XIX-XX ғғ. орын алған оқиғалар өткен жолдың қиындықтары мен жетістіктерін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Дегенмен де, осы аталған кезеңде дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы жайлы мәліметтер аз қамтылған. Тек дәстүрлі шаруашылығы, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар ғана жалпылама қамтылған. Сондай-ақ кеңестік кезеңде мектеп оқушылары мен студенттерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұнын қарастырып, талдау қажет етеді.

Жоғарыдағы типтік оқу бағдарламалары мен оқулықтар, оқу құралдарының мазмұнындағы тарихи деректер мен дәстүрлі қазақ қоғамының тарихына қатысты ғылыми ақпараттарды салыстырмалы талдау жасау бүгінгі жоғары оқу орнындағы тарих пәні мазмұнында көптеген қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетеді.

Сырт қарағанда тақырыптар нағыз қазақ қоғамының мәселелерін толықтай қамтып, аша түсетін секілді көрінеді. Оқулықтар мен оқу ақпараттарының мазмұнына талдау жасап қарасаңыз, шындыққа жанаса бермейтін бұрмаланған ақпараттарды да кездестіруге болады. Кеңес дәуіріндегі саяси идеологияға сәйкестендіріп, тарихи құбылыстарды бейімдеп оқыту белең алғандығын байқау қиынға соқпайды. Жоғарыдағы тарауымызда қарастырылған тарихи деректер мен ғылыми зерттеу нәтижелеріндегі ақпараттарға сүйенетін болсақ, пән мазмұнының мәтіндеріне толықтырулар мен түзетулер енгізіп оқыту қажеттілік туғызатынын түсінеміз. Сондықтан, тарих пәнінің тақырыптарының мазмұнын тың ақпараттармен толықтыра отырып, шындыққа негізделген тарихи деректерді болашақ мамандарға жеткізу бүгінгі күннің міндеті болмақ.

Нақтылы деректерге сай, кеңестік жүйедегі тарих пәні мазмұнындағы ақпараттар мен бүгінгі шындыққа негізделген тарихи ақпараттарды салыстырмалы түрде баяндай отырып, оларды төмендегідей етіп көрсетуге болады:

*№8 кесте. Дәстүрлі қазақ қоғамы туралы тарихи деректердің салыстырмалы сипатталуы*

| | Тарихи деректердегі мәліметтер | Шынайы мәліметтер |
|---|---|---|
| | Қазақстан аумағында түрік халықтары құрған үлкенді-кішілі мемлекеттік құрылымдардың бір-біріне пәлендей қатысы болмаған, ел билеу дәстүрі қалыптаспаған, жабайылардың кезекті бір қиратушылық соғыстарының себебі мен салдары деп қарауға бейім тұрғандығын жасыра алмаймыз [196, Б.14]. | «Түркі тектес халықтардың ішінде қазақтар санының көптігімен, жерінің молдылығымен зерттеушінің назарын өзіне айрықша аударған». Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көне дәуірден бастап-ақ өзінің тарихы, мәдениеті болған (56). |
| | Ресей тарихнамасында | Шындығына көшпенділерсіз |

| | | |
|---|---|---|
| | отырықшылық өркениеті көшпенділер өркениетіне қарсы қойылып, отырықшылық өркениетінен төмен қаралды. Көшпелілерді жабайылар қатарына жатқызып келді. | отырықшылар өркениеті жоқ. Көшпенділер өркениеті әлемге жоғары өнерімен, мәдениетімен, әдебиетімен, соғыс өнерімен танылды [84, Б.103]. |
| | Патша әкімшілігі қазақтардың иелігіндегі жерлерді алып, оларды, әлеуметтік жағдайға сай пайдаланды, тарихшы ғалымдарымыз өздері өмір сүріп отырған қоғамның сұранысына сай тұжырымдар жасауға мәжбүр болды [113, Б.224]. | «Ресейдің қазақ даласына билік етуінің Азия мен Африка тонаған Еуропа елдерінен еш айырмашылығы жоқ» [54]. |
| | Қазақстан үшін кеңестік дәуірдегі аса маңызды сәт: осы кезеңде кеңестік және ұлттық (қазақтың) бірегейліктің консолидациясы жүзеге асты. Оған соғыс, ұжымдастыру мен индустриализация өз ықпалын тигізді. Нәтижесінде қазақтар көшпелі өмір салтынан алыстай берді [68, Б. 297]. | Отаршылдық езгіден зардап шеккен миллиондаған тұрғындар социалистік қайта құруларды қабылдамады. Дәстүрлі өмір салтын бұзу, күштеп отырықшыландыру, ұжымдастыру, тәркілеу, ауыл шаруашылық салықтары адамдарды кеңестік реформаларға қарсы әрекеттерге итермеледі [69]. |
| | Қақаған қыста қызылдар халыққа «қызыл жүн» деген салық салады. Оған қоса тері, сүйек, шүберек жинау тапсырмасы қойылды. Қызылшұнақ аязда қой қырылды, түйе күзелді, көрпе сөгілді. Сан ғасырлық тарихта мұндай салық болған емес. Оның неге қажет болғаны да белгісіз [79]. | Осыған байланысты 1929 жылы Маңғыстауда Адай көтерілісі болды. 1929 жылы Адай көтерілісіне ұшыратқан қызылдар салығы тек сылтау болатын. Ал түпкі мақсат – ежелден тәк білмеген тарпаң, алшаңдап басқан қазақты ауыздықтау, оның азаттық рухын жою еді. Салыққа қарсы болған бас көтерер қазақтарды абақтыға апарып қамады [79]. |
| | Орталықтың шешімі бойынша қазақ жеріне келген «жиырма бес мыңдықшылар» таптық ұрандармен дәстүрлі қазақ қоғамына «реформа» жасаушылар еді. | Шын мәнінде олардың өзгерістері дәстүрлі шаруашылықтардың тетіктерін күйретіп, оның соңы тұтастай елді ашаршылыққа ұшыратты [54, Б. 189-190]. |
| | Патша өкіметінің қоныстандыру саясатының қазақтарды қиын жағдайларға | Алайда олардың қарауына берілген жалаңаш далада және құмдарда адамдар тұрмақ, аңдар да |

| | | |
|---|---|---|
| | ұшыратқанын «жер үшін жанжалдар, кісі өлтірулер орын алып отырғанын, мал шаруашылығынан диханшылыққа ауыспайды деп айыптайтынын жазды [113]. | өмір сүре алмайтын еді.. [113]. |
| | Туыстық тазалық тек арабтар және басқа ұқсас халықтар, шөл далада жабайы өмір сүрушілер – өмірі, өмірдің қатал жағдайлары болды, оларды осындай қажеттілікке жеткізді... Бұл сезімнің күшін жоғалтқан халық сәтсіздікке ұшырап және алдында тұрған мақсаттарын іске асыра алмайды [91,375 с.]. | Осындай тосқауылдан өтіп шыққан қазақ елінің XVIII ғ. тарихын, одан бұрын жүріп өткен ізін зерделейміз деген ғалымдар, қасаң еуропоцентристік методологияның тұсауына шырмалды. |
| | «Халқымыз қараңғы еді, мәдениеті төмен, сорлы еді». Ғұмыр бойы мал соңында салпаңдау маңдайына жазылған, болашағы тұлдыр халқыңыз осы ма? | Ақиқат басқаша! «Бойында осыншама қабілет дарыған халық цивилизациядан қақас қалмақ емес; көшпенді тірлік кешкен номад қазір өзіне қомсына қарайтын халықтар арасындағы құрметті орнын иеленер күн де туар» - деп жазады айдаудағы поляк революционері А.Янушкевич [125, Б.5]. |

Қазақстан тарихы оқулықтарынан ішінара ғана қамтып, құрастырған бұл кестеден көретініміз, бүгінге дейін тарих мамандықтарында оқытылып келген ақпараттар шындыққа жанаса бермейтінін соңғы жылдарда жарияланып жүрген ғылыми зерттеулер мен көне мұрағат деректері дәлелдеп отырғандығы.

Олай болса, болашақ тарих мамандығының студенттері үшін «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнінің мазмұнын тарихи деректермен толықтырып, мазмұны мен әдістемесін жетілдіре отырып, білім беру бағдарламасына енгізу қажет деп таптық. Аталмыш курстың мазмұны туралы келесі параграфта баяндаймыз.

## 3.2. «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» таңдау пәнінің мазмұны

Диссертациялық зерттеу барысында дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихына қатысты жасаған тұжырымдар мен қол жеткен ғылыми және танымдық нәтижелерді тарихи таным қалыптастыру мақсатында білім беру үдерісіне енгізу қажетілігі туындайды. Осыған

байланысты тақырыптың басты идеясы зерттеудің ғылыми жаңалықтарының қолданбалығын қалай және қандай формада іске асыру керек? деген сауалға жауап беруге бағытталады.

Жоғарыда қарастырылған тарихи деректердің оқытылуындағы шынайы деректердің пайда болуы мен оған деген көзқарастар және бүгінгі күннің тұрғысында баға беруге байланысты «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін мазмұндық жағынан жинақтап, тарих мамандықтарын бакалаврларын оқытудың БББ енгізуді қажет деп таптық. Соған байланысты пәнді тың ақпараттармен толықтырып, элективті курстың мазмұнын қалыптастырудың тәжірибесін ұсынамыз.

Пәннің мазмұнын қалыптастыруға байланысты базалық оқу орындарының тарих мамандығын бакалаврлары, магистрлері және оқытушы құрамымен екі мәрте сауалнама жүргізген болатынбыз.

Алдын-ала жүргізген сауалнамамыздың жауаптары бойынша пән мазмұнын қалыптастырудағы жоспарымызға түзеулер мен толықтырулар енгіздік. Сауалнама сұрақтарын (Қосымша №1) алдын-ала сұрыптап, жауап нұсқаларын тақырыптарды ашуға бейімдедік. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы трансформациялық жаңаруды тарихнамалық, деректанулық және методологиялық тұрғыда талдау барысында (I тарау) зерттеуіміздің бағыттарына айқындық берілді.

Ал дәстүрлі қоғамды модернизациялауға ықпал етуші факторлар ретінде қарастырылған II тарауда осы тарихи процестің барысын қарастырудың нәтижелерін ЖОО тарих мамандығы бакалаврларының БББ енгізу үшін оқу-әдістемелік кешен дайындау және педагогикалық эксперимент жүргізудің бағдарын осы сауалнама нәтижелері анықтады. Сонымен, базалық оқу орындарының студенттері, магистранттары және оқытушыларымен жүргізілген алғашқы сауалнаманың қорытындысы мынадай болып шықты:

Диаграмма №1 сауал




Студенттердің бұл сауалға қайтарған жауабын талдағанда, олардың басым бөлігі пәннің мазмұнынан бұрын оның хронологиялық шегін нақтылауда баса назар аударғандығы байқалады. Демек, жеке пәннің мазмұны студенттер үшін бейтаныс болып тұр.

Диаграмма №2 сауал



«Дәстүрлі қазақ қоғамы тарихына байланысты ақпараттар оқу барысында толық айтылып, қарастырыла ма?» деген сұрақ бойынша сауалнамаға қатысушы студенттердің 78%-ы «Толық қарастырылған» деп жауап берген, ал, 13%-ы «Толық қарастырылмаған» десе, 9%-ы өз ойын нақты білдіре алмаған. Бұдан шығатын тұжырым, студенттер көзқарасының әлі де болса тұрақталмай, пәнге қатысты ақпаратты толық меңгермегенін көрсетеді.

Диаграмма №3 сауал




«Қарастырылатын тақырыптардағы дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты ақпараттарды толық білесің бе?» деген сұрақ бойынша сауалнамаға қатысқан студенттердің 54%-ы «Толық білмеймін» десе, 39%-ы толық білетінін айтқан, ал қалған 3% студенттер өз көзқарастарын әртүрлі білдірген. Демек, студенттерде пәнге қатысты білім тапшылығы айқын сезіледі.

Диаграмма №4 сауал




«Дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты ақпараттардың шынайылығына көзіңіз жете ме?» деген сұраққа 81% сауалнамаға қатысушы ақпаратты шынайы деп санайтынын айтқан, ал небәрі 19% студент ақпараттың шынайылығына күмән келтірген. Олар шынайы емес деп анық айтқан.

Пән мазмұнынан орын алатын ақпараттардың шынайылығы мәселесі де аса маңызды. Студенттердің бұл мәселеге қатысты пререквизит пәндер мазмұны арқылы алдын-ала дайындығы болғандықтан да осы сауал ұсынылған болатын. Студенттердің жауаптары пән мазмұнында тарихнамалық талдау мен деректік базаны нығайту қажеттігін көрсетті.

Диаграмма №5 сауал




«Дәстүрлі қоғам кезеңіндегі Отан тарихын жаңа форматта оқуды қолдайсыз ба?» деген сұрақ бойынша студенттердің дені қолдайтындығын білдірген (94%). Әйтсе де, жаңаша оқуды қаламағандар да болды, олардың саны 4%-ды құраса, 2% студенттер өз ойларын білдіре алмаған.

Бұл жауаптардан оқу-әдістемелік кешенді жаңа форматта дайындау қажеттігіне көзіміз жетті. Осы мәселені 2022 жылы дайындалған «Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» электронды оқу құралын дайындауда ескердік.

Диаграмма №6 сауал



«Ұлттық құндылықтардың трансформациялану тарихнамасына ықпал еткен тұжырымдар?» деген сұрақ бойынша сауалнамаға қатысушылардың 57,3%-ы «маркстік-лениндік теория» деп жауап берген, ал 39,2%-ы «еуропоцентристік ұстанымдардың ықпалы» деп білетінін айтқан, 2%-ы өз ойын білдірген, 1,5%-ы «ассимиляциялану тұжырымы» дегендер болды.

Бұдан шығатын тұжырым, студенттердің көзқарастарына алғашқы білімдерінің ықпалы күшті болғанын аңғартады. Алғашқы көзқарастан аса үлкен алшақтық байқалмады.

Диаграмма №7 сауал

«Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқыту тарихшы педагог мамандар даярлауда білім сапасына әсері қандай екенін білу мақсатында да сұрақ қойған болатынбыз. Оны төмендегі диаграммадан көреміз.




Бұл диаграммадан көріп тұрғанымыздай, «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқытудың тарихшы-педагог даярлауда білімнің сапасына әсері қандай?» деген сұраққа студенттердің 75%-ы «Толықтай әсері бар» деп жауап берген, ал 13%-ы жауап бере алмаған, 3% бұл пәнді оқыту тарихшы мамандарды сапалы даярлауға ешқандай әсерінің болмайтынын айтқан.

Бұдан, студенттер аудиториясында әлі де болса дәстүрлі қазақ қоғамын модеризациялаудың қажеттілігі мен қоғамдық сұранысын жете түсінбеген студенттердің болғандығын көреміз. Әрине, педагогикалық үдеріс ұзақ мерзімді болғандықтан, тез нәтиже алу мүмкін емес, әйтсе де студенттердің дені қолдау көрсетуі жақсы нәтиже деп білеміз.

Диаграмма №8 сауал




«Қазақстан тарихын жаңа көзқараста қарастыруға байланысты «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәні оқытылуы керек пе?» деген сұраққа студенттердің 96%-ы «Ия» деп жауап берген. Қаламайтындар мен пікір білдірмеген студент болмапты. Бұдан шығатын тұжырым, бүгінгі студент жастар тарихымыздың бұрмаланбай шындық ақпараттармен оқытылып, мазмұнының жаңаруына ықыласты екенін танытады.

Диаграмма №9 сауал

Бізді ұсынған пәніміздің Отан тарихының мазмұнын жаңалауға қаншалықты ықпал ететіндігін студенттердің қалай бағалайтындығы да қызықтырды.




Міне, осылайша, сауалнамалар нәтижелері бойынша студенттердің дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы туралы және оның болашақ тарихшы педагогтар даярлау жүйесіндегі маңыздылығы мен қажеттілігі туралы көзқарастарының әртүрлілігін көрсетеді. Олардың бастапқы және соңғы сауалнамалар арасындағы жауаптарының айырмашылықтарын педагогикалық эксперимент жүргізген келесі бөлімде (3.3) арнайы талдайтын боламыз.

Осындай педагогикалық зерттеу нәтижелері бойынша пәннің оқу-әдістемелік кешенін дайындадық. Оқу-әдістемелік кешен оқу жоспарынан, оқу бағдарламасынан, пән силлабусы, СӨЖ тақырыптары, деңгейлік сұрақтардан және электронды оқу құралын қамтыды.

Біз ұсынып отырған таңдау пәні «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» деп аталады, ол 5 кредиттік көлемде (барлығы-135 сағат) жасалып, 15 сағат дәріс, 30 сағат семинар-практикалық сабақты, 45 сағат СӨЖ мен 45 сағат ОБСӨЖ қамтыды.

Отан тарихын тұтастай хронологиялық кезеңін қамтып, дәстүрлі қоғамның қазіргі заманға өтуі – трасформациялану құбылысының мәні мен мазмұнын ашу үшін тақырыптарды қисындық тұтастығымен тарихи сабақтастықта құрастыру қағидаларын басшылыққа алдық. Таңдау пәнінің жоспары №6 кесте арқылы көрініс тапты.

*Кесте 6. «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәні атты таңдау пәні жоспары*

| | Курс мазмұны | Дәріс | Семинар практик. сабақ | СӨЖ | ОБСӨЖ |
|---|---|---|---|---|---|
| **1 -Модуль. Дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымы** | | | | | |
| | Кіріспе. Таңдау пәнінің мақсаты мен міндеттері, пәні мен | 1 | 2 | 3 | 3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нысаны | | | | |
| | Дәстүрлі қазақ қоғамының ерекшеліктері | 1 | 2 | 3 | 3 |
| | Көшпелілердің рухани әлемінің эволюциясы және еуразиялық өркениетке қосқан үлесі. | 1 | 2 | 3 | 3 |
| | Дәстүрлі қазақ қоғамының саяси, мәдени құрылымы | 1 | 2 | 3 | 3 |
| | Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымы | 1 | 2 | 3 | 3 |
| **2-Модуль. Дәстүрлі қазақ қоғамының модернизациялануы** | | | | | |
| | Қазақ хандығындағы модернизациялық процестер | 1 | 2 | 3 | 3 |
| | Отарлық биліктің дәстүрлі қоғамдағы саяси-әлеуметтік модернизациясы | 1 | 2 | 3 | 3 |
| | Ұлт-азаттық көтерілістер және ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру әрекеттері | 1 | 2 | 3 | 3 |
| | Ақын-жыраулар шығармашылығындағы дәстүрлі құндылықтар және «зар заман» концепциясы | 1 | 2 | 3 | 3 |
| 0 | XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары. | 1 | 2 | 3 | 3 |
| **3-Модуль. Рухани жаңғыру ұлттық бағдарламасы және ұлттық құндылықтар** | | | | | |
| 1 | Рухани жаңғыру – ұлттық құндылықтарды модернизациялау концепциясы | 1 | 2 | 3 | 3 |
| 2 | Дәстүрлі қоғам және тарихи сана қалыптастыру | 1 | 2 | 3 | 3 |
| 3 | Дәстүрлі құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде қолдану әдістемесі | 1 | 2 | 3 | 3 |
| | Дәстүрлі қоғам тарихы - | 1 | 2 | 3 | 3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | болашақ маманның кәсіптік біліктілігі мен құзыреттілігін қалыптастырушы фактор | | | | |
| 5 | Дәстүрлі қазақ қоғамының Отан тарихындағы маңызы | 1 | 2 | 3 | 3 |
| | **Барлығы:** | **1 5** | **3 0** | **4 5** | **45** |

Зерттеу нәтижелері бойынша құрастырылған «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» атты элективті курстың тақырыптары бойынша мына мазмұнда оқу бағдарламасын түздік:

**Кіріспе. Таңдау пәнінің мақсаты мен міндеттері, пәні мен нысаны.** Таңдау пәні бағдарламасын оқытудың мақсаты мен міндеттері. «Дәстүрлі қазақ қоғамы», «Дәстүрлі қазақ қоғамының модернизациялау тарихы» түсініктері және олардың тарихи-саяси аспектілері, олар туралы әртүрлі теориялық-методологиялық ұстанымдарға ғылыми талдау жасау. Дәстүрлі қоғамның модернизациялануына тарихнамалық шолу. Отандық және шетелдік тарихнама. Пәннің дереккөздері - архивтік құжаттар, дәстүрлі деректер. Болашақ тарих пәнінің мамандарын даярлаудағы пәнді оқытудың қажеттілігі туралы.

**Дәстүрлі қазақ қоғамының ерекшеліктері.** Дәстүрлі қазақ қоғамының ерекшеліктері туралы тарихи деректер, оны жаңғыртудың бүгінгі таңдағы қажеттілігі. Шетел ғалымдарының зерттеулері мен жазбаларындағы қазақ қоғамының болмысы туралы методологиялық және саяси көзқарастар мен тұжырымдарға талдау. Таптық-формациялық және «Азиялық феодализм» тұжырымдарына сын. Дәстүрлі қазақ қоғамының бүгінгі қазақ қоғамындағы дәстүрлермен ерекшеліктерін салыстыру.

**Көшпелілердің мәдени-рухани әлемінің эволюциясы және еуразиялық өркениетке қосқан үлесі.** Көшпелі қазақ қоғамының шынайы тіршілігі мен оның әлемі. Көшпелілердің рухани әлемінің эволюциясы түсінігі. Көшпелі қазақ қоғамының шынайы әлемі туралы шетел ғалымдарының жазбалары және оның әлемдік танымға ықпалы. Көшпелілер мен еуразиялық өркениеттің өзара ықпалдастығы. Қазақ халқының көпшелі тұрмысының рухани әлеммен байланысының зерттелуі және ол туралы көзқарастар. Көшпелілер өркениетінің тарихи-саяси кеңістіктегі сипатталуы мен қабылдануы.

**Дәстүрлі қазақ қоғамының саяси, мәдени және әлеуметтік құрылымы.** Дәстүрлі қазақ қоғамының саяси, мәдени және әлеуметтік құрылымының ерекшелігі. Оның тұтастығы мен басқару жүйесінің тарихи рөлі. Дәстүрлі қазақ қоғамының саяси, мәдени құрылымының элементтерінің қазіргізаманғы дәстүрлермен сабақтастығы. Отарлық және кеңестік биліктердің дәстүрлі саяси, мәдени және әлеуметтік қырылымды трансформациялаудағы модернизациялық ықпалы. Кеңестік жүйенің

дәстүрлі қазақ қоғамының өзгеруіне ықпалы және салдарлары. Дәстүрлі қоғамдық құрылымдардың орны мен рөлін айқындаудың маңыздылығы.

**Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымы**

Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымы туралы тарихи деректер. Зерттеулердің деректік мәліметтеріне салыстырмалы талдаулар. Томағатұйық (натуралды) шаруашылық ерекшеліктері. Товар – ақша қатынастары. Қазақ хандығындағы қаржы және салық жүйесінің ерекшеліктері. Көшпеліліктен отырықшылыққа ауысудың заңдылығы және оны іске асырудың әдістері мен тетіктері. Дәстүрлі шаруашылық жүйесіне нарықтық қатынастардың енуі. Осы модернизациялық процестегі қоғамдық сананың өзгерістері. Дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық құндылықтар жүйесі.

**Қазақ хандығындағы басқару жүйесі.** Қазақ хандығының қазақ халқының этникалық тұтастығы мен идентификациялануындағы рөлі және биліктің киелілігі ұғымының орнығуы. Қазақ хандығындағы басқару жүйесінің қызметі. Хандық биліктің құрылымы –Хан кеңесі, Билер кеңесі. Дәстүрлердің ауысуы мен халықты басқару құралдарының өзгеруі. Тарихи даму кезеңіндегі билік пен басқару құралдарының ауысу себептері, қажеттіліктері мен салдарлары. Басқару жүйесіндегі дәстүрлі және заманауи әдістердің интеграциялық нұсқасы.

**Отарлық биліктің дәстүрлі қоғамдағы саяси-әлеуметтік құрылымы.** Отарлық биліктің орнығуының құқықтық-заңнамалық негіздері. Бөкей Ордасы (Ішкі Орда) қазақ жеріне отарлық реформаларды енгізудің сынақ алаңы ретінде. 1822, 1824 жылдардағы Батыс Сібір және Орнынбор қазақтарын басқару туралы Жарғылар. Орта және Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы. Рулық-тайпалық құрылымды алмастырған ресейлік үлгідегі әкімшілік-территориялық бөліністің қағидалары. Қазақ жерінің генерал-губернаторлықтарға бөлінуінің орнығуы.

Жер қатынастарының өзгеруі және оның дәстүрлі тарихи санаға ықпалы. Жерге жекеменшік институтының енгізілуі. Отарлық биліктің дәстүрлі қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайларға кірігуі және дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық институттардың модернизациялауы.

**Ұлт-азаттық көтерілістер және ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру әрекеттері.** Дәстүрлі қазақ қоғамдағы модернизациялық өзгерістердің отарлық сипатына халықтың қарсылығы. Отарлық билікке қарсы ұлт-азаттық көтерілістердің дәлелдері, осы мәселеге қатысты отандық және шетелдік зерттеушілерінің берген бағалары. Қазақ халқының ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру әрекеттерін кезеңдеу. Тәуелсіздік жолындағы күрестің қарулы және саяси күрес кезеңдері. Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы және т.б. бастаған көтерілістердің сипаты, салдары мен ерекшеліктері. Орыс отаршылығы, Қоқан хандығының езгісі. Оңтүстік өңірдегі ұлт-азаттық көтерілістердің тарихи тұлғалары: Сыздық Кенесарин, Телқожа Атығайұлы, Мұсабек батыр.

**Ақын-жыраулар шығармашылығындағы дәстүрлі құндылықтар және «зар заман» концепциясы.** Ақын-жыраулар шығармашылығындағы дәстүрлі құндылықтар және олардың қазақ қоғамының мәдени-рухани өміріндегі орны мен рөлі. Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы, Майлықожа, Мәделіқожа, Шәді Төре Жәңгірұлы және т.б. жырлары – дәстүрлі қоғам тарихының дереккөзі. Ақын-жыраулардың халықтың тұтастығын сақтаудағы атқарған рөлі, халық билігінің ауысуы. «Зар заман» концепциясындағы дәстүрлі қоғамды аңсау мен болашақты болжау сарындары. Ақын-жыраулардың «болжам өлеңдерінің» саяси-мәдени құндылық ретінде талдануы.

**ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары.** Кеңестік биліктің дәстүрлі қоғамды модернизациялауды жалғастыруы. Модернизациялық процестерде таптық-партия ұстанымдардың қалыптасуы. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік реформалардың репрессиялық сипаты. Байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүлкін кәмпескелеу, кулактарды тап ретінде жою, отырықшыландыру, ұжымдастыруды жүргізудің күштеу, мәжбүрлеу тетіктері. Көшпелі тұрғындардың ауакөшу мен ашаршылық салдарынан босқыншылыққа ұшырауы. Жаппай саяси қуғын-сүргіннің себептері мен салдарлары. Дәстүрлі қоғамның кеңестік қоғамдағы модернизациялануына қатысты тұжырымдар мен көзқарастарға талдау. Этнодеформация – дәстүрлі қоғамның билік құрылымдары мен саяси-әлеуметтік институттарын модернизациялаудың күштеу тәсілдермен іске асуы барысында апатты салдарларға ұрындырушы фактор. 20-30 жылдарындағы кеңестік реформалар дәстүрлі қазақ қоғамын күйретуші фактор ретінде.

**Рухани жаңғыру – ұлттық құндылықтарды модернизациялау концепциясы.** «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы арқылы ұлттық құндылықтарды модернизациялау концепциясының мазмұны мен болашаққа бағдарлылығы. Ұлттық құндылықтарды жіктеу және жүйелеу. Тарихи ақиқатты айқындау және оны әлемдік өркениеттегі орнын анықтау. Болашақ тарихшы-педагог мамандарын даярлауда тәуелсіз тарихи сана қалыптастыру мақсатында дәстүрлі қоғамның құндылықтарының модернизациялану тарихын оқытудың педагогикалық әлеуеті. Дәстүрлі және қазіргізаманғы ұлттық құндылықтардың кірігуі. Ұлттық құндылықтардың трансформациялануындағы қоғамға жат әрекеттерді (парақорлық, сыбайлас жемқорлық, жағымпаздық, келісімпаздық және т.б.) этнодеформациялық құбылыстар ретінде бағалау.

**Дәстүрлі қоғам тарихы және тарихи сана қалыптастыру.** Дәстүрлі қоғам тарихы және оған ғылыми көзқарастарға баға беру. Дәстүрлі қоғамның ұлттық құндылықтарының қалыптасуы, дамуы және бүгінгі қоғамның саяси, идеологиялық жүйесімен, мәдени-рухани әлемімен кірігуі. Қазіргі ұлттық құндылықтар жүйесіндегі дәстүрлі құндылықтарды модернизациялау: мүмкіндіктері мен перспективасы. Болашақ тарих педагогтарының оқу процесінде жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудағы біліктілігі мен

кәсіптік бейімділігі. Тарихшы-педагог әрекеті: дәстүрлі қоғам тарихына қатысты тарихи танымды тарихи санаға ұластыру арқылы жинақтаған білімдерді тарихи тәжірибеде қолдану.

**Дәстүрлі құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде қолдану әдістемесі.** Дәстүрлі құндылықтар туралы түсінік оның мазмұны. Дәстүрлі құндылықтарды танып, білу мен оны күнделікті тәжірибеде қолданудың тәсілдері. Болашақ тарихшы-педагогтарды даярлауда дәстүрлі құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде қолдану әдістемесінің жүйесі. Музей педагогикасының әдіс-тәсілдері. Тарихи сана қалыптастыруда қолданылатын оқыту түрлері (лекция, баяндау, мазмұндау, lesson-stady, «миға шабуыл» «сұрақ қою», деңгейлік тапсырмалар,тарихи (киелі) орындарға саяхат, экскурсия-лекция, баяндама дайындау, ғылыми жоба жасау т.б.).

**Дәстүрлі қоғам тарихы - болашақ маманның кәсіптік біліктілігі мен құзыреттілігін қалыптастырушы фактор.** Дәстүрлі қоғам тарихының мазмұнын сыни көзқараспен бағалау. Болашақ маманның кәсіптік біліктілігі мен құзыреттілігін қалыптастырушы фактор ретінде дәстүрлі қазақ қоғамының тарихын зерделеудің қажеттілігі. Тарихшы-педагогтың дәстүрлі қоғам тарихының тағлымы мен өнегесін бүгінгі қоғамның қажеттілігіне сай қолдана алу дағдысын қалыптастыру. Отан тарихының маңызды кезеңі ретінде дәстүрлі қоғам жайлы методологиялық көзқарастар әралуандылығы жағдайында танымдық пікірталастарға жауап бере алу құзыреттілігі. Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларында оқытудың әдістері мен формалары және оларды меңгеру.

**Дәстүрлі қазақ қоғамының Отан тарихындағы маңызы.** Дәстүрлі қазақ қоғамының Отан тарихындағы маңызын ұлттық идентификацияланудың өзегі ретінде бағалау. Дәстүрлі қоғам тарихындағы тағлымды және өнегелі құбылыстар мен оқиғаларды, тарихи тұлғаларды ұлттық тәрбиенің идеялы ретінде ғылыми және әдістемелік тұрғыда негіздеу, соған сай дәстүрлі мәдени-рухани ұлттық құндылықтарды жіктеу және жүйелеу. Тарихи деректерге талдау жасау арқылы қарама-қайшылықтардың себеп-салдарлы байланыстары мен даму заңдылықтарын талдау, сұрыптау, пікір білдіру және тұжырымдау.

Осындай мазмұнда ұсынылған элективті курс бағдарламасын жасай отырып, ондағы тақырыптарды «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнінің мазмұнында ақпараттарды толықтыра қарастырып пайдаландық.

Болашақ тарих пәні мұғалімдері үшін дәріс сабақтарында, семинар-практикалық сабақтар барысында тың тарихи ақпараттарды пайдалану студенттер қызығушылығын арттырып, білуге деген ынтасын күшейте түсті. Студенттердің өздік жұмыстары үшін ұсынылған тақырыптар бойынша талдаулар мен сараптама жасау арқылы баға беру, тұжырым жасау да олардың тарихи саналарының қалыптасуы мен теориялық ойлауының дамуына мүмкіндік берді.

### 3.3 Қазақстан тарихы курстарында дәстүрлі қазақ қоғамының тарихын оқытудың әдіс-тәсілдерін эксперименттік-тәжірибелік жолмен тексеру

Болашақ тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын қалыптастыру барысында мұрағат материалдарын пайдалана отырып, дәстүрлі қазақ қоғамының тарихын шынайы танып білуде бірнеше дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа алдық. Сондай-ақ тарихи құбылыстардың күрделі тұстарын түсініп, дәйекті түрде тұжырымдауды көздейтін, болашақ тарих пәні мұғалімдерінің тарихи санасы мен кәсіби қабілетін дамытатын және оларға тәрбиелік ықпалын тигізетін ұстанымдарсыз оқу үрдісінің толыққанды болмайтыны анық. Ұсынып отырған «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» атты таңдау пәнінің ерекшеліктерін негізге алып, оқыту үрдісінде басшылыққа алатын дидактикалық ұстанымдарды былайша жүйелейміз: Оқытудың ғылымилығы; Теориялық ойлау мен практикалық іс-әрекеттің бірлігі; Оқудағы ойлаудың үздіксіздігі; Оқытудың түсініктілігі мен жеңілділігі; Қиындықтың шамаға лайықтылығы; Оқытудың көрнектілігі; соңғысы оқытудағы іс-әрекет пен ішкі мотивтің бірлігі Аталған дидактикалық ұстанымдар пәнді оқу нәтижелеріне (ОН) оң ықпал етеді деп білеміз..

Таңдау курсының оқу бағдарламасын жасау, оны жетілдіру, оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуде осы ұстанымдарды басшылыққа алады. Сонда ғана болашақ мамандар пәннің ұсынатын құзыреттерін меңгеріп, тарихи оқиғалар мен құбылыстарға нақты және шынайы баға бере алатын болады.

Өткен тарихи кезеңдегі тарихи құбылыстар мен оқиғалардың ел игілігіне жасаған ықпал-әсері, оны іске асыруға үлес қосқан тұлғалар еңбегі мен ерлігі туралы ақпараттар мен оның тарихтағы маңыздылығы бүгінгі қоғамда да өзіндік ізін байқатады. Қазақ халқының болашағы мен өркендеуі жолындағы тарихтағы идеялар бастаулары бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан жағдайында жалғасын тауып жатқандығын әрбір болашақ тарих пәні мұғалімі байқауға және сезінуге қабілетті болуы тиіс. Ендеше тарихта дұрыс бағасын алмаған құбылыстарды болашақ тарих пәнінің маманы ретінде бүгінгі студент жастардың бағалай білуге қабілетті болуы осы заманғы әрекеттерімізде қажет болады. Сондықтан болашақ тарих пәнінің мұғалімдері тарихи құбылыстардың салдарын тұжырымдай отырып, болашаққа болжам жасауға құзіретті болуға тиіс.

Осылайша, біз ұсынған барлық ұстанымдар біздің зерттеуімізде өз қызметін атқарды. Эксперимент барысында біз оқытушы мен студенттер позициясын да нақтылы айқындай отырып, олардың тақырып аясындағы ақпараттарды дұрыс қабылдап, тұжырымдап, бағалауына жағдай туғызуды қажет деп санадық. Оны төмендегі кестеден көруге болады:

*№9 кесте. «Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» атты элективті курсын оқытуда студенттер мен оқытушының өзара әрекеттестік қызметінің мазмұны*

| № | Білім алуышының әрекеті | Оқытушының қызметі |
|---|---|---|
| Зерттеу | -«Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» атты таңдау пәні оқуға бастама жасайды;<br>-белсенді түрде жаңа деректерді, мұрағат материалдарын, әртүрлі авторлар зерттеген деректерді салыстырмалы талдап, зерттейді. | - болашақ мамандарда бар білімдер мен ғылыми ақпараттарды анықтайды;<br>- «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» атты таңдау пәнінің мазмұнындағы жаңа материалдар мен архивтік құжаттардың мәліметтерін ұсынады, студентті жаңа танымдың ізденістерге бағыттайды |
| Қабылдау | - Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихына қатысты қалыптасқан жаңа тұжырымдар мен идеяларды түсінуге әрекет етеді. | - болашақ тарих пәні мұғалімінің дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы туралы жинақталған ғылыми ақпараттарды түсінуіне көмектеседі. |
| Тұжырымдау | - Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы туралы бұрын айналымға шықпаған тың ақпараттарды іздеп табады;<br>- Дәстүрлі қазақ қоғамы тарихының мәнін ашатын және оның бүгінгі күнгі сұраныстарға жауап беретін байланыстарын айқындайды. | - Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы туралы тың деректерді іздестіруге студенттерді бағдарлайды;<br>- Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихына қатысты теориялық-методологиялық тұжырымдар жасай алу құзыреттілігін қаншалықты меңгергендігін анықтайды. . |

Мұндай оқытушы мен студенттер арасындағы өзара әрекет етудегі мақсаттарға жету үшін көптеген әдістер қолданылды. Олар төмендегідей етіп іріктелді.

Болашақ тарих пәні мұғалімінің «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнінің мазмұнын игеруінде қолданылатын әдістердің бірі - *қызығушылықты ояту* әдісі деп аталады. Бұл әдіс студенттердің пәнге қызығушылығын арттырудың жолдарын қарастырады және оны қолдау мүмкіндігіне жол ашады. Аталған әдісте студенттердің

зейіні бір бағытқа шоғырланады және тарихи деректерді талдау, мәселелік сұрақтардың жауабын іздестіруге аудиторияның зейінін аударады.

Пәнді игеруде қолданылуы тиіс әдістердің бірі - *тарихи деректерді зерттеу әдісі* де студенттердің өзіндік ізденіс әрекеттерімен пән мазмұнын игеруіне ықпал етеді. Оқытушы ұсынған бағдар студенттердің құжаттар мен деректерден жаңа мәліметтерді іздеп табуына ықпал етеді.

Жаңа деректер студенттерді дискуссияға, өздерінің ойларының себептерін талдау жасауға үйретеді. Мәселеге деректік талдау жасаған студенттер тарих ғылымының болжам жасау қызметіне сүйеніп, ой қорытуға үйренеді.

*Креативтік әдістер* – оқытуда студенттердің өзіндік оқу ресурстарын жасауына мүмкіндік туғызатын әдістер. Креативті әдістерді қолдану пәнді оқытуда студенттердің игерген ақыл-ой дағдыларын өздігінен қолданып, тарихи оқиғалар мен құбылыстардың себеп-салдарлы байланыстарын анықтауына ықпал жасайды.

*Пән мазмұнын игеруде қолдануға ұсынылатын әдістердің бірі түсіндіру әдісі* болып саналады. Бұл әдісті оқтушы көбіне күрделі теориялық-методологиялық мәселелерді сабағында қамтыған кезінде қолданады. Ғылым негіздерін игеріп бастаған студенттер үшін бұл тәсіл барынша түсінікті және олардың қабылдауын жеңілдетеді.

Оқытушы студент көзқарастары мен логикалық тұжырымдауынан қорытынды шығара отырып, жалпы тарихи құбылыстың бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы алатын орны мен маңыздылығына сипаттама береді. Студенттерді тарих пәнін оқыту барысында практикалық сабақтарда талқылаған тарихи мәліметтерді дамыта түсуге, ең маңызды құбылысты бірінші өздері түсіндіруге дағдыландыру қажет. Бұл студенттердің ойлау қабілеттіліктерінің дамуына алып келеді. Оқытушы пән мазмұнын ашуда ақпараттық технология мүмкіндіктерін кеңінен қолдануына болады. Ол өз алдына бөлек қарастыруды қажет тетіндіктен де бұл тәсілдерге арнайы тоқталғанымыз жоқ.

Студенттермен жүргізілетін оқу түрлерінде жиі қолданылатын тәсілдердің бірі - *жетілдіру әдісін де пән мазмұнын толық ашуда жиі қолдануға болады.* Оқытушының тікелей басшылығымен өтетін сабақ түрлерінде студенттерде қалыптасқан ақыл-ой дағдылары мен біліктіліктерін өз беттерінше жетілдіруге мүмкіндік береді. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды өзара байланыстыру арқылы олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарын ажырата алу, сипатты белгілерін анықтау арқылы студент өз білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Сабақ түрлерінің қайсысында болса да қолданылатын әдіс-тәсілдердің бастыларының бірі - *Бағалау әдісі* қолданатын әдістеріміздің қорытындылаушы түрі болып саналады. Бұл әдісте студенттер дәстүрлі қоғамның әлеуметтік құрылымы, саяси топтары мен жіктері, шаруашылық-мәдени тұрпаттары, осы қоғаның мазмұнын анықтайтын тарихи оқиғалар мен құбылыстардың мазмұнын қазіргізаманғы қоғамдық үдерістермен

байланыста қарастыра алуы, өз білімін талдау-сараптамалық қорытындылар жасауға пайдалана алу деңгейі анықталатын болады.

Бұл сатыда мұғалім тест тапсырмаларын бере алады, әр студенттің өзара түсіністік туралы өнімділігін бағалау үшін іс-шаралармен қамтамасыз ете алады.

Біз ұсынып отырған элективті курс бағдарламасы негізінде тарих мамандығында оқитын студенттермен сабақ кестесіндегі «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнында эксперимент жүргіздік. Онда «ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы кеңестік реформалар дәстүрлі қоғамды күйрету ме, әлде модернизациялау ма? «Қайшылықтары мен зардаптары» деген тақырыптағы дәріс сабағын конференция дәрісі ретінде өткіздік.

Дәріс сабағының мақсаты ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы кеңестік реформалардың дәстүрлі қазақ қоғамының дамуына немесе күйреуіне еткен әсерлерін салыстырмалы талдау жасау арқылы тарихи сананы қалыптастыруды көздеді. Ол үшін студенттерге алдын ала тақырыптарды ашатын сұрақтар беріліп, дайындалуға уақыт белгіленді. Спикерлер тағайындалып, олардың өз ойлары мен көзқарастарын баяндауы үшін 5-10 минуттық уақыт берілді. Олардың дайындап келген ғылыми ақпараттарының сапасы мен бүгінгі күннің тұрғысында берген бағаларын анықтап, сараптау үшін бағалау критерийлері айқындалып, ұсынылды. Олар:

- ақпараттың ашықтығы;
-ақпараттың толықтығы;
-ақпараттың жаңалығы;
-ақпараттың шынайылығы;
-ақпараттың қабылдауға түсініктілігі;
-уақытты тиімді пайдалану деген талаптарды қамтыды.

Спикерлермен қатар, студенттер арасынан сарапшыларды тағайындап алдық. Олар спикерлер жауаптарын алдын ала берілген критерийлер бойынша бағалап, өз көзқарастарын білдіруге дайын болуы тиіс. Ал қатысушы студенттер өздерін қызықтырған және ой туғызған мәселелер бойынша сұрақтар қойып, сабақты белсенді жүргізуге ықпал етуі тиіс. Оқытушы тарапынан сабаққа белсенді қатысқан студенттердің еңбектері мен жинақтап, зерделеген білімдері тақырып аясындағы маңыздылығына қарай бағалануы тиіс.

Студенттер тақырып бойынша реформалардың нәтижелерін талқылай отырып (индустрияландыру, ұжымдастыру т.б.), оларға сипаттама берді. Теориялық сабақтарда алған білімдерінен тыс ақпараттар жинауға студенттердің аса бір қызығушылықпен қатысып, дайындалғанын байқау қиын емес. Әр спикер өз тараптарынан жаңа ақпараттар беруге тырысып бақты. Студенттердің дәріс тақырыбы бойынша ойларын білдіру логикалық біріздікте баяндалды.

Элективті курс бағдарламасының тақырыбына сай семинар-практикалық сабақтарды өткізу өз нәтижесін көрсетті. Семинар тақырыбы:

«Дәстүрлі қоғам және тарихи сананы қалыптастыру» болды. Семинар сабағының мақсаты дәстүрлі қазақ қоғамының тарихи сананы қалыптастыруға ықпалын дәлелдеуді көздеді. Дәріс сабақтарында алған білімдерін пайдалана отырып, студенттердің тарихи санасын қалыптастыру, оқудан теориялық ойлауға көшіру және өздігінен дамуға жетелеуді міндетімізге алдық. Ол үшін семинар сабағын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдеріне сын тұрғысынан ойлау мен Блум таксономиясының талаптарына сай жүргізуді жөн көрдік.

Сабақта қойылған сұрақтарды талқылау нәтижесін бағалау үшін де арнайы алдын-ала дайындалып әкелінген бағалау критерийлерімен студенттерді таныстырып алдық.

Студенттер топтық жұмыста тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуына қол жеткізді. Блум таксономиясының етістіктері бойынша студенттер «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «бағалайды» дегенк езеңдері бойынша жұмыс істеп, қойылған міндеттерді шешуге талпынды. Мұндай іс-әрекет,

- студенттердің сөз саптау еркіндігін, ұйымшылдығын, шығармашылық белсенділігін арттырып, топпен жұмыс жасауда ізденімпаз болу қабілеттерін шыңдайды.
- студенттерді алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға, өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға жетелейді.

Жоғарыда көрсетілген кезеңді іс-әрекет барысында студенттерге тақырып бойынша жоба қорғау тапсырмаларын да беріп отырдық. Жобада ұжымдық (командалық) жағдайда іске асады. Студенттер постер жасап, кубизм стратегиясы бойынша таңдалады. Сыни тұрғыдан ойлау бойынша жалпылау, ерекшеліктерін айқындау, тұжырымдау, талдау арқылы өз пікірін дәлелдеп, жаңсақ пікірлерге қарсы пікір айтып, оны дәделдеуді үйренеді.

Іскерлік ойындар элементтерін пайдалану, алдын-ала дайындалған проблемалық сұрақтарды тақырыпқа сай беру студенттердің тарихи мәліметтерді игеруге деген қызығушылығын арттыра түсті. Олар сабақ барысында өзара пікір алмасады, ақпарат көздерін мақсатты пайдалана алуды үйренеді. Осылайша, топтың ортақ пікірі қалыптасады, көшбасшылық қабілеті дамиды. Әр студенттің жауабы мұқият талқыланып, ортақ көзқараспен бағаланады. Топтық жұмыста бірлескен іс-әрекет, қарым-қатынас студенттердің кәсіби тілде сөйлеуге, тыңдай білуге, басқалардың пікірлерін ескеруге үйретеді, нәтижесінде семинар сабағының сапасын дәлелді жүргізуге оң септігін тигізеді. Осылайша, студенттер топта ынтымақтаса отырып, қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдарымен алмасуға, барынша белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

Семинар сабақтарындағы білімді қабылдау мен соңғы нәтижеге қол жеткізу механизмінің іске асырылу логикасын төмендегідей суретпен көрсеттік. Студенттерге негізгі ойды тұжырымдау үшін төмендегідей схема бойынша жүргізу керек.

Сурет1 Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау мазмұнын оқу барысында қолданудың тетіктері




Эксперимент барысында студенттердің өздік жұмыстарды орындауы олардың дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы мен модернизациялану үрдісін жақсы түсінуге дағдыларын қалыптастыруға оңтайлы әсер етті. Өйткені, өздік жұмыс тапсырмаларын орындау арқылы студенттер ізденушілік, ақпараттарды сараптау, тарихи мәліметтерді іріктеу мен таразылау, зерделеу және бағалау әрекеттерін жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде дәріс сабақтарының мазмұнын толықтырып, семинар-практикалық сабақтарға деген дайындығының сапасын арттыра түседі.

Бұл лекция болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқытудың қолданбалық маңызын ескере отырып, тарихи деректер арқылы осы пәнді дамытуға арнайы жасалған әдістемелік жүйе (оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешендер) негізінде жүргізілді.

«Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбына тарих мамандығының II курс студенттерімен дәріс сабағын өттім. Сабақтың мақсаты «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқытуда дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістердің себеп-салдарларын түсіндіру.

Дәстүрлі қазақ қоғамы тарихын сипаттауда дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, елді басқару ісі, қоғамдық құрылысы, билік институттары жайлы мәлімет беретін тарихи деректер сипатталды. Қазақ-Ресей қарым-қатынастарындағы Ресей империясының ықпалы, дәстүрлі

қоғамды трансформациялау процесі қарастырылды. Бұрынғы кезде мән-мағынасы бұрмаланып келген дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы туралы ғылыми көзқарастарды тарихи деректерге сүйене отырып, тақырыпты тарқатқан кезде студенттер арасында әртүрлі ой-пікірлер пайда болды. Сонымен қатар, Қазақ хандығының дәстүрлі басқару жүйесі, Қазақ ханы және сұлтандар, халықтың әлеуметтік құрылымы жайлы мәліметтер айтылды. Дәстүрлі қазақ қоғамының даму тарихын Әбілқайыр хан, Абылай хан және т.б. тұсындағы дәстүрлі билік құрылымдары қарастырылды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы талқылау дәстүрлі қазақ қоғамының модернизациялау тарихына деген қызығушылығын тудырып, осы тақырыпты ғылыми-шығармашылық тұрғыдан зерттеуге бет бұруға ынтасы артты.

Отаршылдық кезеңінде дәстүрлі қоғамның саяси-әлеуметтік және экономикалық институттарын модернизациялау процесінің іске асырылу тарихы туралы талқылау кезінде студенттердің пәнге деген қызуғышылығы артты. Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихындағы өзгерістерді сабақ барысында игеруде студенттер тарихи деректермен жұмыс жасап, дәстүрлі қоғам тарихына байланысты шынайы мәліметтермен бетпе-бет келді. Өйткені, ұсынылған тақырыптар аясында тың деректерді қолдану арқылы жас ұрпақ бойында ұлттық мемлекеттілікке жаңа көзқарас қалыптасты. Осы жағдайда тарихи деректердің қолданбалық маңыздылығы әдістемесін жетілдіру міндеті алдан шығады. Қарастырылған мәселелер бойынша біраз зерттеулер бар болғанымен тарих ғылымында бұл мәселеге көп көңіл бөлінбей келгеніне көзіміз жетті. Дәстүрлі қоғам тарихына арналған зерттеулер болғанымен тақырыпты игеруде модернизация теориясының қолданылмауы, Қазақстанның жаңа және қазіргі заманғы тарихын оқытудың оқу-әдістемелік кешенінің бар болғанымен, дәстүрлі қоғамның модернизациялануының тарихының оқу–әдістемелік кешенінің болмауы көрініс тапты.

Практикалық сабақ барысында оқытушы мен студенттер арасындағы өзара әрекет етудегі мақсаттарға жету үшін көптеген әдістер қолданылды. Олар төмендегідей етіп іріктелді:

- тарихи танымдылық
- ғылыми-танымдық
- сыни талдау
- креативті ойлау

Сабақ барысында қазақ мемлекеттілігінің құрылу, даму және күйреу процесстерін ашу, қоғамдық құрылысын, шаруашылық типтері қарастырылды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы XIX ғасырдың II жартысындағы әкімшілік Ережелердің енгізілуі, облыс, уезд, болыстық, ауылдар құрылуын, құрамын, көлемі туралы мәліметтер жинақталды. Дәстүрлі билік жүйесіндегі өзгерістер, көшпелі ауылдардың жайылымдық жерлерінің тарылуы, олардың байырғы мерзімдік қоныстарындағы шұрайлы жерлерді қоныстанушылар есебіне беруі туралы айтылып өтті.

Зерттеу мен талдау. Тапсырма-топтық жұмыс бойынша жүргізілді. Сабақ барысында «Ақпаратты талдайық» әдісі арқылы студенттерге алдын-ала қысқаша мәлімет берілді. І топқа «Дәстүрлі қазақ қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымы» тақырыбы берілді. Мәліметте дәстүрлі қоғамның әлеуметтік топтарға жіктелуі билеуші топ – ақсүйектер, хандар, сұлтандар, төрелер мен діни элита өкілдеріне және төменгі топ – билер, рубасылары, ақсақалдар, батырлар, қарапайым халықтың дәстүрлі қоғамдағы алатын орны мен атқаратын қызметін жіктеу тапсырмалары қамтылды. Топта өзара талқылау арқылы дәстүрлі қазақ қоғамы қандай әлеуметтік топтарға жіктелгенін анықтады. Оларға кірген әлеуметтік топтарды анықтап, атайды. Тақырыпты мазмұндап оқу және «Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері» ой-толғаныс арқылы жазу тапсырылды. Ру, тайпа, жүз, ата-жұрт, ата-мекен, шежіре, ақсүйек, қарасүйек, хан, сұлтан, би, батыр. Ру-тайпалық бірлестіктің қоғамдағы рөліне баға беріп, «Ру» ұғымы, рулық құрылымның функционалдық қызметінің маңыздылығы және қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлі анықталды.

ІІ топқа «Дәстүрлі қоғам және отарлық билік» тақырыбын тарқату тапсырылды.

Қазақ Ресейге бодан болған алғашқы кезеңде (1731-1822 жж.) хандық билікті жою, олардың миссиясына айналды. Батырлардың беделі төмендеді. Қазақ жеріне ене бастаған орыс казактары хандықтың көшіп-қонуын шектеді, оның малын барымталады. Патша өкіметі қазақтың сұлтандарына, билеріне, батырларына шен-шекпен үлестірді де, оларды өкімет пен халық арасындағы үстем тап етіп қалыптастырды. Қазақ даласына енгізген саяси реформалар бойынша сот жүйесінде де үлкен өзгерістер болды. Онда қазақ жеріне Ресей заңдарын енгізуді мақсат тұтты. Дәстүрлі қазақ қоғамына тамырына балта шабылды. Студенттер өз ойларын ортаға салып, пікірталас қызықты орын алды. Бұл мәліметтер Қазақстан тарихы пәні бойынша оқытылады. Сондықтан студенттер бұл тақырыпты тереңінен аша алды.

ІІІ топ «Дәстүрлі және қазіргі қоғам» тақырыбы таңдалып алынды. Талдау барысында дәстүрлі қазақ қоғамына тән айрықша белгілерін анықтады. Тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, айырмашылықтарын келтіре білді. Олар жоғарыда келтірілген мәліметтерді айта отырып, қазіргі кездегі дәстүрлі қазақ қоғамының қайта жаңғыртылуы керек екендігін атап өтті. Отандық, шетелдік тарихшылардың мәліметтерін жинақтап салыстыра отырып, көшпелілердің өркениетке қосқан үлесінің

маңыздылығын зор екендінін білді. Өзара пікірлермен алмасып, ортақ пікір жасай алды. Ұсыныстарын келтіріп, тақырып бойынша ой түзіп, дерек жайлы мәліметті нақтылай түсті.

Тарихи деректермен жұмыс жасауда оның қолданбалық бағдарлылығын үш деңгейге сүйене отырып дамытуға болады:

1. Дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты тарихи оқиғалар жайлы мәлімет жинақтауға негізделген қарапайым деңгей
2. Тарихи деректерге терең талдау жасап, топтарға бөліп, сыни көзқарастың қалыптасуына жол ашатын деңгей
3. Білім алушының іс-әрекеті пікірталас пен зерттеу түрінде ұйымдастырылған кезде тарихи деректермен еркін жұмыс жасауға бағыттайтын шығармашылық деңгей.

Зерттеушілік әдісін қолдана отырып, мынандай зерттеу сұрақтары жүйеленді:

- Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістер.
- Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?
- Дәстүрлі қоғамның модернизациялық процестерінің қалай іске асқандығы жөнінде зерттеулерден тың тұжырымдарын табу.

Семинар тақырыптарына сай таңдау пәнінің мынадай мазмұны ұсынылады:

- Тарихи деректегі мәліметтерді нақты орын алған саяси оқиғалар мен болуы тиіс нұсқаларға бөліп қарастыру
- Тарихи деректің мәтіні бойынша жинақталған деректер авторларының оқиғаға қатысты көзқарасын анықтау
- Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихына қатысты жазба және басқа да деректерді салыстыра отырып, түсінік беру

I деңгей тапсырмалары

II деңгей тапсырмалары

III деңгей тапсырмалары

Осы аталмыш үш деңгейге сүйене отырып, тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту мақсатында танымдық тапсырмалар мен өзіндік жұмыс тақырыптары жүйеленді.

*I деңгей тапсырмалары*

1. Қазақ хандығы құрылуы кезеңінде орын алған саяси жағдайлар мен экономикалық дамуы жайлы алғашқы мәліметтерді жинақтау
2. Әкімшілік бөліністер: губернаторлық, облыс, уезд, болыстық, ауыл. Мәліметтерді реформаға дейінгі және реформадан кейінгі жағдайын бір-бірінен айырмашылығы көрсету.

Өйткені, қазақ жерінің отарлануы дәстүрлі қоғамның модернизациялауының бастауы ретінде, ал кеңестік биліктің ауылшаруашылық реформалары дәстүрлі қоғамның күйреуіне ықпал етуші фактор ретінде қарастырылады.

Студенттердің І деңгейдегі өздігінен атқаратын жұмыс түрлеріне байланысты мынадай кесте қолдандық:

XVIII-XX ғғ. қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарының өзгеруі қандай саяси оқиғаларға байланысты болды?

– Төменде көрсетілген екі дерек арасындағы байланыс қандай?

– Аталмыш деректерді сараптай келе қандай тарихи оқиғаның орын алғандығын анықтауға болады?

Жазба деректер

«Еуропоцентристік және нәсілшілдік тұрғыдан жазылған И.Г.Георги, И.П. Фальк, П.С. Паллас қазақтарға «жабайы», «тағы» халық деп қарап, оларды «тобырлар», «бұзықтар» (П.И. Рычков) деп атады.

В.В.Бартольд еңбектері арқылы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көне дәуірден бастап-ақ өзінің тарихы, мәдениеті болғанын ғылыми түрде негізделді.«Қырғыздардың тарихи очеркі» еңбегінде В.В.Бартольд қазақтарды күштеп отырықшылыққа отырғызу дұрыс еместігі жөнінде тұжырым жасады.

Архивтік деректер

Ашаршылықтан, отаршылдық езгіден зардап шеккен миллиондаған жұмысшы адамдар социалистік мағынадағы «инновацияларды» қабылдауға мүлдем дайын болмады. Дәстүрлі өмір салтын күрт бұзу, шешуге мәжбүрлеу, мәжбүрлеп ұжымдастыру, иеліктен шығару және тәркілеу, ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік сатып алу саясаты оларды аштықтан өлім алдында тұрған адамдарды Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдастырылған әрекеттерге итермеледі. Кең көшпелілер қозғалысы республиканыңкөптеген аймақтарындағы халықтың қарулы қарсыласуымен қатар жүрді.

- Жазба дерек авторы, жарияланған орны, анықталған уақыты

- Қарастырылатын тақырып немесе оқиға жайлы деректің мәліметтік құндылығы

- Жазба деректің қай түріне жатады?

Архивтік дерек жайлы мәлімет

- Қарастырылатын тақырып немесе оқиға жайлы деректің құндылығы

- деректің хронологиялық кезеңдеу типологиясын жасау

2. Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихына қатысты орын алған саяси оқиғаның себеп-салдарын, белгілерін анықтау

3.Тарихи деректен алынатын мәлімет жайлы белгілі бір ұстанымға сүйене отырып, студенттің өздігінен ой-тұжырымдауы

3. Белгілі бір тарихи оқиғалар жайлы мәлімет алуға болатын жазба дерек түрлерін анықтау

4. Деректен анықталған мәліметтің түйінді ой-тұжырымын анықтау

6. «Тарихи деректегі негізгі ой мен тарихи оқиға» атты тақырыпта таблица түзіп, дерек жайлы мәліметті нақтылай түсу

7. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән айрықша белгілерін анықтау мақсатында жазба деректердің мәліметтеріне сүйене отырып, жұмыс жасау

8. Дәстүрлі қазақ қоғамы тарихының отарлық сипаты мен мазмұнын анықтауда жазба деректерді салыстыра отырып, қорытынды жасау

9. Тақырыпты нақтылау мақсатында отандық және шетелдік тарихшыларының деректерін салыстыра отырып, талдау жасау

10. Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихына қатысты тарихи деректерде берілген мәліметтердің шынтуайттылығына баға беру

Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихына қатысты тарихи оқиғалардың мән-мағынасын анықтау, нақты материалдармен толықтыру мақсатында реферат, ғылыми мақала дайындау тапсырылды.

*ІІІ деңгей тапсырмалары*

Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық-бағдарлылығын дамыту мақсатында мынадай шығармашылық тапсырмалар орындалуы тиіс:

1. Кез келген тарихи деректің тарихи таным мен білім қалыптастырудағы қажеттілігін анықтау мен еркін классификациялау
2. Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихын оқытуда туындаған кез келген мәселелерді жазба және архивтік деректерді салыстыра отырып, талдау әдісін пайдалану
3. Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихындағы орын алған тарихи оқиғалардың себеп- салдарларын болжамдау
4. Тарихи деректерге сүйене отырып, дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихына қатысты оқиғалардың өзіндік дәлелдемелерін жинақтау
5. Тарихи деректерге сүйене отырып, дәстүрлі қазақ қоғамы тарихына қатысты пікірталасқа қатысу
6. Жазба және архивтік деректерді пайдалана отырып, дәстүрлі қазақ қоғамының тарихын трансформациялау

Тұжырымдай келе, арнайы бағдарлама мазмұны негізінде тарихи тың, шындыққа негізделген ақпараттарды жүйелі түрде оқыту арқылы болашақ тарих пәні мамандарының тарихи санасына оң әсер етуге және ақиқатты білуге деген қызығушылығының артуымен байланысты білім алуға деген ұмтылысын арттыруға мүмкіндік алдық.

Эксперимент соңында біз зерттеудің диагностикалық кезеңінде алған сауалнаманы қайта жүргізгенімізде нәтиженің өзгергенін байқадық. Бұл біздің тараптан ұсынылған оқу курстары мен жаңа тың тарихи деректер студенттердің білім мен тарихи ақпараттармен қарулану қызығушылықтарына оң әсер еткенін көрсетті. Нәтиже төмендегі кестедегідей болды.

*№9 кесте. Соңғы сауалнама нәтижелері*

| /с | Сұрақтар тізімі | Сұрақтардың варианттары | % |
|---|---|---|---|
| 1 | Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнінің мазмұны қандай мәселелерді қарастырады? | а) Қазақ жерінің Ресей отарына айнала бастаған кезеңінен бастап XX ғ 30 жылдарына дейінгі тарих | 91 % |
| | | ә) Ресей империясыныңқазақ даласына саяси-экономикалық реформаларын жүргізу мәселелері қарастырылды | 2 % |
| | | б) Көшпелі қазақ халқының мал шаруашылығының ерекшеліктері, ру-тайпалардың көшіп-қонуы мен жайылымдары туралы мәліметтер | 7% |
| 2 | Дәстүрлі қазақ қоғамы тарихына байланысты ақпараттар оқу барысында толық қарастырылған ба? | а) толық қарастырылған-иә | 9% |
| | | ә) толық қарастырылмаған-жоқ | 78% |
| | | б) өз ойың | 13% |
| 3 | Қарастырылған тақырыптардағы дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты ақпараттарды толық білесің бе? | а) толық білемін | 41% |
| | | ә) толық білмеймін | 56% |
| | | в) өз ойы | 3 % |
| 4 | Дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты ақпараттардың шынайылығына көзіңіз жете ме? | а) жоқ | 19% |
| | | ә) ия | 81% |
| | | в) жауап беруге қиналамын | 0% |
| | Дәстүрлі қоғам кезеңіндегі Отан тарихын жаңа форматта оқуды қолдайсыз ба? | а) иә | 84% |
| | | ә) жоқ | 8,8% |
| | | в) өз ойыңыз | 6,8% |
| 6 | Ұлттық құндылықтардың трансформациялануы (өз кейпінің өзгеруі) қандай себептерге байланысты орын алды деп есептейсіз? | а) еуропоцентристік идеяларының ықпалынан | 39,2% |
| | | ә) қоғамның ассимиляциялануынан | 1,6% |
| | | б) маркстік-лениндік ілімнің ықпалы | 58,3% |
| | | в) өз ойыңыз | 1 % |
| 7 | «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқытудың «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнын жетілдіруде айтарлықтай ықпалы болады ма? | а) бұл пән дәстүрлі қазақ қоғамының тарихын білу үшін | 47% |
| | | ә) Қазақстан тарихын дамыту үшін<br>б) өзін-өзі дамыту үшін | 45% |
| | | в) өз ойыңыз | 8% |
| 8 | «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқыту тарихшы-педагог даярлауда білімнің сапасына әсері кандай? | а) толықтай әсері бар | 75% |
| | | ә) айтарлықтай жоқ | 3% |
| | | б) мән бермеппін | 9% |
| | | в) білмеймін | 13% |
| 9 | Қазақстан тарихын жаңа көзқараста қарастыруға байланысты «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәні оқытылуы керек пе? | а) иә | 96% |
| | | ә) жоқ | 0% |
| | | в) өз ойыңыз | 4% |

«Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» таңдау пәнін оқу үрдісіне енгізуге қатысты жүргізілген қорытынды сауалнаманың нәтижелерін диаграмма түрінде ұсынамыз.

Диаграмма №10




Диаграмма 10 - студенттердің «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқыту қажеттілігі анықтау сауалнамасының нәтижелері (тәжірибелік топ бойынша). Диаграмма түсінікті болуы үшін оның көрсеткіштерін кесте түрінде ұсынамыз.

| /с | Көрсеткіштер | жауаптары | 2021 ж. | 2022 ж. | Айырмашылығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қарастырылған тақырыптардағы дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты ақпараттарды толық білесің бе? | Толық білемін | 49 % | 41 % | 8% |
| | | Толық білмеймін | 51 % | 56 % | 5 % |
| | Дәстүрлі қазақ қоғамына | ия | 81 % | 81 % | 0 % |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | байланысты ақпараттардың шынайылығына көзіңіз жете ме? | жоқ | 19 % | 19 % | 0 % |
| 3 | Дәстүрлі қоғам кезеңіндегі Отан тарихын жаңа форматта оқуды қолдайсыз ба? | ия | 94 % | 84 % | 10% |
| | | жоқ | 4 % | 8,8 % | 4,8 % |
| 4 | Қазақстан тарихын жаңа көзқараста қарастыруға байланысты «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәні оқытылуы керек пе? | ия | 96 % | 96 % | 0 % |
| | | жоқ | 4 % | 4 % | 0 % |

Кейбір сұрақтарға өз ойын білдірген студенттер де болды. Қарастырылған тақырыптарда «Дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты ақпараттарды толық білесің бе?» сұрағы бойынша -3% өз ойын білдірген.

Сауалнама нәтижелерін осы көрсетілген мәліметтерін көрнекілік үшін диаграмма түрінде де ұсындық (Диаграмма №10).

